

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Орталық мемлекеттік мұрағат

Телжан Шонанұлы

Бес томдық шығармалар жинағы

Оқу құралдары, оқулықтар

1

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз
Ш 79

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылды*

Жауапты редакторлар:

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Р.Сыздық
ҚР ҰҒА корр. мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Д.Қамзабекұлы
Құрастырып, түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы
О.Жұбаева

Жауапты шығарушылар: техника ғылымдарының кандидаты
Р.Ниязова, Ә.Әбсаттар

Шонанов Т.

Ш 79 Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы:
– Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2015.

ISBN 978-601-7822-26-2
Т. 1. – 2015. 248 б.
ISBN 978-601-7822-27-9

Бес томдық шығармалар жинағының бірінші ХХ ғасырдың басындағы қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан томына алаштың көрнекті қайраткері Телжан Шонановтың «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933) атты еңбектері еніп отыр. Еңбек тіл білімі мәселелерімен айналысып жүрген мамандарға, филология факультеттерінің студенттеріне, докторанттар мен магистранттарға, жалпы көпшілік қауымға арналған. Телжантану бағытындағы зерттеулер енді қолға алына бастауына байланысты жинақ зерттеушілердің ізденістеріне жол ашады деген сенімдеміз.

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз

ISBN 978-601-7822-27-9 (орт)
ISBN 978-601-7822-26-2 (Т.1)

© Мемлекеттік тілді дамыту
институты, 2015

Телжан Шонанов
(1894-1937)

Тәуелсіздік заманның бет-бейнесін өзгертетін жасампаз құбылысқа айналып, ұлттық құндылықтарымызды танып-білуге мүмкіндік берді. Ұлттық рухты серпілтіп, жандандыруда ұлттық дүниетаным қалыптастырып, ұлттық сананы оятуда, ұлттық тіл білімінің дамуы жолында аянбай еңбек етіп, өзіндік үлес қосқан, кейін репрессиялануына байланысты еңбектері аталмай қалған ғалымдар мұрасының ғылым дамуындағы орнын айқындаудың маңызы зор. Қазақстанның бүгінгі жай-күйін және келешектегі даму бағытын сөз еткенде, өткен тарихын да әрдайым есте ұстап, тарихтан тағылым алған абзал. Бұл орайда, әсіресе ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанда орын алған саяси-әлеуметтік фактор ел зиялыларының ұлт мүддесі жолында бірігіп, қазақ тілін бағдарға ала отырып, бірлесе еңбек етуінің жарқын үлгісі болды. Ұлттың қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтары адамзат тарихының көшінен қағаберіс қалып, бейқам жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздеді. Одан шығудың бірден-бір негізгі жолы өнер-білімге тартылып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылу деп білген зиялылар қалың бұқараның арасында ағартушылық идеясын, ұлттық сананы көтеру идеясын ұстанды. Бұл жолда ұлттық мәдениеттің, әсіресе тілдің алар орны ерекше болатынын терең түсінді. Осыған байланысты ұлт көсемі А.Байтұрсынұлы: *«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз»*, – деп жазды. Ендеше, Қазақстанның болашағы қандай болуы керек? деген мәселеге келгенде, осы ұстанымдарды басшылыққа алу керек. Елбасы Н.Назарбаевтың: *«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»*, – деген сөзінде терең мән бар. Яғни қоғам дамуындағы сабақтастық, ұлттық идеяның әрдайым тілмен байланысты екендігі, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ой-тұжырымдарымен үндестік, сол идеялардың жасампаздығы, дамуы байқалады.

Соңғы жылдары ғылыми танымда ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ұлттық тіл білімінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбектеріне ерекше көңіл бөліне бастады. Қазақ тіл білімінде жаңадан қалыптаса бастаған когнитивті лингвистика, антропоэктілік бағыт сияқты жаңа үдерістер ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің көш бастауында тұрған ғалымдардың еңбектерінен басталады. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар мен А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Қ.Басымұлы сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектерінің арасындағы сабақтастық осы кезенді зерттеуді қажет етіп отыр.

ХХ ғасырдың 20-30-жылдары қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар, қазақ тілін грамматикалық тұрғыдан сипаттау қоғамда үлкен талас тудырып, басылым беттерінде жиі көрініс тапқан кезең болды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени

дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ зиялылары ана тілінде оқулықтар жазып, сөздіктер шығарып, аударма ісімен айналысып, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға күш салды, халықтың сана-сезімін оятып, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етті. Ұлттық тілді ұлтты, қоғамды дамытудың, ілгері бастырудың құралы ретінде пайдалана отырып (А.Байтұрсынұлының оқу құралдарының аты да «Тіл – құрал» деп аталды), халықтың санасына әсер етуге тырысты.

Аз ғана ғұмырында соңына өлшеусіз мұра қалдырған ғалымдардың бірі – Телжан Шонанов. Қайраткер 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов бастаған демократиялық бағыттағы алаш зиялыларына қолдау көрсетті. 1917 жылғы ақпан төңкерісі кезінде ұлттық автономия құруға атсалысты. Телжан Шонанов 1917 жылы екінші жалпықазақ съезінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Е.Омаровтармен бірге Алашорда үкіметінің жанынан құрылған оқу комиссиясының құрамында болған. Сондай-ақ Халық ағарту комиссариаты жанындағы академиялық орталықта қызмет еткен, 1924 жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне, Қазақ АССР ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне, Қазақ АКСР ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне, 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылар съезіне т.с.с. қатысты. 1929 жылы 2-4 шілдеде Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияға төрағалық етті т.с.с. Латын әліпбиін насихаттайтын республикалық комитеттің құрамында болды.

1926-29 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында қызмет етті, Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институтында, Қазақ мемлекеттік университетінде оқытушы, доцент болып еңбек етті, оқулықтар, оқу құралдары мен оқу бағдарламаларын құрастырды. Ғалым орыстарға қазақ тілін меңгерудің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды, әліпби, емле, терминология, грамматика, стилистика, текстология бойынша еңбектер жазды. Білікті әдіскер А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбаевтармен бірігіп оқу құралдары мен оқулықтар жазды. Ғалымның «Самоучитель русского языка для русских» атты еңбегі көп жылдар бойы оқытылып, негізгі оқу құралдарының бірі болды. Оқу әдістемесіне байланысты «Оқыту әдісі мен програм жолындағы дамуымыз» («Жаңа мектеп». 1927, N10); «Диаграмдар, графиктер қандай болады, қалай салынады?» (Қызылорда, 1929); «Жаңалыққа» жетекші (Қызылорда, 1929); «Сауаттан» (Қызылорда, 1929) т.с.с. еңбектері жарық көрді.

Телжан Шонанов – тіл білімінің бірнеше саласы бойынша еңбектер жазған білікті ғалым. Л.Толстой (Күн //«Жас қазақ». 1923, N4), А.Богданов (Тұрмыс жүйесі білімінің қысқаша курсы. Орынбор, 1924), Каминский (Ауылдағы кооперация туралы. Орынбор, 1925), Н.Крупскаяның (Ауыл арасында саяси-ағарту жұмысы. Орынбор, 1925) т.с.с. еңбектерін аударумен қатар жазу, емле, терминология (Терминдер туралы //Бюллетень гос. терминологической комиссии при КазН КП. 1935, N4); Тағы да терминдер туралы //Социалистік Қазақстан. 1935, 20 май) мәселелерімен де айналысқан. Ғалым термин сөздерді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бағындырып жазу керектігін айта келіп, негізгі ұстанымдарын көрсеткен (Шет сөздер імлесі жайында // Еңбекші қазақ. 1929, 25 март, 26 март).

Қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы Телжан Шонановтың бір топ еңбегі өлкетану, жер мәселесі, география, қазақтарды қоныстандыру, отырықшыландыру, жер бөлу мәселелеріне арналған. Қайраткер 1923 жылы «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» мүшесі, 1926-28 жылдары «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамында» тарих-этнография секциясының төрағасы болды. Т.Шонанов – «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты еңбектің авторы.

Ұсынылып отырған жинақта Т.Шонановтың ХХ ғасырдың басында оқытылып, бірнеше рет жарық көргенімен, ғалымның репрессиялануына байланысты кейін шықпай қалған оқулықтары, оқу құралдары, аудармалары, мақалалары, мұрағат деректері беріледі. Соңғы жылдары әліпби алмастыру мәселесі қолға алынуына, сол себепті емле мәселесінің жанданып, *у*, *и* дыбыстарының таңбалануында, шет сөздердің игерілуіне қатысты көптеген таластардың өршуіне байланысты ХХ ғасырдың 20-30 жылдары бұл мәселе қай бағытта өрбігенін көрсету мақсатымен Телжан Шонанов еңбектерінде қосар дыбыстарды таңбалауда, шеттен енген сөздердің берілуінде, сөздердің бірге, бөлек жазылуында түпнұсқаны сақтауға тырыстық (сөз соңындағы *п* дыбысының орнына *б* келетін тұстардан басқа жерлерде). Болашақта ғалымның қазақ тіліндегі еңбектерімен қатар мұрағат қорлары мен сирек қолжазбалар бөлімінен табылған еңбектерін толық қамтып, толық шығармалар жинағын шығаруды мақсат етеміз.

Қазіргі кезде ғылыми білімнің даму заңдылықтарына ерекше мән берілуіне байланысты жаңа концепциялардың пайда болу жолдары арнайы зерттеуді қажет етіп отыр. Антропоэзектік бағыттағы ізденістер жеке тұлғалардың тіл білімінің дамуындағы, ғылым тарихындағы орнын айқындауға бағытталған. Осыған байланысты жаңа бағыттардың қалыптасып, дамуына байланысты ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы зерттеушілердің ой-тұжырымдарына басқа қырынан үңіліп, қайта қарау қажет. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы мектеп грамматикасы мен ғылыми грамматикалардың арақатынасын сипаттау қазіргі кездегі ғылыми теориялардың талаптары үдесіне сәйкес келе бермейтін қазақ тілі оқулықтарының мазмұнын сын тұрғысынан қарастыруға да мүмкіндік береді. Орта мектеп оқулықтарының негізінде логика-грамматикалық, құрылымдық-грамматикалық теориялардың өзара қатынасын талдау арқылы лингвистика ғылымы мен оқулықтар арасындағы байланысты жандандыруға, қазіргі қазақ тілі ғылымының даму үдерістеріне сәйкес баламалы қазақ тілі оқулықтарын құрастырып, бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие болып отырған қазақ тілді сөйлермендердің лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруға жол ашады.

Еліміздің ертеңі туралы ой қозғап, ұлттық қоғам құруды мақсат еткен қазіргі кезде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінен тағылым алар тұстары, үлгі, тәжірибе боларлық дүние мол. Алаш зиялыларының ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы күресі егеменді Қазақстан үшін тағылымы мен ғибраты мол жол болмақ. Алаш зиялыларының азаттық жолындағы істерінің байыбына барған сайын бүгінгі тәуелсіздігіміздің мәнін сезінеріміз анық.

Орынай Жұбаева
филология ғылымдарының докторы

♦ ♦ ♦ Қазاق оқу кеме сөзбейтіннің білім ордасы ♦ ♦ ♦

Чер жүзіннің көпешелері, беріктерге!

Шононов Т.

Шонан Ұлы Төл-жан.

Шала сөзбейтіннің ермеге
шунан

Шала сауатты ерме ктер мұшын

Оқу құралы.

Оқу құралы

Шононов Т.

ХРЕСТОМАТИЯ
Для малолгр. Верслых

ОБМЕН

ТИПОГРАФИЯ КАЗАКСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ИЗДАТЕЛЬСТВА.
Г. КЫЛ-Орда, 1926 г.

ПОЛУЧЕНО
1926
5

16265a

Қазақ оқыу кемесіесінің білім ордасы
Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіндер!

Шала сауатты ересектер үшін ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Шонанов Т.
Хрестоматия для малограмотных взрослых

Типография Казакстанского государственного издательства
г. Кзыл-орда, 1926

Жазыушыдан

Бұл кітап сауатсыздықты жойатұн алты айлық мектепті бітірген, шала сауаттылар мектепте оқитын ересектерге арналып жазылған. Кітап, қолдан келгенше, комплекс жолымен жазылған. Комплекске келерлік ірі теме жеті: мал бағу, егіншілік, кәперетсіе, саяси сауат, Ленин өмірі мен ісі, төңкеріс мыйрамдары, есеп білдіргіш. Бұл ірі темелерді ұсақтап бөлуге де келеді. Әр теменің ішінде керекті жерлерінде есеп, табиғат тану жайынан мағлұматтар қыйыстырылып отырады. Сонда да кітабымыз таза комплекс жолына дәл үйлеседі дей алмаймыз. Оған түрлі себептер болды.

Шала сауаттыларға қымбаты із – жолын білу (справочное) мағлұмат; қарта тану, пылан, масштабтарды жақсы білу. Қарта сықылды нәрселерді салуға текнйке жағы көтермейтүн болы. Кітап тым қымбатқа түсетүн болды. Сондықтан жағырапиядан алғашқы мағлұматы мұғалім үйретер деп ойладық. Класта ілуге Қазақстан қартасы быйыл басылып шығады. Кітапта жер-су аттары кездескен сайын, сол қартамен мұғалім соларды іздеп оқыушыларға таптырып отыру керек: мың жер атын білгеннен бір жерді қартадан таба білу артықтығын мұғалім есінде тұтсын. Сандар кездесе, есептетіп, диағырамдар салдырып отыру керек. Сандардан тұрмысқа керек қорытыу шығарып отыру керек.

Кітап қарамы кішкенелігінен керекті тағы бір-екі темені кіргізе алмадық. Іс істеп жүрген мұғалымдар кітаптың оңдайтұн жерін көрсетсе, алғыс айтып қайта басыларында түзетіуге тырысамыз.

Қызылорда. 1925 жыл, ағұс

Жазыушы

1. Мал бағыу

Мал бағыудың керектігі.

Осы күнгі жер үстіндегі үлкен мемлекеттер шарыуашылығының басты түрлері үшеу: 1) пабірік-зауыт кесібі. Мұны өнерлі кесіп деп де атайды; 2) ауыл шарыуашылығы; 3) өнерлі кесіп бен ауыл шарыуашылығы қатар тең жүріп тұрған жерлер.

Өнерлі кесіптің гүлденіп тұрған жері – Англиіе, Белгіе, Герменіе сықылдылар. Өнерлі кесіп бен ауыл шарыуасын тең жүргізіп тұрған – Арқалық Американың қоспалы ыштаты. Ауыл шарыуасының күшті жері – Ресей, Қытай, Үндістан сықылды мемлекеттер.

Ауыл шарыуасының осы күні екі мықты түрі бар: 1) егіншілік бен 2) мал бағыу. Ресейде мал бағыудан егіншілік күшті. Сүйтіп, Ресей қалқы егінші, Ресей қалқының 70% егіншілік кесіптен күн көреді. Малды көб бағатүн елдер – Аргентине, Ұрағбай (Әмерикеде), Абыстралие, Жаңа Зеландия деген арал қалқы, Қазақстан сықылдылар.

Ресейдің мықты кесібі егіншілік болған соң, малсыз күні жоқ. Мал құрыса, Ресейде егін салынбайды; егін салынбаса, Ресейдің барлық шарыуасы күйрейді. Егін салған елге малдың не керегі бар? – малдың керегі мынау: егінді көліксіз салатүн машыйна Ресейде жоқ; болса өте аз. Сондықтан егінді көлік пен саламыз. Көлікті Ресей қара шарыуасы машыйна орнына жұмсайды. Ресейде егіншілік көлігі өлуі – әкесі өлгенмен тең. Машыйнасыз елдің, егінші елдің көліксіз күні қаран. Малдың мынанда басқа керек орны бар. Мал көні мен тозған егіндікті жаңғыртыуға болады. Басқа мәденіетті елдерде мал көңінің орнына қолдан ғылым мен жасап егістігін жаңғыртады. Ресейде ғылым мен мал кезегінің орнына қолдан нәрсе жасап егін жаңғыртыу әлі нашар.

Сөйтп, мал әрі жер жыртыу, әрі жер жаңғыртыуға керек. Жаңа қолдан ғылым мен тыйландырғаннан мал кезегі мен тыйландырудың артықшылығы болады. Мәденіеті төмен, машыйнасы жоқ егінші ел малсыз күн көре алмайды. Бұл малдың егіншіге керектігі.

Жері егінге қалайсыз, өнерлі кесібі жоқ қазақ сықылды елдер малсыз бір күнде өмір сүріп тұра алмайды. Мұндай жерлерде малды егін салыу үшін ұстамақ түгіл, егін салмасада амалсыз ұстайды. Малдан ет, сүт, май, тері, жүн, қыл алады. Отарбасыз парақұтсыз Қазақыстан сықылды жерде көлік машыйна орнына жүк тасыйды, адам тасыйды, көлікпен ғана қатынас болады. Отындық ағашы жоқ қазақ Қазақыстанда мал тезегі отын болады. Мал тезегі болмаса, отынды қазақ басқа жерден сатып алар еді. Басқа жерден отынға сатып алған ағаштың бұрауы алтынға түсер еді. «Малдының беті жарық, малсыздың беті көн-шарық» деген сөзді осы күнгі Қазақыстанға келгенде ғылым да дұрыстайды.

Қай ел малды.

Малдың ұзын санын алғанда, соғыстан бұрын Ресейдің малы тек әр қалық Әмерекенің қосбалы ыштанынан кем еді; басқа елдің малынан көп

еді. Соғыстан бұрын жер жүзіндегі ірі он мемлекет малының ұзын саны мынадай болған:

Ел	Малының ұзын саны				
	Жылқы	Сиыр	Қой	Шошқа	Барлығы
Қоспалы штат	20,277,000	60,502,000	53,633,000	69,620,000	204,032,000
Ресей	34,555,000	51,622,000	66,025,000	14,088,000	166,290,000
Аргентйіне	9,400,000	28,786,000	80,401,000	2,900,000	121,487,000
Бразйлііе	2,278,000	11,100,000	93,003,000	800,000	107,181,000
Абстралйіе	7,289,000	30,705,000	10,550,000	18,401,000	66,945,000
Керменйіе	4,524,000	20,182,000	5,803,000	21,294,000	51,803,000
Англйіе	2,253,000	11,866,000	30,480,000	3,700,000	48,299,000
Пырансйіе	3,236,000	14,436,000	16,425,000	6,720,000	40,817,000
Йтталйіе	956,000	6,199,000	11,162,000	2,508,000	20,825,000
Қанада	2,596,000	6,533,000	2,175,000	3,610,000	14,914,000

Соғыстан соң бұлардың бәрінің малы азайған. Соғыстан соңғы малының ұзын санын алғанда жоғарғы елдердің орны болай өзгерген (1921-жылғы сан):

Елі	Малының ұзын саны				
	Жылқы	Сиыр	Қой	Шошқа	Барлығы
Қоспалы штат	19,208,000	65,587,000	37,452,000	56,097,000	178,344,000
Ресей	26,956,000	39,403,000	54,502,000	15,396,000	136,257,000
Абыстралйіе	2,421,000	1,956,000	75,554,000	1,169,000	91,100,000
Аргентйіне	9,366,000	27,392,000	45,309,000	3,227,000	85,294,000
Бразйлііе	6,065,000	28,262,000	7,205,000	17,329,000	58,861,000
Керменйіе	3,683,000	16,840,000	5,882,000	15,876,000	42,281,000
Англйіе	2,213,000	11,893,000	24,273,000	3,627,000	42,006,000
Пырансйіе	2,635,000	13,217,000	9,406,000	4,942,000	30,209,000
Қанада	2,814,000	10,206,000	3,676,000	3,905,000	20,601,000
Йтталйіе	690,000	6,240,000	10,754,000	2,339,000	20,023,000

Малының ұзын саны көп болғанмен Ресейдің елі де көп. Сондықтан малын жанға бөлгенде Ресей малға онша бай елге қосылмайды.

Әр елдің малға байлығын көрсеткенде төмендегідей болады. 1921 есеп бойынша, әр елде мың жанға мынадай малдан келеді.

Ел	1000 жанға келетін малы									
	Жылқы		Сиыр		Қой		Шошқа		Барлығы	
	1913 ж.	1921 ж.	1913 ж.	1921 ж.	1913 ж.	1921 ж.	1913 ж.	1921 ж.	1913 ж.	1921 ж.
Абыстралйіе	511	445	1750	1777	20876	13897	122	128	23259	16247
Аргентйіне	1114	1098	3855	3149	10766	5209	388	371	16153	9827
Қоспалы штат	221	182	658	620	583	354	714	531	2176	1687

Қанада	360	435	907	1164	302	419	501	445	2070	2463
Ресей	269	198	428	320	681	376	166	116	1544	1010
Англие	50	47	262	251	674	513	85	66	1071	877
Прансiе	82	67	365	337	415	240	170	126	1032	770
Германияе	70	62	311	281	89	98	338	265	808	706
Италие	27	27	179	170	322	320	172	66	620	581
Бразильиe	--	--	1279	945	439	235	766	566	-	-

Борыйсұптың «Шаруашылық жағырапыйасынан» алынды.

Қоюшыға жұмыс: Көрсетілген он мемлекет соғыстан қанша мал зыйан көргенін есептету керек (төлінен басқа). Әр елдің малы соғыс салдарынан неше % кемігенін шығарту керек. Сыйыр қайда, қой қайда, жылқы қайда, шошқа қайда көбірек екенін аңғарту керек. Соғыстан бұрынғы, соңғы елдің малына дыйағырам салдыру керек.

Ресейдің қай ауданы малға бай.

Соғыстан бұрын да, соң да Ресейдің малға ең бай ауданы – Қазағыстан. Ресейде басқа мемлекеттердей мал санын анық біліу қыйын. Бұрын ізбордан қашып қазақ сықылды елдер малын тіпті аз көрсететүн еді. Алты-жеті жүз жылқылық үйлер көбінесе жүзге толмайтүн жылқы жаздыратүнүн білеміз. Пересилен мекемесінің он екінші жылғы санағында ырғыз уйезіндегі бір ауыл елдің жылқысы мыңнан кем жазылған. Жылы дұрысында сол ауылда сол алты-жеті жүз жылқы айдаған он шақты үй бар еді. Сол ауылдың жартысындай үйлерде орташа салғанда жүз шамалыдан жылқылары болған еді. Осындай азайтылған сандарға карағанда да Қазақыстан малы әр кентіне, Абстралие, қоспалы іштат сықылды малды жерлерден көп қалыспайтүн еді. Қазақ малы ол кезде толық жазылып жүрген болса, Қазағыстан жер жүзінде малға ең бай жер болыуы даусыз. 1916-жылғы есеп бойынша, Ресейдің әр ауданында ауылдағы әр бір жүз жанға мынадай малдан келеді:

Аудандары	Әрбір 100 ауыл жанына келетін малы				
	Жылқы	Сыйыр	Қой	Шошқа	Бәрін сыйырға аударғанда ¹
1) Қара топырақты аудан	26,1	39,3	54,5	16,8	78,7
2) Қара топырақсыз аудан	19,9	40,7	51,1	15,2	72,9
3) Арқалық Қапқаз	36,3	68,2	137,6	28,9	134,6
4) Сыйыр	63,7	99,7	97,3	36,2	189,0
5) Қазақстан	67,9	96,9	229,9	11,9	205,9
6) Бүтін Ресей	30,1	51,7	80,7	18,1	99,8

¹ Жылқы мен сыйыр тең, алты қой бір сыйырға, төрт шошқа бір сыйырға тең қылып алынған.

Малды адам йә жүніне, йә сүтіне, йә етіне, йә күшіне бола ұстайды. Қазақ малы Ресейде етке жақсы, күшке тәуір саналады; бірақ жүнімен (түйеден басқасы) сүтке олқы соғады.

(Сандар прапессұр Ағанұбыскій «Шарыуашылық жағрапыйасынан» алынған).

Оқышыларға жұмыс. Алдыңғы мақаладағы тәрізді болады.

Жылқы бағыу.

Жылқысының ұзын санын алғанда, Ресей жер үстінде бірінші орын алады. Ресейде 27 мілиондай жылқы бар. Адамға бөлгенде, Ресей 4-інші орын алады. Сүйтіп, Ресей жылқыға тым бай емес.

Тұқым жағынан Ресей жылқысының көбі жабы болады. Ең көбі мәстек пен дала (қазақ, сібір, қалмақ жылқысы сияқты) жылқысы. Бұлар уақ тұқымдар; күші де шамалы болады. Ресейде ауыр жүк тартатұн ірі күшті жақсы тұқым – бійтүк дейтұн жылқы. Бійтүктің көп ұсталатұн жері, тұқымы таза болатұн жері – бараныж, тамбооб, тұула, быладійміір гүбірнелері. Бараныж гүбірнесінде жақсы ат өсіретұн атақты «арлобыскій» зауыт бар. Орыстың атақты «Арлобскій» деген желгіштерінің шығатұн мықты бір зауыты – қыренұбскій. Бірақ, бұл күнде таза бійтүк Ресейде тіпті аз қалғандығы байқалады. Азамат соғысы кезінде Ресейдің жақсы жылқыларының көбін жанаралдар сыртқа сатып жіберген. 1923 жыл Мәскеуде бүтін Ресейлік ауыл шарыуасының көрінісі (өстебке) болғанда, көрініске ел таза бійтүк тауып алып келе алмаған.

Қасыйет жағынан да Ресей жылқысы батыс Еуропа жылқысынан төмен. Еуропада «першерон», «Сууппөлік» деген жылқы тұқымдарының тірлей салмағы 30-40 пұт келеді. Бұлар қара жол мен 300 пұттай жүк алып жүреді; күніне 200 шақырым жер алыуға шамасы келеді. Орыс мәстегінің тірлей салмағы 12-25 пұттай; қара жол мен 50 пұттай жүк тартады; ең мықты аты ғана 100 пұттай жүк алып жүреді. Поштамен жүргенде орыс мәстегі күніне 80-100 шақырым алады деп есептейді. Батыс Еуропа аттары ерте шыйрап, ерте жұмысқа жарайды.

Жылқыны жегіуге, мініуге, жер жырттыуға ұстайды. Желгізіп, шаптырып бәйгі алыу үшін де ұсталатұн жылқылар бар. Қазақ жылқының күшінен пайда көріуден басқа, етін де жейді; сүтін де ішеді; қылын да күзеп алып нәрсе жасайды, иа сатады.

(сандар Борыйсұбтың «Шарыуашылық жағрапыйасынан» алынған).

Сыйыр.

Сыйырды сүті, күші, еті үшін ұстайды. Бұл үш қасийет теп-тегіс бір сыйырда болуы қыйын. Сондықтан жақсы сыйыр иа сүтті, иа күшті, иа етті болуы керек. Осы күні адам таңырқарлық иа сүтті, иа етті, иа күшті сыйырлар бар. Бұлардың тұқымын сұрыптап, бірте жақсартқан адамның өзі. Сыйыр ыссы жерде де, суық жерде де тұра алады. Сондықтан сыйыр ұстамайтұн жер жоқ. Сыйырдың тұқымы жақсарттыуға, өзгертіуге келгіш. Соның үшін сыйырдың осы күні өте сүтті, күшті, етті тұқымдары бар.

Ресейде қырк міліондай сыйыр бар. Сыйыр байлығында Ресей бесінші орын алады. Сөйтіп Ресей сыйырға тым бай жер емес. Ресей сыйырының тұқымы да онша асыл емес.

Фоландіа сыйырының тірілей салмағы 30-45 пұт. Жылына бес мың кеседей сүт береді. Бордақта байланған аңғылшан сыйырының тірілей салмағы 80 пұт тартады. Тірілей салмағының 70% сойғанда ет болып шығады.

Орыстың жай мөшке сыйырының тірілей салмағы 12-15 пұт. Сойғанда 30-40% ет болып шығады; жылына сегіз жүз – мың екі жүз кесе сүт береді. Орыс сыйырының ішінде етті тұқымы өкірайынскіі (шеркасіскіі) деген көк сыйыр мұның тірілей салмағы 20-40 пұт. Сойғанда 50%-тейі ет болады. Еуропаның жақсы сыйырлары 1½ қадақ пішен берсе бір қадақ сүт береді; орыс сыйыры 4-7 қадақ пішенге бір қадақ сүт береді. Орыс сыйырының белгісі – уақ, тұқымы кем, тамағын дұрыс ақтамайды.

Орыс сыйырының сүтті тұқымдары: ғолландіскіі, иараслабіскіі, қалағор дегендер. Еттісі – шодгөріні. Күштісі өкірайінскіі (қазақ мұны «Ресей», саранау дейді). Әрі етті-әрі күштісі қалмақы, қазақы сыйырлар. Бөкейлікте қызыл қасқа сыйырлар қалмақы тұқым. Қалмақы сыйыр қызыл қасқа келеді. Қазақ даласына көнбістісі де қалмақы сыйыр. Ресейде сыйырдың санын арттырып, сапасын жақсартуы кезектегі мәселе.

Қой бағыу.

Қазақ қойдың етін жейді, сүтін ішеді, тезегін отқа жағады, жүнін кийім қылады, кийіз басады, сатады, терісін тон қылады. «Тоғыс қабат торқадан тоқтышағым терісі артық» деп мақтанады. Еуропа елі де қойдан қазақ сыйақты пайда шығарады, бірақ сүтін ішпейді. Сондықтан бұлар етті, жүндес қойды жақсы санайды.

Ресейде елу бес міліендей қой бар. Жанға бөлгенде Ресей онша қойлы болалмайды, бесінші орында тұрады. Еттілік, жүндестік жағынан Ресей қойы Еуропа қойынан төмен.

Жүндес тұқым – мерейнос деген қой. Мерейнос жүні тығыз, жіңішке болады. Бір қырыққанда мерейностан жыйырма қадақтай жүн алынады. Орыс сарығы бір қырыққанда 2-3 қадақ қана жүн береді. Жүні әрі сійрек, әрі жұуан келеді. Басқа елдердің гемпішіір, сауаттауын деген етті қойларының тірілей салмағы 7½ пұт келді. Орыс қойы тірілей 1-2½ пұт келеді. Орыс қойы ұяң жүнді, қылшық жүнді болып бөлінеді. Қылшық жүніміз орыс сарығы, қазақ қойы сықылдылар. Ұяң жүнді мерейнос қойлар. Ресейде соғыстан бұрын 2160000 ұяң жүнді қой болған. Бұл күнде бұлардың 11600-дайы қалған.

Ресейде ең етті қойға қазақ қойы қосылады. Бірақ қазақ қойының жүні жаман. Дегенмен Еуропа қойлары да сұрыптала-сұрыптала ұяң жүнді болған. Қазақ қойында жүндестерін іріктей-іріктей ұяң жүнді қылуға мүмкін.

Бұлардан басқа Ресейде Романобіскіі деген қылшық жүнді қой бар. Мұның терісі жақсы болады. Түркістанда қаракөл сарық өсіріледі.

Соғыстан бұрын Ресей қойынан жылына он мүліен пұттай жүн алатұн. Бүтін жер жүзінде жетпіс бір мүліен пұттай жүн алынатұн. Соғыс

соңынан Ресей қойына 3,6 пұттай жүн қырқады. Ұяң жүні жетіспей, соғыстан бұрын Ресей сырттан үш мүліен пұттай жұмсақ жүн ала тұратын. Сыртқа бір мүліен пұттай жүн шығаратұн.

(Борисобтың «Шарыуашылық жағрапийасынан»)

Қазақыстанда мал бағыу.

Шарыуашылығының қай түрі басымдығына қарай, Қазақыстанды үш ауданға бөліуге болады: 1) Әр қалық егінші аудан. Мұнда 387,400 шаршы шақырым жер бар. Бұл бүтін Қазақыстанжерінің 20% болады. 2) Орталық мал бағып-егіншілік қатар жүргізетін аудан. Мұнда 360,200 шаршы шақырым жер бар. Бұл бүтін Қазақыстан жерінің 19% болады. 3) Оңтүстік көшіп жүріп мал бағатын аудан. Мұнда 1,192,400 шаршы шақырым жер бар. Қазақыстан жерінің 61% болады.

Қазақыстан елінің дені (56,6%) егінші ауданда тұрады. Онан соң қалықтың көп тұратын жері (23,6%) оңтүстік мал бағатын аудан. Мал мен егінді қатар жүргізетұн орталық ауданда ел аз (19,6%) тұрады.

Арқалық егін салатын аудандағы үйлердің 87,2% орыс, 12,8% қазақ. Орталық аудандағы үйлердің 89,7% қазақ, оңтүстіктегі үйлердің 98,3% қазақ. Егіндік аудан қалқының көбі орыс болып шығады. Егін салатын ауданда кесіптің бір мықтысы мал бағыу. Орталық ауданда егіннен мал бағыу күшті. Оңтүстікте ел тек мал бағып ғана күн көреді.

1920-жылы бүкіл Қазақыстандағы 13,192,370 бас малдың 7,856,220 басы (59,6%) көшпелі қазақтікі болған.

Қазақыстанда кесіптің мықтысы – мал бағыу. Мал баққызатұн Қазақыстанның ауасы, топырағы, шөбі, жолы мен базары іреті.

Шадрийн

Қай гүбірнеде қандай мал көп.

Қазақыстанның жер ыңғайына, табыйғатына, ауасына, тұрмысына қарай әр ауданда әр түрлі мал көбірек ұсталады. Соғыстан бұрын Қазақыстанда мал біту жайы бұлай еді. Батыстан шығысқа қарай жүрген сайын жылқы көбейе беріуші еді. Ең жылқылы гүбірнелер Семей мен Ақмола еді. Енді шығыстан батысқа қарай жүрген сайын сыйыр көбейіуші еді. Сыйырлы гүбірнелер Бөкейлік, сонан соң Орал болыушы еді. Қазақыстанның орталығында қой, түйе көп болыушы еді. Қазақыстанның бұрынғы қойлы, түйелі жерлері Торғай мен Орал облысы болыушы еді. Жаныарқадан оңтүстікке жүрген сайын қой мен түйе молайып, оңтүстіктен Арқаға жүрген сайын егінші, темір жолға, базарға жақын жерлерде сыйыр көбейуші еді. Мысалы үшін алсақ, адайдан темір елі, темір елінен Ақтөбе үйезі сыйырылырақ деуге болатұнды. Иа Ырғыз, Торғайдан Қостанай сыйырлы деуге сыйыушы еді.

Соңғы жылдары соғыс салдарынан, жұт ұланынан мал өте азайып кетті. Сонда да Қазақыстанда жылқыға байрақ жер Семей, сыйырылырақ аудан Бөкейлік; қойлырақ, түйелірек жер – оңтүстік адай. 1923-жылғы Қазақыстан мемлекет санақ мекемесінің есебінде қай гүбірнеде қандай мал көптігі мына түрде:

Гүбірнесінің барлық малының ішінде жылқы:

Семей — 22,3%
Ақмола — 21,5%
Қостанай — 18%
Торғай үйезі — 17%
Ақтөбе — 11,4%
Орынбор — 15,9%
Бөкей — 9,5%
Адай — 6,2%
Орал — 2,7%

Сыйыры:

Бөкей — 49,2%
Қостанай — 40,6%
Орынбор — 38,1%
Орал — 37,5%
Ақмола — 37,4%
Ақтөбе — 35%
Семей — 27,4%
Торғай үйезі — 21,4%
Адай — 0,3%

Қойы:

Адай — 71,8%
Орал — 52%
Торғай үйезі — 45,8%
Орынбор — 42,9%
Семей — 41,7%
Ақмола — 37,2%
Қостанай — 37,2%
Ақтөбе — 31,1%
Бөкей — 24,7%

Ешкісі:

Адай — 10,1%
Торғай үйезі — 7,4%
Ақтөбе — 5,3%
Бөкей — 5,2%
Семей — 5,2%
Орал — 2,9%
Қостанай — 2,7%
Ақмола — 1,9%
Орынбор — 1,1%

Шошқасы:

Семей — 2,5%
Ақмола — 1,2%
Орынбор — 1%
Ақтөбе — 0,9%
Қостанай — 0,6%
Бөкей — 0,2%

Торғай үйезі — 0,1%

Орал — 0,03%

Адай — жоқ.

Бүтін Қазақстанда қой 43,3%, сыйыр – 31,2%, жылқы – 16,6%, ешкі – 4,2%, түйе – 3,5%, шошқа – 1,2%, шошқаны орыстар бағады.

Сұраулар: Қай гүбірнеде қай мал көптігін табындар! Қазақстанда ең көбі қай мал. Әр гүбірненің әр түлік малына дыйағырам салындар! Бүтін Қазақстан малына өз алдына бір дыйағырам салындар.

Түркістенде мал бағыу.

Түркістеннен Қазақстанға Сыйрдаріе, Жетісіу гүбірнелері мен Қарақалпақ аптаноміялы облысы қосылады. Қарақалпақ төңкерістен бұрын Сырдарыйаның Амударыйа бөлімінде болатұн. Бүтін Түркістенде малға бай жер – Сырдарыйа мен Жетісіу. 1917-жылы Жетісіуда 7,271,000 бас, Сырдарыйада 6,569,000 бас, Амударыйада 531,000 бас мал болған. Жетісіуда малдың 70%, Сырдарыйада 60% қой болған. Амударыйа малының дені 45% ешкі болған. Сол жылы бүтін Түркістен малы 18,818,000 бас. Сонда бүтін Түркістен малының 1917-жылы 75% Қазақстанға қараған гүбірнелерінде болғаны.

Жұт бен соғыс салдарынан Түркістен малы көп кеміді. 1920-жылы Жетісіуда 2,860,000, Сырдарыйада – 2,795,000, Амударыйада – 243000 бас мал болған. Алдыңғы екеуінің қойы – 60%, 27% болған. Амударыйада ешкі – 33% болған. Басқа малға қарағанда Сыр мен Жетісіуда ешкі көбейген.

Ешкі сырда 27% (1917-жылы 17%), Жетісіуда 12% (1917-жылы 8%) болған. «Есі кеткен ешкі жыйнайды» деген мақал босқа айтылмаса керек. Ешкіні сүті үшін ұстаған болады. 1920-жылы бүтін Түркістенде небәрі 7,962,000 бас мал (Қазақстанға қараған жерде неше % мал тийетінін табындар!)

Қазақ жылқысы.

Қазақ жылқысы салт мініуге, жеңіл жүк салған арбаға жегіуге жақсы.

Қазақ жылқысының артықша қасиеттері – талмай ұзаққа шапсаң жүретүндігі, от пен сууды талғамайтындығы, жұмысқа беріктігі, етке шыққыштығы, суық пен ыссыға беріктігі. Қазақ аты 120-150 шақырым жерге бірден талмай жетеді. Бірақ, қазақ жылқысын бойы аласы (орташа екі ез), еті аз. Бойы аласалығынан атты әскер қазақ атын аз мінеді. Тапалдығының орнына қазақ жылқысы көнбісті, шапшаң. Шынында әскерге мініуге қолайсыз емес.

Қазақ жылқысының тұқымын екі жолмен асылдандыруға болады. Бір жолы – қазақтың өз жылқысының тұқымын іріктеп ең жақсыларынан бала тыуғызып, жастарын дұрыс асырап өсіріу. Мұны өз ішінен жақсарту дейміз. Бұл ұзақ, қыйын. Бірақ сенімді жана шаруашылыққа тийімді жол. Екінші жол – қазақ жылқысын араб, түрікпен тағы басқа тұқымдармен үзбей шағылыстырып, қанын араластырып отырып, жайлап қазақы қанды

кұртып басқа тұқым шығаруы. Бұл – онай жол. Бірақ сенімсіз тайғақ жол, шарыуаға пайдасы аз жол.

Қазақстан індік санақ мекемесінің есебінше бүтін Қазақстанда (Түркістеннен қосылған жерден басқа) 1923-жылы 1,245,379 бас, 1924-жылы 1,665,734 бас жылқы болған.

«Сабетіскіі Кіргізійе»-ден.

Аттың сыны.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желкелі, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы болса күшті;
Ойынды еті бөп-бөлек омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салық төсті.
Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ,
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ, тақтайдай-ақ.
Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды, арты бірдей келген, ерге жайлы,
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, аламайлы.
Ұршығы төмен біткен шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті,
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.
Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсең;
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрсын, байлап көрсең.
Тығылмай әм сүрінбей жүрдек, көсем
Иек қағып, елеріп, жүрсе әсем,
Шапса – жүйрік, мінсе – берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем!
Аяңы – тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бұлбұл қағып жүргізгендей,
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей!...

Абай

Қазақстан сыйыры.

Қазақстанда сыйырдың ең көбі қазақы тұқым; сонан соң қалмақы сыйыр. Бұлардан соңғы көбі ұқырайынадан келген көк сыйыр мен неміс

тұқымы қызыл сыйыр. Қазақы сыйыр мен қалмақы сыйырлардың қасиеттері: күштілігі, еттілігі, етке тез шыққыштығы, күтімі болса сүтке тәуірлігі. Қазақы сыйыр жылына орташа алпыс шелек сүт береді. Қалмақы тұқымнан қазақы сыйыр уағырақ; бірақ, етке шыққышырақ. Бордақта байлаған қалмақы өгіздің тірілей салмағы 16-47 пұт шамасы келеді. Бордақта байлаған қазақы өгіздің тірілей салмағы – 32,1-36 пұт келеді. Майы мен сүті 4-8% келеді. Дұрыс күтіп, тұқымын аздырмай, сұрыптап жақсартып отырса, қалмақы сыйыр мен қазақы сыйыр Ресейдің үлкен қалаларында, шет мемлекеттерінде көрнекті орын алады. Қалмақы сыйыр Бөкейлікте көп ұсталады.

Ұқрайынаның көк сыйыры мен немістің ірімшіктей қызыл сыйырын Ресейден келген қара шарыуалары ала келген. Бұл сыйырлар арқалық егісті жерде көбірек ұсталады. Көк сыйыр қалмақы сыйырдан еттірек, күші өте көп, сүтті болып кетуі де мүмкін. Көк сыйыр жылына орташа 120-160 шелек сүт береді. Май 4,5-8%-тей.

Неміс сыйыры сүтті; бірақ, еті аз. Жана семіргіш емес. Бұл сыйыр жылына 180-200 шелек сүт береді. Майы 3-4,5%.

Қазақстанда шарыуаға пайдалысы осы төрт түрлі сыйыр. Басқа тұқымдар тіпті аз жана шарыуаға пайдасы шамалы.

Бұл төрт тұқымды аздырмай, жақсы күтіп, сұрыптап тұқымын жақсартып отырыу керек.

Жақсы кемдігінен бұл тұқымдар азыңқырап барады. Аздырмасқа кам қылыу керек.

Қазақистанның кіндік санақ мекемесінің есебінде бүтін Қазақистанда (Түркістеннен қосылған жерден бөлек) 1923-жылы 2,336,576 бас, 1924-жылы 3,469,213 бас сыйыр болған.

«Сабетіскій Кіргізійе»-ден.

Қазақы қой.

Қазақтың ең көп ұстайтын малы – қой. Қазақ қойы құйрықты келеді; Ресейде етті қой есептеледі. Қазақ қойының тірілей салмағы 5 пұтқа шамаласады. Сойғанда тірілей салмағының 53-55% ет болып шығады. Семіз ірі қойлардың құйрық майы бір пұт шамасында болады. Жай орташа қойлар 15-20 қадақ болады. Қазақы қойдың жүні өте аз. Екі қырыққанда бір қойдан бес жарым, алты қадақ жүн түседі. Жүні қатаң, ірі, төмен қол келеді. Қойдың сүті кем. Күніне бір саулық екі-үш кесе сүт береді. Қазақ қойы көнбісті, жаз ыссыға, қыс суық пен аштыққа көп шыдайды. Орыстың сарығынан қазақ қойы ірі.

Қазақ қойдың пайдаға асырмаған жерін қалдырмайды. Қойдың сүті, еті, май, тамақ болады. Жүні берісі кійім, төсек болады. Қарны, шегі әрі тамақ, құрал, ыдыс болады. Құмалағы отын болады. Қи майы болады. Ағашсыз, отынсыз қазақ даласында мал тезегі болмаса, шарыуаға орасан қыйын болар еді.

Балашоб «Түркістан шарыуашылық жағрапыйасынан».

Қойшы.

Тынық түн табиғатты маужыратқан,
Қотанда қой мен сыйыр жұусап жатқан.
Көмескі айдың түрі күнгірттеніп,
Маржандай аспан, жұлдыз жымың қаққан.
Жел тынық, қозғалмайды шөптін басы,
Айдын көл құрағы мол елдің қасы;
Айнадай тынық сұуда еркін жүзіп
Шығады сыңқылдаған құстың дауысы.
Ит үрмей, адам жүрмей тынған кезі;
Тыныштық жан біткеннің қылған кезі;
Қотанда қой шетінде арпалысып,
Төңбекшіп қойшы жатыр жалғыз өзі.
Жел-қом ер жастанғаны, тоқым – төсек;
Үйренбей өскен жанбас көрпе төсеп;
Тақыр жер батпақ түгіл жұтсадағы
Іренжіп оны сірә қылмайды есеп.
Ол түгіл көрген сорлы онан зорын;
Арқасын тыр-тыр қасып алмай қолын;
Үстінде кірлі көйлек пара-пара
Қорлықтан көрмегені бар ма оның?
Келеді қойшы болып он бесінен,
Кетпестің бір мыиқнат зердесінен,
Ата-ана тұуып өскен, құрбы-құрдас,
Еш кезде шығармайды елді есінен.
Жастанып жел-қом ерін жатса қойшы,
Тынышып ауыр ойға батса қойшы,
Жылы сөз «шырағым!» деп айтар жан жоқ
Жүргенін ескереді жатда қойшы.
Анау бай жыуан қарын, шүйде желке,
Қолында ақ тайағы тұрып ерте:
«Атаңа нәлет, ійт-ау, тұрсайшы!» деп
Бүйірін ауырғады түрте-түрте.
Төңбекшіп түні менен ой ойлаған,
Қыйалын жан серігі қойалмаған:
Сартылдап ақ-тайақ да тійіуші еді,
Кезеңде тәтті ұйқыдан ойанбаған.
Бәйбіше мынау жүрген былық-сылық еткен,
«Қойшы ійттің баласы!» деп күнде тепкен.
Жалшыны қарсыласқан қарғап сілеп,
Жері аз ба, құуып шығып тентіреткен?
Мұншама таусылмайтұн неткен қорлық!
Жаратқан мұнша неге Құдай қор ғып!
Қарғыс па «қойшы» деген тағылған ат,
Көретін өміріне жұрттан зорлық.
Атаған бұл сорлыны қайдан қойшы?
Жақсы атты алмайтұғын байдан қойшы,

Түтіндей сармасаға корек болып
 Ыстықта өріске қой жайған қойшы.
 Жаралып дүниаға неге келмек?
 Кетеді жүйрік қиял жоғары өрлеп.
 Кірпігі қағылмайды бір-біріне
 Тәтті ойды таң алдында қылып ермек.
 Біресе елестейді тұуған елі,
 Көбелек балалар мен құуған елі.
 Өткелдің құмдарында қармақ салып,
 Ойнаған асық, топай таныс жері.
 Әлдилеп алдына алып сүйген ана,
 Қосылып қайғысына күйген ана;
 «Қалқам!» деп ыйманы мен қабат айтып
 Мәңгілік ақ кебінді кійген ана.
 Кетпеген қызық дәурен онан әрі,
 Езіліп көргенімнің бейнет бәрі;
 Қайғырып жас жүрегі қанға толып
 Жарыққа бір шығалмай келеді әлі.
 Жан болып жаралыудан мақсат неді?
 Деген ой көкірегін құрттай жеді;
 Қарғалған қойшы деген атты тағып
 Байға құл болып мәңгі жүріу меді?
 Болмаса бір жарық таң атпақшы ма?
 Сорлылар еркін тұрмыс таппақшы ма?
 Жойылып дүниеден қарғалған ат
 Дәмінен бостандықтың татпақшы ма?
 Күн қызып мүйнет сайын желде тынып,
 Сармаса аспан жүзі ың-жын болып;
 Мейірімсіз бір жағынан мазалайды,
 Біреуі қолға, біреуі бетке қонып.
 Ыстықта таңдай қатып ерін кеуіп,
 Бір жұтым саумал үшін елге келіп;
 Сабаға көзді қадап ынтықсада,
 Айайтұн бәйбіше ме қымыз беріп.
 Жас жанын ұдай жайлап, құрттай жеген,
 Тілегі: «қойшылықтан шықсам» деген.
 Бірдей боб басқалар мен күн көрісте,
 Уа, жастық! Үлесімді алсам деген.
 Ыңырсып жұусаған қой, күйіс бырт-бырт
 Түрулі есіктері ұйқыда жұрт.
 Талықсып табиғаттың тылсымына
 Мұңданып басын ійген, дала жымжырт.
 Қасынып қотанында қойшы жатыр,
 Тынсайшы мазаламай, бйіт батыр!
 Таң келед, байда келіп қала ма деп
 Кірді ол тәтті ұйқыға балдай татыр.

Түйе.

Түйе шөл жердің малы. Түйе сұуық жерде тұралмайды; жылы жерді сүйеді. Сондықтан сұуық жақта түйе болмайды. От арбасы жоқ. Сұумен қатынас жолы жоқ Қазақстан сықылды жерде түйеден артық көлік жоқ. Түйе әрі күшті, әрі жүрдек, әрі көнбісті мал. От арба салыуға қыйын. Ат бен, өгіз бен өтіуге келмейтүн өткел шөл далаларда түйе мен ғана жүк тасып, қатынас жасауға болады. «Түйе – шөлдің кемесі» деген мақал бар.

Қазақстан оң түстігі үлкен жалпақ-жалпақ шөл мен құм. Ақмоланың Түркістенге ұштасқан шетінде жалпақ бетпақ шөлі бар.

Бетпақтың ауданы 70 мың шаршы шақырымдай. Ақтөбенің оң түстігінде Қарақұм, Борсық деген шөл құмдар бар.

Сырдария мен Қарақалпақ жерінде қызыл құм бар. Каспий мен Арал арасында адайдың үстірт деген шөлі бар. Бұл жерлерде иә тұшшы өзен, иә көл болмайды. Жер астындағы сұулары да тұшшы бола бермейді. Бір неше күндік жерлерде құдық та ұшырамайды. Бұл шөлдер арқылы тек түйе мен ғана өтіуге болады. Қазақ түйеден айырылса, Ресей темір жолдан, ағылшын кемесінен айырылған сияқты болар еді.

Жай түйе артқанда 15 пұттай жүк көтереді. Нар 20 пұттай жүк бен үстіне мінген кірешіні көтеріп отырады. Салт мінгенде түйе күніне 80-90 шақырым болады. Жүк бен күніне 60 шақырымдай алады. Қысты күні соқпалы жолда жүк бен 35 шақырымдай алады. Қара жол мен түйе 50-60 пұт жүк тартады.

Түйе тамақ талғамайды, сұу таңдайды. Түйеге таза тамақтың бәрі ас болады. бірақ ылас тамақ жесе, түйе өледі. Түйе қатбасының көбі сұудан болады. Сарғайған, құрттаған, жылыған сұу ішсе, иә қактың, апанның сұуын ішсе түйе өледі.

Түйенің еті тәтті болады. Сүті шұбат болады. Жүні қымбат кийім болады. Терісі сыйыр терісінен қымбат өтеді.

1923 жылы Қазақстанда (Түркістенсіз) 261,616 бас, 1924 жылы 303,88 бас түйе болған.

Сұраулар: Қазақстан барлық түйесі мен 6 айда қанша жүк тасыр еді. Қанша жерге жеткізер еді?

Толғатар сыйырдың белгісі.

Сыйыр 9-10 ай көтереді. Орташа 280 күн бұуаз болады. Ійесі сыйырының қашан қашқан мезгілін ескеріп қойыу тиіс. Қашқан күнінен 9-10 ай өткен соң сыйыр бұзаулайды деп шамалауға керек.

Бір неше күн ішінде жақында толғатар сыйырдың мынадай белгілері болады: желіні үлкейеді; емшегі дертеді; тартып қараса, ақ ұуыз шығады. Бұзаулаудан бір жұма ілгері сарпайы төлежіп салбырайды. Сарпайының ішкі жағы қызарады. Ішінен ақ шарана аға бастайды. Мұны қара шарыуа

«тыныс» дейді. Бұл сарпайына қан көбірек жыйылғаннан болады. Осындай белгілері білінген бұзау сыйыр бір-екі күнде бұзаулайды. Ондай сыйырға ылғый сер салып қарап тұрыу керек.

Сыйыр жатқаннан түре келіп тұрса, толғағы жеңіл болады. Бірақ, толғатқан сыйыр шаршап жатса, қамшы жағына жатқызбай, мінер жағына жатқызыу керек. Үйткені бұзау көбінесе сыйырдың қамшы жағында жатады. Толғатқан сыйыр қамшы жағына жатса, бұзауын езіп, тұншықтырып өлтіруге кәдік.

«Нобый деребне»ден


Толғатқан сыйырға жәрдем.

Сыйыр бұзаулауы бұлай болады: жатырының ауызы ашылып, кеңіді; қағанақ жарылады, бұзау шығады, шұуы түседі.

Толғатқанда жатыр кішірейіп тартылады. Жатыр тартылғанынан сыйыр күшенеді, мықышыйады. Күшенгеннен қағанақ жарылып, шарана ағады. Шарананың сұуы мен бұзау ысырылып, шығатұн жолына келеді. Сыйыр күшеніуін қойа тұрады; дем алады. Бір азырақтан соң сыйыр тағы күшенеді; кейде бұл жолы тұмсығы да көрінеді. Сыйыр күшеніуін қойады. Мұнан соң күшенгенде бұзау сыртқа шығады. Кейде бұзаудың қағанағы жыртылмай шығады. Онда қағанақты тез жыртып тастау керек. Әйтпесе, бұзау тұншығып өліп кетеді.

Сыйыр оң толғатса, бұзаудың тез шығыуына жәрдем берем деп әуреленбеске керек. Жатырдың ауызы ашылып, бұзау сыртқа шыққанша алты сағаттай мезгіл кетеді. Мұны ұмытпасқа керек. Сондықтан бұзау іште дұрыс жатса, алты сағатқа шейін сыйырды әурелемей, өзіне салыу керек. Толғақ мұнан ұзаққа созылса, себебін біліу керек. Толғақ ұзаудың себебі көп болады. Көбінесе толғақ ұзаған себебі – сыйырдың әлсіз күшеніуінен, иә өте күшеніуінен, иә жатырдың ауызы жабылғандықтан болады. Сыйыр арық болса, әлсіз күшенеді. Сыйырды қаттырақ күшндіріу үшін иә кесе жарымдай арақ, бір бөтелке жылы сұуға шекер (қант) езіп беріп ішкізіу керек. Сыйырды жай күшндіріу үшін иә кесе жарым арақ беріу керек; иә мұрнының ортасындағы шеміршегін қысып, сауырына салмақты нәрсе (кұм салған қапшық) қойыу керек. Жатырдың ауызы жабылса, ашыу керек. Оны бұлай ашады: оң қолдың білегін сыбанып, жылы сұумен сабындап жұуыу керек. Тырнақты тазартып, қырқыу керек. Үйткені ылас тырнақ, ылас қол мен сыйырға ауырыу жұқтырыуға болады. Сонан соң қолды сары май мен майлап, саусақтардың басын сүйірлеп қосып, сыйырдың сауырына тығады. Қолды ептеп тығып, оңға, солға аударып, жатырдың аузын сыйпап табады. Жатыр аузы жабық болса, әуелі бір саусақты, сонан соң екінші саусақты, онан кейін үшінші саусақты, соңынан барлық қолды тығып, жатыр аузын кеңітіу керек. Сонан соң бұзаудың қалай жатқанын байқайды. Бұзау дұрыс жатыуға да, теріс жатыуға да мүмкін. Бұзау басы екі алдыңғы айағының ортасында шығатұн жағына қарай жатса, дұрыс келе жатқаны. Иә бұзаудың екі артқы айағы ілгері келе жатсада, дұрыс жатқаны болады.

(сүгіретті кара)



Бұзау бүйірі мен, арқасы мен, қарны мен ілгері келе жатса, теріс жатқаны болады. Басы қайырылып жатса, иә бір жағына бұрылып кетсе, болмаса айақтары бүгіліп жатсада, теріс келе жатқаны болады. Бұзау дұрыс келе жатсада, кейде сыйырға жәрдем керек болады. Бұзау ірі, сыйыр ұуақ болса, бұзау шығыуы қыйын болады. Ондай кезде бұзаудың басы мен айағына берік жіңішке жіп салып алады. Жіпті карбөлге иә борни кислота деген дәріге малып алыу керек. Бұлар табылмаса жіпті сұуға сабындап тазартып жұууы керек. Әйтпесе сыйырға ауруы жұғады. Салған жіп пен бұзаудың басын екі айағын ептеп жайлап бір саз бен тартуы керек. Үйткені күшенгенде сыйырдың өзі жәрдем береді. Сыйырға, бұзауға зыйан келмес үшін бір неше адам болса, ептеп бәрі бірден тартуы тиіс. Бұзауын тартқанда қозғалмасқа сыйырды мүйізінен байлап қояды. Мойнынан байласа сыйыр қылғынып қалады. Сыйырдың басын түзіу жатқызған артық. Түзіу жатқызыу үшін басының астына шөп салса болады. Толғатқан сыйырдың басында бір адам қарап тұрғаны жөн. Бұзау шықпаса, қол салып бұзау қалай жатқанын байқау керек. Күш салып зорлық пен бұзауды сұуырып алыу жарамайды. Әйтпесе, сыйырдың жатыры, үйі бірге түседі. Жатырына зыйан келіп кезік алып, ауырып, сыйыр өлуіге кәдік.


Сыйырдың теріс толғағы.

Бұзау теріс келсе, сыйырға жәрдем керек. Алды мен қол салып бұзауды дұрыс жатқызыу, толғақты оңайлатыу тийіс. Бұған керек шаралар мыналар: 1) сыйырдың күшеніуін кемітіу керек. Әйтпесе қол салып жөндеуге болмайды; 2) бұзауды кейін ійтеріп жіберіу керек. Үйтпесе қол салып жөндеуге келмейді; 3) бұзауды дұрыс жатқызыу керек; 4) қол мен иә жіп пен бұзауды тартып алыу керек.

Сыйырды аз күшендіріу үшін жарты бөтелке арақ беріледі. Арақ табылмаса сауырына салмақты нәрсе (құм салған қапшық) қойып, мұрын арасындағы желбезегін қысыу керек. Арт жағын жоғары көтеріу тийіс. Арттын жоғары көтеріу үшін сыйырдың жанбасының астына көң салсада болады. Мұнан сонда сыйыр қатты күшеніуін қоймаса, бұзауды кейін ій-

теріуге, келмесе бұлай істеу керек. Ұзын таза оқтауды сары май мен майлап бұзаудың алдыңғы жағына тіреу керек. Оқтаудың сыртқы ұшын көкірекке тіреп тұрыу керек. Сонда сыйыр қатты күшене алмайды. Бұзауды кейін түскен соң, қол мен сыйпап дұрыс жатқызыуға келеді. Кейде сыйырдың артынан бұзаудың тұмсығы шығып тұрады да, алдыңғы аяқтары көрінбейді. Ондай кезде таза жіпті бұзаудың тұмсығына шалып алып, кейін жіберіу керек. Сонан соң қол салып, бүктелген айағын сыйпап табады. Бүктелген айақты жіп салып біртіндеп жайлап жазады.

(сүгіретті қара).



Сонан соң бұзаудың басын екі айағының арасына салып, жайлап бұзауды тарта бастайды. Бұзау арты мен келе жатса, жіпті артқы аяқтары мен құйрығына шалып алып тартыу керек.

Кейде бұзаудың бір алдыңғы бір артқы айағы ілгері көрінеді. Білмеген адам толғағы дұрыс деп ойлайды. Бірақ, қанша тартсада, ондай бұзауды дұрыс шығаруға болмайды.

Мұндай кезде бұзауды кейін ійтеріп жіберіп, аяқтарын дұрыс жөніне салып алып, сонан соң жіп пен тартыу керек.



Кейде жатырдың ішінде бұзау өліп жатады. Бұзау өлгенін сыйырдың сауырынан сасық иіс келгеннен білуге болады. Өлген бұзауды тез алып тастап, қайнаған жылы сұғаға 1% карбөлке салып сыйырдың жатырын жүу керек.

Бұзауды ырғақ сықылды құралдармен тартыуға жарамайды. Ондай құралдармен білетүн тек дәрігерлер ғана тарталады.

Сыйыр толғағы теріс келсе, жақын жерде болса, бәрінен артығы мал дәрігерлерін шақыру.

Сыйырдың өлшемей салмағын біліу.

Сыйырдың салмағын кірге салып өлшемей ақ, сыйырдың тірілей салмағын шамалап біліуге болады. Тірілей сыйыр салмағын оқымыстар бір неше әдіс пен біледі. Біреуі тырұқанобскійдің әдісі; сыйырды алды мен тегіс жерге қойыу керек.



1. Тырұқанобскійдің әдісі: біршүкке бөлінген таспа мен 1) құйрық түбінен бастап шоктыққа шейін өлшейді, б) ердің алды келіп тұратұн жаурын ойаңымен қолтық тұсынан айналдыра өкпелікті өлшейді. арқамен өкпелікті өлшегеннен шыққан санды біріне бірін көбейткенде қанша сан шықса, сыйырдың салмағы сонша қадақ болады.

Мәселен сыйырдың тұрқы 27, өкпелігі 26 бір шүк болса, тірілей салмағы $27 \times 26 = 703$ қадақ (17 пұт 22 қадақ) шамалы болады.

«Ауыл шарыуашылығы»

Сыйырдың жасын біліу.

Сыйырдың жасын мүйізіндегі бұуағына қарай біліуге болады. Сыйыр әр бұзаулағанда, мүйізінің төменгі жағында бір бұунақ тап болады. Сыйыр мүйізінде неше бұунақ болса, сонша бұзаулағаны. Сыйыр көбінесе екі жасында (құнажынында) бұзаулайды. Сондықтан сыйыр мүйізінің бұунағына екі қоссақ, сыйырдың жасын білеміз. Мәселен сыйырмүйізінде 6 бұунақ болса, жасы 8-де болғаны.

Кейде сыйыр қысыр қалады. Қысыр қалған жылы сыйыр мүйізінде жаңадан бұунақ түспейді. Бірақ ол жылы бұрынғы бұунағының біреуі басқаларынан тым үлкен жалпақ болып өседі. Ондай сыйырдың жасын біліу үшін әлгі екі жылдың үстіне тағы бір жыл қосыу керек.

Кей бір сыйырлар тоқал болады. Иә мүйіздері сынып қалған болады. Бұлардың жасын тек тісіне қарап біліуге болады.

«Білім еңбек» кітабы.

Сұраулар: Үйлеріндегі сыйырларыңның мүйізіне қарап жасын табындаршы?

Жылқының жасын біліу.

Қазақ арасында тай, құнанның жасын біліу қыйын емес. Қазақ тайдың жал құйрығын бірдей күзейді. Құнанның тек жалын күзейді. Дөненді бестіден айырыуда қыйын емес. Еркек жылқының төменгі жалғыз азыуы бестісінде шығады. Азыусыз ат, азыулы байтал сйрек ұшырайды. Қазақ тажйрыйбасында азыусыз ат, азыулы байтал қолға түспейтүн жақсы болады. «Азыусыз ат азыулы байтал міна алмадым» деген мақал бар. Сырт жағынан қарапда дөненді бестіден айырыуға болады. Дөненнің ол жер, бұл жері жіңішке толыспаған болады. Алты, кейде жеті жасына шейін ат-

тың мүшелері толығып жетпейді. Ескі жырларға, мақалдарға қарағанда, өмірі ат үстінде өткен ата бабаларымыз ұзақ жолға бестіден бері ат мінбейді екен. Кейде жасын бестенде асырып мінеді екен. Онан бері аттың ол жер бұл жері толыспайды, әлсіз келеді дейді екен. Орақ батырдың жауға мінетүн «Алдынан қара кетпеген, артынан қара жетпеген» қабылан құлақ қара аты қартайғанда, Қарасай балаға өткен күнін бұлай ыспаттайды:

«Мен құлында емдім, тайда емдім

Дөнен жасқа келгенде

Азыу тісін жарсын деп

Ондада Орақ мінген жоқ.

Бес жасымда үйретті

Мойныма арқан сүйретті.

Алты жасқа келгенде

Белін түзеп алсын деп

Ондада Орақ мінген жоқ.

Жеті жасқа келгенде

Аршынын түзеп алсын деп,

Мүшесін сыртқа салсын деп,

Ондада Орақ мінген жоқ.

Сегіз жасқа келгенде

Серке санды болсын деп,

Олқы жері толсын деп,

Ондада Орақ мінген жоқ.

Тоғыз жасқа келгенде

Сондада мені үйретті.

Жібектен арқан сүйретті,

Бауырынан жаратты,

Маңдайым жауға қаратты,

Тұйақтан ұшқан тозанды

Жауған қардай боратты.

Желпілдетіп тұуларды

Ат болды деп құуанды»

Сүйтіп, аттың денесінің толысыуына қарай да жасын біліуге болады. Бірақ, ылғи тұрпатына қарай жылқы жасын біліу қыйын. Тісіне қарай жылқы жасын біліу оңайырақ.

Жылқы құнаннан дөнен шығарында тісейді. Бестісінде еркек жылқы азыуын жарады. Онан әрі жалқы жасын жылқының төменгі қасқа тістеріне қарай біледі. Қасқа тістерінің бірі тартылған екі дөңгелек болады. Мұны «тістің мөрі» дейді. Дөңгелектердің ортасы ойаз, айналасы қара болады. Қасқа тісі жылқыда алтау. Алды мен ортадағы екі тістің мөрі кетеді. Мөрі кетудің мәнісі ішкі дөңгелектің қыры аласарып, ортасындағы қарауытқан жері сарғайады. Соңынан мөрдің қыры тіпті жоғалып, ортасындағы сарғайған жері ағарып кетеді. Бұл қартайған жылқыда болады. 6 жасында жылқының ортадағы екі қасқа тісінің мөрі кете бастайды. 7 жасында мөрдің ортасы сарғайады. 8 жаста ортадағы екі қасқа тіске жалғас екі тістің мөрі кете бастайды. 9 жаста бұл екі тістің мөрі кетеді. 10 жаста шеткі екі қасқа тістің мөрі кете бастап, 11-12-сінде орны сарғайып, айналасы

аласарып тұрады. 12-ден асқан жылқының тісінде мөр болмайды; үсті тергестеле береді. Жылқы қатты шөп жеп жүрсе, тістің мөрі мұнанда ертерек кете бастайды.

(Тісіне қарап аттың жасын айырып көріңдер)

Қара шарыуаға қандай ат керек.

Қара шарыуаның аты көністі. Қалың анау, мынау кезде ауырмайтұн болуы керек. Сұуыққа тонғыш жұқа жылқы, бапелеп кетіуді керексінетұн жылқы қара шарыуаға қол емес. Қара шарыуаның аты басынан нені кешірмейді? Ызғарлы қыстыда, қарыған айаздыда, ысқырған борандыда, күндіз түні сабалаған жауындыда қара шарыуаның аты жұмыста жүріп басынан кешіреді.

Қара шарыуаның аты тамақ талғамайтұн болсын. Қазақ қара шарыуасының қолында жақсы шөптің қоры аз болады. Тамақ талғағыш жылқы қара шарыуаға масыл болады.

Қара шарыуаға ербійген-сербійген ірі жылқының керегі жоқ. Ірі жылқыға тамақ та көп керек. Ондай жылқының тамағын тойғызыу қыйын болады. Тамағы тоймаған ат жұмысқада дұрыс жарамайды. Қара шарыуаға онша іріде емес, онша уақда емес жылқы тійімді. Тым уақ жылқыны қанша пысық деген мен күші шамалы болады. «Кішкенені мақта да, үлкенді мін» деген дұрыс мақал. Ірілігі орташа атты асырауда онша ауыр болмайды, күшіде жақсы болады. Тамағы да жаман болмайды. Күші де жақсы болады. Тамағы жаман жерде уақ тырсылдаған қара етті жылқы ұстау тійімді. Ондай жылқыға тамақда аз керек. Үй жұмысына күші де жетеді.

«Білім мен еңбек»-тен

Сыйыр сатып алыу.

(Дәмеш шешей мен Мариаш келін
жақсы сыйырды қалай танып сатып алды).

«Көрші қалада орыстың бір жесір қатыны сыйыр сатады дейді. Біздің үйдегі сыйыр танымайды. Үйінді бикешке тапсырып, мені мен бірге жүр. Сыйыр көрелік» деді Дәмеш шешейге келіп Мариаш келін. Дәмеш шешей ауылдағы қатындардың ішінде әрі тіс қаққаны, әрі сыйырды ұстаған адам еді. Екі әйел арбаға қойқын көкті жегіп, жанындағы түйе мойнақ қаласына қарай тартты.

Қалада сыйыр ійесі жесір қатын қорасына келіп кірді. Қоңыр шұбар сыйыр тұр. Жесір әйел мен қызы сыйырын көрсетіп, жүнін сыйпап, мойнынан қағады. Мариаш келін өзі сыйыр танымайды, Дәмеш шешейге қарай береді. Шешей не дер екен деп көзін айырмай күтеді. Дәмеш маңғазданып үндемейді. Дәмешке қоңыр сыйыр бірден-ақ ұнаған. Бірақ әбдан қарағысы келеді.

Ысылған Дәмеш салғаннан сыйырдың желініне көз жіберіп, жайлап қарай бастады. Үйтпесе болмайды: сүт шығаратұн деген – желін ғой.

Қоңыр сыйырдың желіні үлкен, тырсылдақ емес босандау, желіннің терісі жұп-жұқа. Бетінде майда уақ жүн бар. Сүтті көп жыйнайтұн желін түрі көрініп тұр. Желіннен тараған сүт тамырлары жуан, тап білеудей.

Дәмешке сыйыр желіні ұнады. Бірақ, анық жақсы біліу үшін сауып көргісі келді.

«Сыйыр қалай екен?» деп сыбырлап Дәмештен Мариаш сұрайды. Мариаш сыйыр жайын білгенше асығып барады. Дәмеш естімеген кісі болып жауап бермейді. Сыйырдан көз жазбайды. Қоңыр сыйырдың басы кішкене, етсіз, мүйізі қысқа, сүйектері жіңішке, көзі ойнақшып тұрған жоқ. Жуас сыйыр көрінеді. Жұмсақ жұқа терісі мойнына уақ-уақ қатпар болып жыйналған. Қабырғалары әрі жіңішке, әрі жұқа, аралары қашық, сайына екі саусақ сыйады. Құйрығы ұзын, жүні май жаққандай жылтылдап тұр. сүтті сыйыр екені әр жерінен көрініп тұр. Дәмеш сыйырдың мүйізіне қарады. Мүйізінде үш бұнақ бар екен. Үш бұзаулаған сыйыр екенін Дәмеш сезді. Сыйыр бұзаулағанына екі айдай ғана болған. Ійесі күніне бір шелектен асыу сүт береді дейді. Ійелері басқа жаққа көшеміз деп сыйырды сатыуға тұр екен. Көшпесе сатарлық сыйыр емес. Дәмеш сыйырды сауып көргісі келіп, шелек сұрады. Емшегі ұзын, тегіс, төменгі жағы жіңішкеулеу – сауыуы оңай екен. Сыйырдың сүттілігі рас болып шықты. Сауып болғанда сыйырдың желіні семіп, құр қабы ғана қалды. Құр ет желін емес, сүт желін екені көрінді. Сыйырды сатып алыуға болғандай екен.

Сыйырды әбдан қарап болып, Дәмеш Мариаш келінге үндеме дегендей болып көз қысты да, өзі сыйырдың нарқын сұрады. Бәсі қымбатырақ екен. Дәмеш көп саудаласып барып, бәсіне келісті. Бір аздан соң Дәмеш шешей мен Мариаш келін сыйырды тертеге байлап, қорадан шықты.

– Келін, сыйырың құтты болсын, жақсы сатып алдың. Желінінде бір тамшы сүт қалдырмай сауып алып отырғайсы. Әйтпесе, қалған сүт желінге зыйан келтіреді, – деді жолда келе жатып Дәмеш.

Сұраулар: Сүтті сыйырдың қандай белгілері болды?

Өз сыйырларыңның сүттілік белгісі бар ма? Сыйырды қалай сатып алыу керек?

Сыйыр сауыуы.

Басқа қатындар: сыйырымыздың желініне жара түсті, көз тийді, емшегі жарылып кетті деп жүргенде, Дәмеш жеңгейдің сыйырларының желіні ауырыусыз, даудан аман болады. Басқалардан Дәмеш жеңгей сүтті де көбірек алады. Дәмеш жеңгей сыйырды сауа біледі.

Сыйыр келгенде Дәмеш қолын тазартып жұуып шығады. Шелегіне жылы сұу құйып ала жүреді. Нар көз тостағанға тортасын айырған сары май салып алып, таза шүберек ала шығады.

Әуелі қызыл сыйырға келіп, Дәмеш жеңгей емшегін жылы сұу мен жуады. Таза шүберегі мен әбдан құрғатып сүртіп барып, сыйырын сауа бастайды. Үрпін әуелі бір екі тартып жерге сауып жібереді. Сүйтіп, емшек ұшында шаң болса кетсін дейді. Жана үріптен алдыңғы шыққан сүт сұйық болатұнын біледі. Бұлардың бұзауға зыйаннан басқа пайдасы жоқ екенін түсінеді. Бұзауын салып ійдіріп алған соң, Дәмеш сыйырды кідірмей шапшаңдатып сауа бастайды. Сауғанда сыйыр емшегін Дәмеш айқастыра тартады: алдыңғы емшекті артқа, артқы емшекті алға қарай тартады. Басқа қатындарша Дәмеш екі саусағы мен саумайды. Барлық саусағы мен емшекті жоғарырақ алақаны мен қысып тартады. Бұлай

сауыуды Дәмеш жүргінші бір ағыраномнан үйренген. Бұлай сауса сүт қалмайды.

Дәмеш сыйыр желінінде бір тамшы сүт қалғанша сауады. Сыйыр желінінде сүт қалдырып үйренбесін дейді. Жана соңғы сүт ең қойыу, ең майлы болатынын біледі. Тіпті сүт қалмасын деп, сауып болған соң Дәмеш жеңгей енесіне бұзауын салып алады. Басқа қатындардай: қалған сүт сыйыр емшегінде тұрады демейді. Емшегінде сүт қалдырып үйреткен сыйыр сүтін азайтатұнын көргені бар. Бұзауын емізіп болып, Дәмеш жеңгей сыйырының емшегін үйден ала шыққан шүберегі мен әбдан құрғатып сүртеді. Сонан соң әрі жарылмасын деп, әрі жұмсақ болсын деп майлап қойады.

Кейде тарғыл қашар тыпырлап, құйрығы мен сабалап сауғызбайды. Дәмеш тарғыл қашарды ұрып соқпақ түгіл, жекірмейді де. тек қашардың құйрығын айағына байлап қойады да, сауа береді. Құйрығын бұлғай алмайтұн болған соң қашар тек тұрады.

Сұраулар: Сыйырды қалай сауыу керек? Шешелерің қалай сауады?

Қаймақ.

Сүт ішінде жүзіп жүрген уақ домалақ нәрселер болады. Бұл домалақтарды жай көз бен көріуге болмайды. Уақ нәрсені әлде-неше жүз ірет ірілендіріп көрсететұн құрал бар. Бұл құралдың аты – мійкроскоп. Көзге ілінбейтұн нәрсені де мійкроскоп үлкен қылып көрсетеді. Мійкроскоп бен бійтті қарасаң, жүндеген қара қайыс түйедей болып көрінеді. Айағының ұзындықтары құрықтай. Тырнақтары темір айырдай болып көрінеді. Мійкроскоп бен сүтті қарасаң, арасында быжынап қалқып жүрген домалақтарды көресің. Бұл домалақтар – май. Май сұудан жеңіл. Ет қайнағанда хылан қара майы сорпаның бетіне шығады. Сүттің ішіндегі май жоғары көтеріледі. Сүтті қозғамай құйсаң, ішіндегі май бірте-бірте жоғары көтеріліп, сүттің бетіне жыйылады. Сол жыйылған майды жұрт қаймақ дейді. Сүт көп тұрған сайын ішіндегі май домалақтары жоғары шығып, бетіне көбірек жыйылады. Сүт екі тәулік тұрса, ішіндегі май әбдан көтеріліп болады. Сүт көп тұрса, бетіне қаймақ көп тұратұны сонан. Екі тәулік тұрса, сүт ішінде май қалмайды деседе болады. Сүтті шійкілей құйса, қаймақ көбірек, жақсырақ тұрады.

Ашыған қаймақ.

Жылы жерде тұрған, із көп тұрған сүт іріп кетеді; дәмі ашқылтым болады. Сүтті ашытатұн – көзге түспейтұн уақ құрттар. Мұны ғылым тілінде мэйкроб із бәктері деп атайды. Жылы жерде бәктерілер тез көбейеді. Сондықтан жылы жерде сүт тез ашыйды, ірійді. Қаймақты жылы жерге қойса, ашый бастайды. Бірақ қаймақты ашытыудың уытын біліу керек. Ашыуы жетпеген қаймақ тез бұзылады. Ашыуы асып кетсе, қаймақ дәмсіз, тым ашшы болады. Дұрыс ашыған қаймақты салқын жерде ұстау керек. Ашыған шійкі қаймақты орыс қалқы «ісетаны» дейді.

Сары май.

Қаймақтың өзі – май. Бірақ, қаймақтағы май уақ домалақ түйір болып жүреді. Сол түйірлер біріне-бірі қосылса, қойылып, қатайып май болады. Қаймақтағы домалақтар бір-біріне қосылыу үшін қаймақты шайқау керек. Шайқағанда уақ домалақтар біріне-бірі тійеді, жабысады, қосылады, жұмарлақтана береді. Шайқай берсе домалақтар біріне-біріне қосылып ірілене береді. Ақырында балшықтай ійленіп үлкен домалақ болады. Сүйтіп қаймақтан май шайқағанда майдың қойыу сұуы қалады. Сұу бетіне май қалқып жүреді. Қалған сұудың ішінде айырылмаған май көп қалады.

Майды тез шайқайтұн машина болады. Ондай құралды қолдан ағаштан жасауғада қыйн емес.

Ұсынақты адам май шайқайтұн машинаны бір көрсе, сондай қылып жасап алыуғада болады. 1924 жылы 1/2 шелек қаймақты бірден шайқайтұн машина 12 сом, 2 ½ шелек қаймақ шайқайтұны – 30 сом 50 тыйн тұратұн еді.

Шайқаған майды сұуық сұуға жұуыу керек. Сонда май ішінде сүт қалмайды. Ішінде сүт қалған май тез бұзылады. Жұуылған майды әбден сығып, ыдысқа салып алып қойады. Орыс қалқы сататұн майын жұуыу бойына әзір қалыпқа салып қатырады. Тоназыған соң, қағазға орап, базарға алып барып сатады.

Кейде сары майды ерітеді. Еріген май бұзылмай көбірек шыдайды. Еріткен майды орыс қалқы «орыс май» дейді. Қазақ «шырытлдық» дейді.

Сепаратұр.

Қаймақ айыратұн «сепаратұр» деген машина болады. Сепаратұр шет елдің тілі. Қазақшасы – айырғыш, бөлгіш деген болады.

Қатындай аяққа салып тары екшегенде, ауыр дәндері табақтың шетіне домалап шығып, жеңіл кебегі табақтың ортасында қалады. Не ұғұрлым қатын табақты тез қақса, соғұрлым тарының дәні табақтың жийегіне шапшаң жыйналады. Енді тіктеу зеренге шала жарылған сұулы көжені құйып, қасық бен шапшаң-шапшаң былулақы. Сонда тарының дәні үйріле бастайды. Бірақ, көженің ірі толық түйірі зереннің шетіне жыйыла бастайдыда, ортасында сұумен уақ жеңіл, жарылған дәндер қалады. Мұны ғылым тілінде сыртқа теппе күш дейді. Сепаратұрда майды сол күшке сүйеніп айырады. Сепаратұрдың май айырғаны да әлгі біздің көже былғағанымыз сықылды. Сепаратұрдың әлгі біздің қасығымыз сықылды тез айналып тұрған құралы – барабаны бар. Барабан мүйнегіне 5 мың ірет айналады. Сепаратұрға құйған сүт екі айрылады: бірі қаймақ сүттен жеңіл болған соң, сепаратұрдың ортасында қаладыда, ауыр сүт, әлгі көженің түйірі сыйақтанып, сепаратұрдың шетіне жыйналады. Бір түтік сепаратұрдың ортасынан сыртына шығып тұрады, екінші түтік ішкі жийегінен ғана сыртқа шығады. Ортасынан шыққан түтіктен астына қойған ыдысқа қаймақ ағып тұрады. Жийегінен шыққан түтіктен құр сүт ағады.

Үлкендігіне, жұмысының өнімділігіне қарай сепаратұрдың нарқыда түрлі болады. 1924 жылы сепаратұрлар 80 сомнан бастап 150 сомға шейін баратұн еді. Тәуір сепаратұр бір шай қайнатымда 3 шелектей сүттен қаймақ айрады.

Сүт артелі.

Дәмеш жеңейдің 3 бұзаулы сыйыры бар. Дәмеш сыйырының сүтін сатып күн көреді. Сүтті Бөрте болысының сүт артеліне береді. Артелге Дәмеш мүше болып кірген. Артел сүтті қалаға алып барады. Бөрте артелінің басқа артелдер мен бірігіп сүт сататұн мағазіні бар. Сүттен түскен ақшадан қалаға алып барған кірей пұлын, мағазін шығынын, ыдысқа кеткен ақшасы сықылдыларды шығарып тастайды. Қалғанын артел мүшелері берген сүтіне қарай бөліп алып тұрады.

Бөртеде артел ашылмай тұрған кезде Дәмеш қыйндық көрді. Жоқшылық салдарынан сүт сатбасқа амалы болмады. Базар 15 шақырымдай жерде. Сүтін иә жайау алып барып, иә бара жатқан біреуге жалынып, кейде кіреу төлеп де көлікпен алып барып сатып жүрді. Сүт тасып қалаға сатыуды қыйнсынып, Дәмеш құрт, ірімшік, май жасап сатқысы да келді. Бұларыда тіймді болмады.

Жақында екі шақырымдай жердегі ауыл сүт артелін ашты. Дәмеш жарна төлеп артелге кіргісі келді; қолына түскен ақшасы мен артелге барды (жарна деп мүше болғандар төлейтүн ақшаны айтады. Бұл ақша артел жасауға ұсталады). Қатынды артелге алмас депде Дәмеш қорқып келеді. Олай болмай шықты. Қатындыда артелге ала береді екен. «Бізге еркек, әйел бәрі бір. Бұл күнде теңдік. Үш сыйырыңа 15 сом салсан болады» десті. Артелге кіргендер сүтін қанша ішіп, біреуге тегін қанша беремін десе ерікті екен. бірақ, артелден басқа жерге сатыуға болмайды екен. Дәмешке ыдысыңды таза ұста деп ақыл берісті.

Дәмеш бұрынғыдай алыс базарға сүтін жайау тасымайды. Күнде артелге алып келіп бередіде қолыңға қағаз алады. Жұма сайын бәйсембі күні ақша төлейді. Қанша төлейтүнін күнде беріп тұрған қағазына қарай есептейді. Ақшаныда кбәйтенсе мен береді. Артелдің ісін басқарма мен өкілдер жалпы жыйылысы басқарады. Бұларды сайлайтүн артелдегілердің жалпы жыйылысы. Мүшелері артелге таза, жақсы сүт беріуі керек. Сондықтан бұлар сүті қалада қымбатырақ сатылады. Қалада білетүн адамдар артел сүтін алыуға тырысады.

Сүті көп болса, ақшасы да көп болатұнын біліп, артел мүшелері сыйырын дұрыс күтіп, дұрыс асырауға тырысады. Сүтті тұқымнан сыйыр алыуға, ол сыйырға лайықты тамақ әзірлеуге ұмтылады. Оның үшін шөп егеді, шарыуашылық гүлденеді. Артелдің сүтінде молайа береді, ісі де оңала бастайды. Артел тійімділігін біліп, жұрт артелге көбірек кіреді. Артел мүшесі көбейеді. Артелдер молайады. Артел молайған сайын жұрт артелге көбірек кіреді.

Мал шарыуаларының ұйымы.

Мал бағыуды жандандырып өршітіу үшін көп жұмыс істеу керек. Бұл жұмысты орындайтұн еңбекші қара шарыуалар болады. Орындау үшін қара шарыуалар мал өсіретұн серіктік иә ұйым ашыулары керек.

Серіктік өз алдына басқарма сайлайды. Басқарма тұқым малын аман сақтайды. Керек қылған аудандарға тұқым малы сатылыуын қарап тұрады. Шарыуаға керек ақыл мен мағлұмат беріп тұрады. Жас төл сатқысы келген кісі басқармаға айтады. Басқарма жас малды қасапшыға иә сойатұн қасап зауытына сатпайды. Мал қылып тұтынатұн жерге сагады.

Бұл күнде тұқым малын елге жетістіретұн орындары – шарыуалық, иә асыл тұқым (плекқоз, плеқкуултұр) тарататұн ұйымдар. Бұлардан басқа тұқым малын сагатұн жер жоқ. Бірақ, бұлардың тұқым малы әрі аз, әрі қымбат.

Әр жерде мал бағыушылар сертіктігі, ұйымдары ашылып, кеңсеге тіркелсе, іс тіпті жақсы болар еді. Мұндай серіктіктер әр үйездеде болыуға тийіс. Үйездің жер бөлімдері жас малды қайда сатып, қайдан алатұнын қалыққа білдіріп отырыуы керек.

Өзір мұндай іс жоқ. Алыушы сатыушыны, өз беттерінен іздеп тауып отыр. Бұл ескі жол. Мұны мен жүріуге болмайды.

Ондай мал қашыратұн орындарды бірігіп қалықтың өзі ашса, іс жемісті болады. Қалық өзі араласып істесе, жұмыстың керектігіне түсінеді. Өз күшіне өзі сенеді, белсеніп іс қылады. Ортақ істеген жұмыстың артықшылығына көзі жетеді.

Үйрге жарарлық мал аз. Қалық өзі ұйымдастырса, онанда бетер азаыады.

Бір неше шарыуалар сыйырының тұқымын асылдандырғысы келсе, алды мен сол ойлаған тұқымның бұқасын сатып алыу керек. Жақсы бұқаны сатып алыуға әркімнің әлі келе бермейді. Бірігіп сатып алыу оңай. Сондай шарыуалар мал қашыратұн серіктік, айғыр, бұқа, қошқар серіктігін ашыуға болады.

Мұндай серіктік мүшелерінің міндеттері мыналар: 1) үйір малының тізбесіне түскен сыйырды серіктіктің бұқасына, айғырына, қошқарына қашырыу, 2) үйірге арналған малды маңындағы мал (өстекесіне) көрінісіне алып барып тұрыу, 3) басқармаға малы тұуралы, малының сүттілігі, күштілігі, жүнділігі тұуралы, малын қалай асырайтұндығы тұуралы мағлұмат беріп тұрыу, 4) арналған мүшелік жарнасын төлеп тұрыу. Биесін, сыйырын, саулығын серіктіктің айғырына, бұқасына, қошқарына қашырған адам ол малын оның баласын басқармаға айтпай иә сатыуға, иә сойыуға болмайды.

Қалық осындай серіктікке араласса ғана мал тұқымын асылдандырыуға болады.

С.Пыройдолійн

Қайткенде шарыуа түзеледі?

«Қара топырақсыз жердің шарыуасы түзеліуге жалғыз ақ шара бар. Ол шара – мал бағыу».

Мал бағыуды күшейтсе, шарыуа түзеледі. Шөпсіз, пішенсіз мал бағыуға болмайды. Жоңырышқа сыйақты шөп ексең, жайылым мен тоғайды ондасаң шарыуа түзеледі.

Торғай жеріне үйренген малдың тұқымын сұрыптасаң, төлін дұрыс күтіп асырасаң, шарыуа түзеледі.

Мал тұқымын асылдандыратұн серіктіктер ашылса, шарыуа алға басады.

Малды қалай болса, солай асырауды тастап, салмаығна қарай мөлшермен асырасаң шарыуа түзеледі.

Қоранды таза, жылы, құрғақ қылып ұстасаң шарыуа түзеледі.

Малдан өнген тірнекті серіктесіп дұрыстап сататұн ұйым болсаң, шарыуа түзеледі.

Шарыуа жайында шығып жатқан кітаптарды, газеттегі мақалаларды көп оқысаң, шарыуа түзеледі.

Өзіңе өзін сеніп, белсеніп іс қылсаң, шарыуа түзеледі.

Бұл жолдардың қолдарыңнан келетұн біреуін таңдап алып іске асырасаңдар, біріндеп бәрін қолданаңдар тіпті жақсы. сонда тамағың тоқ, көйлегің көк болады. Мемлекетке мықты пайда келтіресің. Тек жалқауланбаңдар.

Пройдолійн

Тоғай.

Шөпті жерді адам түрліше пайдаланады. Шөбін шаппай, тек мал жайып пайдаланатұн жерді жайылым дейді. Орыс қалқы тек жайылым мен тоғай деген ғана атты біледі. Қазақта жайылымның бір неше түрі бар. Малдың айағы жетіп жайылып қайтатұн жерді өріс дейді. Күз мал жайатұн жерін күзеу дейді. Жаз мал жайатұн жерін жайлау, қыс мал жайатұн жерін тебін дейді. Күз иә қыс жеуге арнап, басқа кезде мал түсірмейтұн жерін қорық дейді.

Шөбіне, жеріне қарай тоғайда түрлі болады. 1) Өзен алабына тасқан сұу шайатұн тоғайды жайыылма дейді, шөбінің бітіктігі мен жақсылығы жағынан тоғайдың ең жақсысы жайылма. Қазағыстанда жайылманың ең жақсы жерлері Ертіс бен Жайықтың сол қабырғасы. Бұл байағыда атты-қазаққа зорлық бен қазақтан тартып алынып, бұл күнде қазаққа қайтарылып жатқан жерлер. Сонан соң жақсы жайылмалар Есіл, Тобыл, Торғай, Ырғыз, Оралдағы Шежін мен Қабыршақты (орысша Кушум) бойларында, Елек жағасындада әр жерде бар. Басқа өзендер, көлдер жағасында жайылма көп. Ресейде үлкен жайылмалар Еділ, Ока (Еділдің сағасы), Мәскеу (Мәскеу қаласы тұрған өзен), Болқұп (Ленинград бен Мәскеу арасындағы өзен) өзендерінің бойында болады. 2) Алап тоғайы сай саланың алабында, аңғарында болады. Мұндай тоғайға сұу көбінесе түспейді, Қазағыстанның орталығындағы тоғайдың көбі осындай Ресейдің орталығы мен оң түстігінде тұрады. 3) Қыраң тоғай деген қырдағы бозды жер. Қазақ жеріндегі тоғайдың көбі осы. Ресейдің оң түстігіндеде болады. 4) Орман тоғай ағаштың алаңында болады. Қазағыстанның аман қарағай, ара қарағай, Қазанбас ормандарының арасындағы тоғайлары сыйақты. 5) Саздақ тоғай сазды жерде болады. Шөбі мүк, шырмауық сықылды кеелді. Қазақ жерінде

мұндай тоғай жоқ. Ресейде Арқалық жақта болады. 6) Таулы жер тоғайы Қазағыстанда Семей, Жеті сұу гүбірнелері тауларының арасында болады. 7) Күреңсе – Қара құм, Борсық сықылды құмдардың ойында болады. Жер астындағы сұудың ызасы мен құм ішіндегі шокырларға қалың шөп шығады. Соны қазақ күреңсе дейді. Ресейде күреңсе жоқ. 8) Көлтабан – жазғы тұры сұу түсіп, шалыу шыққан соң сұуы кеуіп кететүн ойпаң жерлер, көлтабан шөбі жайылма шөбіндей қалың бйік болып шығады. Көлтабан Қазағыстанның орталығында көп. Түбі төмпешікті көлтабанды қазақ томар дейді.

II. Егіншілік.

Егіншілікке жаратылыстың әсері.

Егіншілікке әсер беретүн жаратылыстың күшті нәрселері мыналар: жер ыңғайы, жер жаратылысы, жер құйқасы, ауа.

Жер ыңғайы дегеніміз жердің жылы, орташа иә сұуық үйекте тұрууы, болмаса солардың біріне жақын тұрууы; батысқа иә шығысқа жақын болууы. Әрйіне, жазы қысқа, қысы қатты. Күн көзі бір неше ай көрінбейтүн мұз теңізінің жағасында тары, бйдай салыуға келмейтүні анық.

Жер ыңғайына жер бетінің бйіктігі де кіреді. Тау басының ауасынан тегістік ауасы басқа.

Жер жаратылысының егіншілікке әсері молдығы мынау: егін сұусыз шықпайды. Жер астындағы сұу терең жатса, иә аз болса, болмаса ашшы болса, әрйіне егін салыуға қолайсыз. Қолдан сұуарууға тіпті келмейді. Сұудың ашшы болууы да жердің топырағы ашшылығынан. Жер үстіндегі тас, құм сазына қарай жердің құйқасы болады. Сүйтіп, жер жаратылысының егінге әсері көп екенін көреміз.

Қысқартып, жеңілдетсек, жер құйқасы деп өсімдік шығаратүн құуаты бар қыртысын айтады. Құйқа екі қабат: 1) үстіңгі қабаты өлікті, қоңыр түсті; 2) астыңғы қабаты да өсімдік тамағын әсіресе сұу сақтауға керек. Жер құйқасы: 1) ауыр 2) жеңіл болады. Ауыры сазды құйқа; топырағы жабысқақ, жыртуға ауыр. Сұу өтіуі шамалы. Боқтық сықылды өзекті зат ауыр құйқада жай шірійді. Сондықтан мұндай құйқада өсімдікке тамақ молырақ болады. Жеңіл деп құмды құйқаны айтады. Бұл құйқа жыртуға оңай, сұуды өткізгіш. Бірақ өзекті зат мұндай құйқада тез шірійдіде құйқада өсімдікке керек жөнді тамақ қалмайды. Бұл екі арасында саздақ, құмдақ топырақ болады.

Егіске ең қолайлысы – қара топырақ, өлікті топырақ. Өсімдікке тамағы мол топырақ – қара топырақ. Қара топырақты жерде егін салыуға қолайлы болады. Қара топырағының көптігін салыстырғанда, Ресейдей бай ел жоқ. Ішкі Ресей жерінің үштен біріндейі қара топырақ. Бұл қара топырағының жалпы ауданы 103 міліон десетйіне шамасы. Қара топырақтың арқалық шегі: Бердйшоп, Кййіб, Арол, Тамбоб, Қазан, Мензелі қалалары арасынан тартқан сызық. Сонан Кірастүупимк үйезінде Орал бөктеріне тоқталады. Оң түстік шегі: қара теңіз бен Азау теңізіне тайау, онан Нобо-шеркеш қаласы мен Қобан, Терік, Ыстабропол гүбірнесі мен жүріп Еділді Камшин қаласы тұсынан кесіп алады. Онан әрі Самар гүбірнесінің оң түстік шегі мен Орынбор гүбірнесінің арқалық бетіне құлайды. Осы қара топырақтың сілемі Қазағыстанның арқалық жағынада келіп айқасады.

Ауаның егіншілікке беретүн әсері тіпті анық. Сұуық жерде жеміс ағаштарын, күріш сықылды астықты егіуге, әрйіне, болмайды. Шөл жерде, жауын шашыны кем жерде шөлдегіш астықты салыуға келмейді. Жазы қысқа жерде көп тұрып пісетүн астықты салыуға болмайды.

Ішкі Ресейде соғыстан бұрын қандай жерлер бар еді.

Ішкі Ресейде барлық жерінің $\frac{1}{4}$ асыуы егістік еді. Қалғаны тоғай, орман, иә шарыуашылыққа келмей бос жататұн жер еді; астықда жаман шығатұн еді. Ресейде орташа алғанда, бір десетінен 47 пұт, Гермениеде 143 пұт бйдай түсетұн еді.

Астық жаман шыққанын жердің жамандығынан, ауаның қолайсыздығынан көріседі. «Сұу жетпейді, жаңбыр аз» деседі күн шығыс бен оң түстік жақта.



«Сұу көп болып шірітіп кетті» деседі аркалық жақта. «Жеріміз құрсын!» – төмпешік, батпақ, дұрыс жер жоқ» деседі Темір қазық жағымызда. Бірақ істей білген адам егістігін молайтып, жаман жерді жақсы қылады.

Қазағыстан топырағы.

Арқадан оң түстікке қарай жүрсең, Қазағыстанда топырақтың мынадай түрлері ұшырайды: 1) қара топырақ, 2) каштан топырақ, 3) қатқыл топырақ, 4) көгіс кебір топырақ. Бұлар арасында таздың шұбарындай әр жерде сортаң, құм, күлсымақ топырақтар ұшырайды.

Қара топырақ Қазағыстанда тіпті аз. Қара топырақ жерлер: Қостанай, Қызылжар, Көкшетау үйездері, Алақадан Атбасар, Омбы үйездерінде, Керекіу үйезінде; Зайсан, Семей, Өскемен үйезінің шығыс бен оңтүстік бұрыштарында қара топырақтың оңтүстік шегі: Орынбор мен Орал гүбірнесі арқалығындағы сырт дөңінен Елек құйады. Елек құйып жоғарыдан Ақтөбе қаласы тұрған шамаға барады. Елек пен Жайық арасындағы жон тәуір топырақ. Онан Жаманқаланың оңтүстігінен бұрылып, Қостанай үйезіндегі Құсмұрын (Обаған) көлінің солтүстік жағынан $53-53,5^\circ$ шамасынан өтеді. Мұнан Қызылжар үйезін кесіп алады. Қызылжардан оңтүстікке бұрылып Көкшетау өтіп, Атбасар үйезін $52,5^\circ$ де кесіп алады. Бұл жерден күншығысқа қарай тағы Арқаға бұрылып, $53,5^\circ$ -ге кйілігіп, әрі қарай Ертісті кесіп өтеді. Ертістің оң бетінде үздік-үздік құндыздық қара топырақ бел-ағаш құлайды. Сүйтіп, қазақ жеріндегі қара топырақтың Көкшетау тұсындағы жері оңтүстікке салбыраңқы, екі шеті арқаға қарай

түрік. Қазағыстан кара топырағының екі басы жіңішке, орта шені бұуылытқ. Тұрпаты арбаның бел ағашы сыйақты.

Қазағыстанда кара топыраққа жалғас оңтүстікке қарай каштан топырақ жатады. Бұл алаптың арқа жағы қоңыр каштан. Оңтүстік жағы сарғылт каштан. Каштанымыз көбінесе селеу сықылды. Шөп бітетүн Шыңғырлау маңы Жымпыйты үйезі, Ақтөбедегі Ойсылқара, Қамысақты болыстары. Қостанайда жеті гүл, Бестөбе, Аққарға, Торғайдағы Наурызым болыстары тұрған жерлер топырағы каштан аталады. Атбасар, Қара өткел, Қарқаралы жерінің орта шені каштан топырақты. Каштанның оңтүстік шегі 47-48°дер.

Қатқыл топырақ каштанның оңтүстігінде жатады. Мұнымыз кәдімгі жұусан, ійзен көп шығатүн топырақ. Кейбір топырақтың Қазағыстанға солтүстік ұшы келеді. Түркістан мен аралығында ашшылы, бұталы татыр, кебірлер.

Егіске қолайлысы – кара топырақ. Мал бағыуға каштан топырақда жарайды. Бірақ егінге онша емес. Қатқыл мен кебір топырақ қай шарыуаға да қолайсыз.

Пропесұр Глінкеден.

Сұраулар: Өз жерлерің қай топырақ ауданына кіреді? Қандай кесіпке қолайлы? Картеден Қазағыстандағы 4 түрлі топырақ тұрған жерлерін шегі мен жүргізіп көрсетіп шығындар.

Қазағыстан ауасы.

Орнына, табиғатына қарай Қазағыстанды ауасы жағынан екіге бөліуге болады: 1) Темірқазық бет, 2) оңтүстік бет. Бұл екеуінің шегінің шамасы 50%.

Қазағыстан топырағы ылғал, ұстауға қолайсыз. Үйткені кара топырақ кем. Түскен ылғалды күн қыздырып кептіріп кетеді. Топырағы ылғал ұстап тұра алмайды. Айнала ылғал ұстарлық нәрсе болмаған соң, ауа құрғақшылық. Алыстағы теңіздерден келген ылғалды жер иә тоқтамай асып кетеді, иә кең далада құрғап кетеді. Жер бетінде жыйлған ылғал иә күн мен қызып кеуіп кетеді, иә жер астына алысқа сіңіп кетеді. Арал мен Каспій теңізі кішкене, олардың ылғалға септігі жоқ.

Қазағыстан ауасы кантійнент ауа (құбылмалы құрғақ ауа). Ауа ашық, айқындығынан, сійректігінен күн көзі оңай өтіп, жаздыгүні жер бетін қатты қыздырады. Ашық сійрек ауа болған соң, қыс қар көзін кейін тептіріп, жерге өткізбейді. Сүйтіп, Қазағыстан жазы тым ыссы болады, қысы тым сұуық болады. Түні мен күніде осылай құбылмалы, күндіз жылыған жер түнде ауа ашық болған соң, жылылықты тез шығарып жібереді. Жаз күндіз ыссы, түнде салқын болады. Қысқы түндері айазды болады.

Қазағыстан желі көбінесе арқалық жағында оң түстік бен батыс арасынан соғады. Оңтүстігінде арқа мен шығыс арасынан соғады.

Қазағыстан әр жерінде жауыны әр түрлі. Жеріне қарай жылына 90-385 миллиметр (қазақ әйелінің сыйыр сауатын тікше ақ шелегінің бийіктігі 290 мійлліметірдей) ылғал болады.

Қазағыстан әр алабындағы топырағына қарай жауыны да түрліше. Жақсы қолайлы топырақты алабында жауын да көп, топырағы жаман алабында жауында кем. Түстік Түркістен шегіндегі ең қолайсыз кебір – татыр

топырақты ауданда жылына 150 мйлиметір жауын жауады. Онан бергі көгіс қатқыл топырақты ауданда жылына 150-200 мйлиметір жауын жауады. Орталық каштан топырақты қалың селеу мен боз шығатұн ауданда жылына 200-300 мйлиметір жауын жауады. Аркалық қара топырақты ауданда жылына 300-400 мйлиметір жауын жауады. Таулар арасында 300-400 мйлиметір жауын болады.

Бұл жауынды басқа жерлер мен салыстырсақ анығырақ түсінеміз. Үндістанда Ганг деген өзен құйылысында жылына 23269 мйлиметір жауын жауады. Ішкі Ресейде 150-650 мйлиметір жауады.

Қазағыстанда жауын ең көп жауатұн мезгіл жаз бен жазғытұры. Қазағыстанда жауған жауынның жарыдан көбі иә кеуіп, иә жер астына сіңіп кетеді.

Қазағыстанда бұлтты күн аз болады. Оңтүстікте жылына қалың бұлтты күн 60, жай бұлтты күн 185, ашық күн 120 болады. Солтүстікте жылына қалың бұлтты күн 110, жай бұлтты күн 195, ашық күн 60 болады. Қазағыстанда ең бұлтты ай декабір.

Макейібтен.

Ресейде егіншілік.

Ресейде пабірік-зауыт кесібінен, кен қазыудан басқа өнерлі кесіптен ауыл шарыуашылығы басым. Ауыл шарыуашылығы Ресей кесібінің ұйытқысы деуге болады. Бүтін Ресей қалқының 70% ауыл шарыуашылығынан күн көреді. Кей жерінде елдің 90% ауыл шарыуашылығы мен тұрады. Ауыл шарыуашылығынан жылына түсетүн нәрсе пабірік-зауыттан түсетүн нәрседен 2-3 ірет артық. Ресейдің өз ішіндегі алып-сататұн нәрсесінің тең жартысы ауыл шарыуашылығынан өнеді. Ресейдің сыртқа сататұн нәрсесінің 5/6 ауыл шарыуашылығының тірнегі. Бұларды тасыудан мемлекетке көп түсім тағы түседі.

Ауыл шарыуашылығының ішінде Ресейде егіншілік басым. Ресейді егінші жер деуге болады. Егін ішінде Ресейде астық салыу күшті. 1913 жылы Ресейде 88 мүліен десетійне жер салынған. Мұның 91% шарыуа, қалғаны басқалар салған. Соғыс салдарынан егін салыу кеміп, 1922 жылы тек 51,219,000 десетәйне салынған.

Ресейде көп салынатұн астық қара бйдай, сонан соң ақ бйдай, сонан соң сұлы, тары, жүгері. 1922 жылы қара бйдай 16 ½ мүліен десетійнедей, ақ бйдай 9 мүліен десетійнедей, сұлы ½ мүліен десетійнедей, тары 4½ мүліен десетійнедей, жүгері 2 мүліен десетійнедей салынған.

Соғыстан бұрын бүтін жер жүзінде шығатұн қара бйдайдың 50,9%, арпаның 29,6%, бйдайдың 28,6%, сұлының 24,2%, картоптың 23,6% Ресейде өнген.

Соғыстан бұрын Ресейде жылына барлық астығы мен картобы 7 міліярд пұттан асыу болған. Мұның көбін шығаратұн орын қара топырақты аудан. Соғыстан бұрын Ресейде жылына 780-800 мүліен пұт астық өзінен өршіп отырған. Мұны шығаратұн да қара топырақты аудан. 1922 жылы барлық астығы мен картобы Ресейдің 2825 мүліен пұт ғана шыққан.

Ресейде егіншілікті күшейтіу кезекті мәселе.

Барисүптен.

Қазағыстанда қанша егін салынады?

Қазағыстанның көбірек егін салатұн жері Темір қазық аудан. Бұрынғы атын атасақ, Ақтөбе. Қостанай, Қызылжар, Көкшетау ең егінші үйездер еді. Бұл күндеде солай. Бұл үйездердің жері де, жауыны да Қазағыстанның басқа жерінен егінге қолайлы. Бұрын бұл үйездер өзі тамағын асырамақ түгіл, сатыу үшінде егін салатұн еді. Десетійнеге салып көрсетсек, Қазағыстанда мынадай жер айдалып келе жататұнын көреміз (бұл санақ Қазағыстан кіндік санақ мекемесінің «1924 жылғы Қазағыстан шарыуасын шолуы» деген кітаптан алынды).

Губернелер	Жылы				
	1917	1922	1922	1923	1924
Орынбор	981078	659113	253656	323630	414711
Қостанай	593760	569900	232999	241010	268846
Ақтөбе	493666	397110	237670	18670	182752
Бөкей	19258	22643	11950	21790	31595
Семей	6262100 ²	719100	335800	320000	353561
Орал	389954	196090	149101	122980	13040
Ақмола	995533	821510	316170	349650	409371
Адай	–	–	–	–	–
Барлық Қазақыстан	4102459	3295766	1537646	1561730	1790143
Сырдарыя ³	681100		–	–	–
Жетісіуу	469600		–	–	–
Қарақалпақ					
Бұрынғы Амұударыя бөлінісіндегі	59700	39800	–	–	–

Бұл сандардан көрінетұн нәрсе сол – 1917 жылдан бері қарай Қазағыстан егін салыуы ылғи кемі келген. Тек 23-24 жылдардан бері қарай тамтымдап көтеріле бастаған.

Егіс азайтыудың себебі көп: соғыстан, жұт, ашаршылық, құралдың тозыуы, жаңа құрал жетісе алмай жатқандығы. Көлік кеміуі, тұқым жетіспеуі тағысын тағылар қосылып егісті азайтқан.

Қоныстандырыу дұрыс тез жүріуі, ауыл шарыуасына қарыз күшейіуі, қара шарыуа бірігіп егін салыуы – егісті молайтып шарыуа түзеліуіне мықты себеп болмақ.

Сұраулар: Елдерінде егін кеміген себебі не? Егіс осы күні артып келеме, кеміп келеме? Егіншілікті күшейтіуге не істеу керек?

Жоғарғы сандарға дыйағырам салыңдар!

² 1916 жылы

³ «Түркістен шарыуашылық жағырапыйасы» Балащұп.

Қазағыстанда қандай астық көп егіледі.

Қазағыстан арқалығы болмаса, кең жалпақ сар даласы бйдай сықылды астыққа қол емес. Бйдай арыш, сұлы сықылды астық өлікті, қара топырақты жерді сүйеді. Бйдайды тал өкпе, Орал үйезінің арқалығында, Ақтөбе, Орынбор гүбірнесі, Қостанай, Көкшетау, Қызылжар үйездерінде, Атбасар, Ақмола, Керекіу, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы үйездерінің кей жерлерінде егуіге болады.

Орталықтағы, Оңтүстіктегі кең далада бйдай тамағы жоқ, ексең аштан өледі. Құмақты шөл деп мыш болып қалады. Өлекке түседі: тары шөлге берік, бйдай мүсе тұтпайтұн тамақты жей береді. Келер жылы орнында бйдай шығады. Сондықтан Қазағыстан көп жерінде тары егіледі. Құмақ жерге бйдай еккісі келген қазақ жерге тары салады. Жері өлікке байып, бйдайға тары тамақ әзірлеп кеткен соң, келер жылы тары орнына бйдай салады. Тарының әзірлеп кеткен тамағы бйдайға кейде бір жылға, кейде екі жылға жетеді. Ырғыздың төртқара, шөмекей, Торғайдың арғыны жаман құмақ жеріне осылай әдіс қолданады.

Сондықтан солтүстікте болмаса, оңтүстікте көбінесе тары егіледі.

Қай жерде қандай астық көбірек салынатұнын төмендегі саннан байқауға болады.

Қазағыстан кіндік санақ мекемесінің мағлұматы бойынша, 1923 жылы себілген түрлі астықтан

%ге салғанда:

Гүбірнесі	Арыш	Бйдай	Арпа	Сұлы	Тары	Кендір, жүгері, картоп, кунбағыс, бақша секілділер	Барлығы
Орынбор	61,1	52,4	6,4	9,4	8,4	7,7	100
Ақтөбе	9,7	42,3	7,1	6,1	31,0	3,9	100
Қостанай	4,3	57,9	8,0	11,2	12,4	6,2	100
Торғай	–	6,7	1,0	0,9	84,2	7,2	100
Орал	24,4	24,2	2,4	2,3	43,5	3,2	
Ақмола	4,1	68,4	4,0	12,6	6,8	4,1	100
Семей	1,5	49,2	4,7	13,3	23,6	7,7	100
Бөкей	14,2	52,4	2,1	1,4	22,8	7,1	100
Адай	–	–	–	–	–	–	–
Бүтін Қазағыстан	8,6	52,3	5,5	9,9	17,5	6,2	100

Тарыны ең көп себетұн жерлер Торғай, Орал, Ақтөбе, Семей, Бөкей екенін жоғарғы саннан аңғарамыз. Тарыны көп салатұн сол жерлердің оңтүстік жағы. Бөкейлікте теңізге қараған құм арасында тары көбірек егіледі.

Сұраулар: Жерлерінде қандай астық егіледі? Оның себебі не? Басқа астық салыуға болар ма? Құмақ жерде бйдайды қалай салуға болады? Оң түстікте тары салмасқа болады ма? Жоғарғы санға дыйағырам салыңдар!

Үш нәубетті егіс.

«Аштық еш кім мен бірге тұуысқан жоқ» деген бұрынғылардың мәтелі бар.

Жер жүзінде жәндәк біткеннің іздегені тамақ. Аштық салдарынан тамақ іздеп адам баласы тағы кезінде-ақ егін салуға кіріскен. Бұрынғы заманда ел аз, жер көп. Бір жерді тозғанша айдап, тозған соң оны тастай береді. Тың жерден барып айдайды. Бес-алты жылдан соң бұл жер тағы тозады. Дыйқаншы үшінші жерге барып соқасын төсейді. Сонымен тозған жерді қалдырып тың жерді жырта береді. Орман ішінде тұрған қалық болса, ағашын отап иә өртеп, ағаштан жерді тазартып алып егін салады. Тозған жерін бұларда тастап кете береді. Жер кең. Еш кімнен тоқтау жоқ.

Жыйрма бес жылда жер қайта жаңғырады, тыңланады. Дыйқаншы жыйрма бес жыл шамасы өткенде байағы жеріне қайта келіп егін салады. Осылай егін салу түрін аудармалы егіс дейді.

Неше замандар өткен соң, ел көбейеді, өседі; бірақ жер өспейді. Қоныс тарылады. Жұрттың бәріне бірдей егіске қолайлы жер жетпейтүн болады. Бірақ адамның бәрінеде тамақ керек. Енді қалай қылыу керек. Аштықтан құтылыу үшін бір нәрсе ойлап табу керек.

Айдалған жерді жыйрма бес жыл тұусыратып қалдырудың орнына енді бір-ақ жыл қалдыратүн болды. Жерді бір жыл егіп, келесі жыл бос жатқызып, үшінші жылы тағы дем алғызады. Мұнымен екі нәубетті егіс шықты.

Бері келе адам баласы жердің тең жаратысын жылына бос жатқызыудың тиймсіз екенін түсінді. Енді дыйқаншы жерін үш танапқа бөліп, екі танабына егін салып, бір танабына дем алғызып қойатүн болды. Соны мен үш нәубетті егіс басталды. Екі нәубетті егісте жылына жердің жартысы бос жатса, үш нәубетті егісте жылына жердің үштен бірі ғана бос жатады. Бұрынғы қайта-қайта жер жаңғыртып, бір жерден екінші жерге тынбай шоршып түсіп егетүн егістікті бір нәубетті деуге келеді; үйткені жер танапқа бөлінбейді. Жердің бәрі – бір танап сықылды.

Бұл күнде жері құмақ, тез тозатүн оң түстік аудандарда қазақ жерді бір нәубетті егіс жолы мен айдайды. Арқалық қара топырақты аудандарда үш нәубетті. Қазақтың үш нәубетті егіске түскеніне жыйрма-отыз жылдың шамасы болды.

Ресейде үш нәубетті егіс XV ғасыр айағында шыққан осы күні Ресейдің қай жерінде болсада үш нәубетті егіс бар. Еуропада үш нәубетті жоқ десе болады.

Үш нәубетті егісте жер тез тозады. Мал ұстауға жөнді келмейді. Осы күні ағраномдар Ресей шаруасының күйзеліуінің мықты бір себебі үш нәубетті егіс деп отыр. Ресей көп нәубетті егіске түссе шаруасы түзеледі деп отыр.

Көп нәубетті егіс.

Көп нәубетті егістік керек. Көп себебінің бірі мынау: егіншінің малына жақсы жұғымды тамақ керек. Малдың тамағын көбейтпей тұрып, малдың

санын көбейтіуге болмайды. Көбейтпей тұрып, малдан шығатұн түсімді молайтуға болмайды. Малдан шығатұн түсімді көбейтіу бұл күнде ең керекті жұмыс. Малдың санын көбейтудің тағы бір керектігі сол – ішкі Ресейде мал боктығы мен тозған егістікті жаңғыртады; Қазақыстан сықылды отынсыз жерде, мал боктығы мен жер жаңғыртыу қыйн жерде, мал көбірек болса отында мол болады. Бұған жетіу үшін үш нәубетті егістен көп нәубетті егіске түспей болмайды. Көп нәубетті егіс кезінде тұқымды алмастырып салыудың түрі көп болады. Сол сықылды алмастырып салыуды әр орында жаратылыс ыңғайна қарай істесе, жоғарғы мақсағқа жетіуге болады. Тұқым алмастырып салыу 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 нәубетті болады. Кейде онан да артық болады. Нәубет неғұрлым көп болса, соғұрлым тәуір болмақ. Көп нәубетті егіс әсіресе уақ шарыуаларға тиймді болады.

Зуубрійлійн мен Шылықобтен

Көп нәубетті егістің пайдасы.

Мәскеу күбірнесінде Балақалам деген үйез бар. Бұл үйез мұнан отыз жылдай бұрын үш нәубетті егісті тастап көп нәубетті егіске түсе бастады.

Алғашқы кезде көп нәубетті егіске түсіу қыйн болды. Қара шарыуанында қарсы болғаны болды. Шөп егіудің керектігін түсінгісі келмегендер болды. Бірақ бірте-бірте бір-екі ауыл көп нәубетті егіске түсіп, шөп еге бастады.

Бұлар ісі тым жақсы болып шықты. Сыбай ауылдар бұлардан үлгі ала бастады. Ел әңгімесі тек жоңырышқа себіу, пішенді көп алыу болыуға айналды.

Келер жылдары жерімізді көп нәубетті егіске ықшамдап болып бер деген өтініш тым көп бола берді. Жер бөліп беріуге үлгере алмай, ағыраномдар сүрініп жығылды.

Жоғырышқа келіп егістіктегі жаман арам шөпті құртты. Арыш дүрлеп шыға бастады.

Санақ айтыуынша бұл үйез мұнан 30 жыл бұрын 340 000 пұт астық алады екен. 1922 жылы Балақалам үйезі тек азық-түлік салығына ғана 340 000 пұт астық төледі. Соғыс кезінде Ресейде мал 50% кеміген. Бала қалам үйезінде сыйр тек 2%, жылқы 3% кеміген (% – жүзден деген сөз. Мәселен 3% кеміді деген жүзден үшеуі кеміді деген болады; болмаса 100 малдың 97-сі аман қалды деген болады).

Мұнан көп нәубетті егіске түскен шарыуашылық үш нәубеттен орнықты, табанды, берік болатұны көрінеді.

Шарыуасын түзеймін деген кісі Балақалам үйезінен үлгі алыу керек.

Ауыл шарыуасы күн көріушіліктің тірегі. Ауыл шарыуасын көтеріу үшін көп нәубетті егіске түсіп, шөп егіу керек; жоңырышқа салыу керек.

Қазағыстанда Жеті сұу қазақтары, Зайсан үйезінде кей жерлерде, Қарқаралы үйезі, Тоқырауын үйезі бойында қазақтар жоңырышқаның бір түрін егеді. Басқа қазаққа Балақалам, қара шекпеннен Жеті сұу, Зайсан, Тоқырауын қазағынан үлгі алыу керек.


Зуубрійлійн
мен Шылықобтен

Бір десетііне жоңырышқадан не өнеді?

Бір десетііне жоңырышқадан 250 пұт сайлы пішен түседі. Бұл пішенді жеген сыйрдан 500 шелек сүт шығады.

Пішенін алып болған соң, жоңырышқа орнына егін салса, жақсы шығады. Жоңырышқа соңынан салынған егін 3 нәубетті егістен гөрі, десетііне 20-25 пұт артық түседі.

Жоңырышқа соңынан салған кендір(лен)дің талы десетіінесіне 10-15 пұт артық түседі.



Бір десетііне не береді?

Жана кендірі жақсы болады.


Тамыры арқылы жоңырышқа жерді жаңғыртады. Жоңырышқа салсан, десетііне үстіне 100 арба боқтық төккенің мен бірдей.

Жоңырышқа жаман шөпті құртады. Жоңырышқа соңынан егістік жаман шөптен тазарады.

Жоңырышқа салған жерді бос қыстатып жатқызбайсың.

Жоңырышқа сауын малдың пайдасын арттырады.

Жоңырышқа – шарыуашылықты дұрыс пайдалы қылып жүргізіудің кіліті.



Жоңырышқа – шарыуашылықтың кіліті.

Жоңырышқа: 1) малыңа тамақ болады, 2) тозған жерінді жаңғыртады, 3) жеріңе дем алғызады.

Отынсыз Қазағыстан сықылды жерде егістікті боқтық бен жаңғыртуыға болмайды. Үйткені тезек отыннан ауыспайды. Құрғақшылық, ауасы ыссы Қазағыстан сықылды жерде егістікті боқтық бен жаңғыртуыға болмайды. Үйткені боқтық шіріп топыраққа араласпай қара құмақ болып келіп кетеді.

Қазағыстанға жоңырышқа қол.

Қара топырақсыз жерлерде жоңырышқа – шарыуаға жол көрсететүн жарық.

Жоңырышқа егіндер! Бұл жолдан бетті аудармандар!

Ағыраном Барысүптен.

Жоңырышқа әрі егінді әрі пішенді қылады.

Жай көзге ілінбейтүн тійтгтей «бактеріе» деген жандық бар. Бактеріені (мійкроб деп де атайды) үлкейтіп көрсететүн «мійкроскоп» деген құрал мен көреді. Ауадада, жердеде, өсімдік бен жандық ішіндеде бактеріе толып жүреді. Адам баласына ұмытпас ійгілік келтірген, прансүз оқымыстысы «Пастүр» мен қосылып құтырғанның, сүзектің емін тапқан, бөсер аурууды емдеуін үйреткен орыс ғалымы Ілія ұлы Метішнікүб деген сабаз. Метішнікүб жарықтықтың есебінше адам денесінде 28 мүліендай бактеріе бар. Сол кісі: осы бактеріелерден шыққан ұу көбейе-көбейе адамды қартайтып өлтіреді дейді. Бұл зыйанды бактеріелер. Пайдалы бактеріелер де бар. Айранды ашытатүнда – бактеріе. Бірақ бұл пайдалы бактеріе.

Жердің үстіңгі шөп шығатүн қыртысын «құйқа» дейді. Бактеріенің ұуақтығы сондай: баланың бір оймағын толтырған жер құйқасында 1 ½ мліяртттан асыу бактеріе болады. Тамағы болып жайы табылса бір бактеріе тәулігіне (24 сағатта) 465 мың пұт өспекші. Жерді терең қазған сайын бактеріе азайа береді. Ақырында жоғалады.

Бактеріенің түрлі атасының ұлы бар. Олардың өнерлеріде түрліше болады. Бірі құйқадағы шөптің тамырын шірітеді, екіншісі ауадан «азот» деген ғаз жыйнайды. Азотсыз иә жандық, иә өсімдік болмайды. Әлгі шіріген тамырда, ауадан бактеріе жыйнаған азотда азот қышқылына айналадыда, өсімдікке тамақ болады. Өсімдік денесінің жүзден сексені азот бен араласқан нәрсе болады. Бактеріе өсімдікті азотқа тойдырып, өсіреді; егіншіге қолғабысын тійгізеді.

Бактеріе бір жерде болады, бір жерде болмайды. Барлық ауруудыңда бактеріесі бар. Сау адамға шанышбайлар шешектің бактеріесін егеді ғой. Еккен жерге шешек күлдіреп ойнап шығады-ғой. Дәл сондай қылып жоқ жерге сырттан алып келіп бактеріе егіуге болады. Жер құйқасына бактеріені қалай егеді? Оларды өсімдік арқылы егеді.

Жоңырышқа, бұршақ, мыйа сықылды өсімдіктер бір аталас. Бұларды өсімдік ғылымы бұршақ атаулы дейді. Осылардың тамырын қотырдай қаптаған бұдыр бершімектер бар. Сол бершімектер бұршақ атаулының тамырын жайлаған бактеріенің күркесі екен. Тамырында бершімек жоқ өсімдіктер құйқаның тамырындағы азотты коректеніп күн көреді. Бұршақ

атаулыныңда бершімексіздері солай етеді. Ақырында құйқа азоттан айырылады; жер тозады. Ал енді тамырында бершімек бар бұршақ атаулылардың иә бактерийелері ауадан азот жыйнап, жерді азотқа байтады. Бұл тұралы тажырыйбалар болған.

Бір жерге тары, быйдай, сұлы, арпа сыйақты астықты қайта-қайта сала берсек, құйқаның азотын бұлар жеп тауысады, жер тозады, егін шықпайды.

Азотқа кедейленген жерге бұршақ, жоңырышқа салсаң, егістік азотқа байыйды, жер қайта жаңғырады. Бұлар артынан егін салсаң қамыстай бітік болады. Осындай тажырыйбалар көп болған. Көп ел осылай егіп егін салады. Бұршақ атаулылар азотты ауадан алады. Ауаның жүзден сексені азот. Бір десетііне жер үстінде 5 мүлйен ауа бар. Сонда мұның 4 мүлйен пұты азот болғаны. Сондықтан бұршақ атаулы бершімегінде бактерийе қанша жыйамын деседе азот жетеді. Бұршақ, жоңырышқа жерді жаңғыртатұнын білген соң, бұл күнде адам баласы тозған егістігіне жоңырышқа, бұршақ сықылды өсімдікті салып, жерін жаңғыртып алады.

Бұршақ атаулыға жататұн «бійке» деген шөп бар. Бійке өскен жердің құйқасын алып, ол құйқаны сұумен шайып, ол шайынды мен бійке тұқымын жұуып, ол тұқымды жерге сепкенде бұлай болған: тұқымды шайынды мен жұуып салған десетііненен 609 пұт, шайынды мен жұумай салған десетііненен 60 пұт көк шөп алынған. Мұнан бактерийені бір жерден екінші жерге қоныс аударып еккенде тұқымды шайынды мен жұуыа салған оң екені білінеді. Сондай бактерийе дәуірлеп өніп өседі. Еккен өсімдік дүрілдеп шығады.

Егістік тозса, боқтық төгеді. Шіріп егістікке азот береді. Жұртқа, көңге шөптің қалың қаулап шығатұны – мал боғы жерді азотқа байытқандығынан. Бір қатар елдің егістігі мал боқтығын төгіп жаңғыртады. Бірақ, қазақ қонысы отынға кедей. Ел қысы жазы тезек, қый жағады. Қамыс, қоғада әр жерде бола бермейді. Қарақан, тал, тобылғы тіпті сійрек. Жұусан, көкбекті жаз жағыуға келмейді: күз, қыс оларды көп шауып алып жаға берсең, жер жалаңаштанып құм басып кетеді. Сырттан отын сатып алып жағыуға қазақтың шашы да жетпейді. Сондықтан қазақ боқтық бен жер жаңғыртпақ түгіл, боқтығыда табылмайды.

Қазақтың жер жаңғыртатұн жолы – бійдай салып тоздырған жерге бұршақ иә жоңырышқа егіу. Жоңырышқа малға таптырмайтұн тамақ. Сұуарып салса, бір десетііненен 5-6 жүз пұт жоңырышқа түседі. Күтіп бақса, жоңырышқа бір жазда 3 ірет орылады. Өзге шөптей жоңырышқадан қыйқым, салам қалмайды. Жылқы жемегенді қой, қой жемегенді сыйр мен түйе жейді. Бұршақ базарда пұл, бійдайдан қымбат. Жесең өзіне ас; көже қылсаң тоқ.

Бұршақ, жоңырышқа, бійдай, сұлыны алмастырып салып отырсаң, егістік тозбайды. Егін салған қазақ жерім тұзды деп жылда жер аударып көшіп жүрмейді.

Егістік тек азоттан жүдесе ғана әлгі жол мен жаңғыртыуға болады. Бірақ, егінге азоттан басқа «поспұр», «калій», «калтсій» деген нәрселерде керек. Бұлардан жүдеген егістікті жаңғыртыудың дауасы басқаша болады.

Отақ шөп.

Тамақсыз адам тұралмайды. Ашыққан адам жүдейді; көпке шейін тамақ жемесе өледі. Егінде сондай. Егінде тамақ керек. Тамақсыз егін шықпайды, шыққаны құурайды. Алдына қойған тамағыңды біреу қақшып жей берседе аш қаласың. Егін тамағын да қақшып тартып жейтүн шөптер болады.

Жақсы жыртылған (жаңғыртылған) жерде егінге тамақ көп, егін дұрыс шығуы керек. Бірақ, соғылған көршілері келедіде егінге арналған тамақты тартып жейді. Егінді аш қалдырады. Бұл соғылғандардың аты – отақ шөп.

Отақ шөптің тамыры ұзын; ұзын тамыры мен бұлар егін тамағын орап алып жей береді. Отақ жердегі ылғалдыда сорып қоймайды. Отақтың жапырақтары бүркеп егінге күннің көзін түсірмейді; жылылықты келтірмейді; түсірмейді. Отақ бәлесінен егін азады, өспейді. Әлсіздері құурап кетеді.

Отақ шөп күшті көнбісті болады. Отақ құрғақшылықтан, сұуықтан, егін сықылды қорықпайды. Бұлар егіннен жылдамырақ көбейеді. Отақтың тұқымы көп болады. Кей біреулері бұтақтап көбейеді. Отақ шөп тұқымы тіпті берік болады. Мал жеген отақ тұқымы бұзылмай түседі. Жерге түсіп бұлар тағы өседі.

Отақты құртыу керек. Салған мөлдегін отақ қаптап бара жатқанда, жалғыз сыйрдың шалабын ішіп, түске шейін ұйықтайтүн жалқау қазақ көп. Егін піскенде қатыны мен екеуі барып мөлдек егінін жұлып екі дорбаға салып арқалап қайтады. Үйіне келіп айағы мен басып алғанда, мөлдегінен бір шелек тары түседі. Онысының көбі отақ болады. Ол неден? Ол отақты кезінде отамағаннан. Отақ қаптаған жер егіні жаман шығады. Отақ болмас үшін мынадай нәрсе істеу керек:

- 1) Сепкен тұқымың таза болсын.
 - 2) Отақты көрінген кезде отап тастау керек.
 - 3) Пар (пар деп күн ілгері жыртып тастаған жерді айтады) жыртып жерге отақ шығармасқа керек.
 - 4) Егін арасындағы жыртылмаған жерге шыққан шөпті піспей тұрып шауып алыу керек. Шөп піссе тұқымы егін арасына түсіп отақ шығарады.
 - 5) Егісті жерге картоп сықылды тұқым көп керек дақыл салыу керек. Бұларды күтіп жүргенде егінге отақ шықпайды.
 - 6) Жоңырышқа сықылды шөп егіу керек.
- Тұқымды алмастырып салып отырыу керек.

Сұраулар: Отақтан қандай зыян бар? Отақ неліктен астықты өсірмейді? Қандай отақ шөпті білесіңдер? Отақты қалай құртыуға болады? Өз жерлерінде отақты құртыушы шара қолданама?

Егіннің жаулары.

Егіннің жауы көп. Қазақ егініне малда жау. Басқа елде малды егінге түсірмейді. Елдің мәденіеті төмен болған сайын егіннің жауы көп болады. Мәденіетті Ресей сықылды жерде егінге құрғақшылықта жау, ше-

гірткеде жау, құрт-құмырысқада жау, тышқанда жау. Мәденіетті ел бұл жаулардың бәріненде қорықпайды.

Саршұнақ тышқан егіннің мықты жауы. Қазақ жерінде саршұнақтың қатқылдау жерде жүретүн бір азғын түрі бар. Сол саршұнақ көктеп келе жатқан егінді отап жейді. Әсіресе саршұнақ бйдайға өш болады. Саршұнақ көп жер Қазағыстан, Еділдің айақ жағы, Қапқаздың арқалық беті. Егін жегені мен тұрмай саршұнақ жерді де көп бүлдіреді. Саршұнақ іні терең. Тарамы көп. Ін қазғанда саршұнақ жер астындағы егінге пайдасыз топырақты үске тасып шығарады.

Саршұнақ астықтың дөнінде, сабағында жейді. Бір-екі жылда саршұнақ өте көбейіп кетеді. Көбейген сайын мал жейтүн шөптіде, адам жейтүн астықтыда көп құртады. Сондықтан саршұнақтың өзін құртуу керек.

Мәденіетті елдер саршұнақты бұл күнде ұулы ғазбен құртады. Ана жылғы жыйангерлік соғыста Гермендер орыс әскеріне ұулы ғаз жіберіп өлтіреді екен деп есіттік-ғой. Сол ғазды саршұнақ ініне жіберіп қырады.

Қазақ әзір ол ұуды қолына түсіралмас. Бірақ саршұнақты қырмай отыруға тағы болмайды.

Қазағыстан сықылды жерде саршұнақты жазғы тұры қарала сапыраң болып жатқанда сұу құйып аулаған жөн. Бір бөшке сұу 5-4 інге жетеді. Жазғы тұры сұу көп кезінде кетпен мен жырып сұу жіберіпде саршұнақ аулауға болады. Саршұнақ майға қарсы түлейді. Түлемей тұрғанда март бен апрел ішінде ұстаған саршұнақ терісі қымбат сатылады. Саршұнақты қырсаң жеріңе де пайда, қалтаңа ақшада түседі.

Саршұнақтанда көрі егінге шегірткенің зианы көбірек. Шегірткені жас күнінде қырыу керек. Бұл күнде шегірткені жем мен қыратүн әдіс шықты. Қазаққа бұл жем мен қыратүн оңайы – жылқы тезегі. Жылқы тезегін сұулап ішіне мышиак, париж зелені деген ұуларды қосады. Тезектен істеген жемге шегіртке өш болады екен, жесе ұулап қырыла береді. Жемді қалай тезектен алыу керек. Отсыз жерден саршұнақ бен шегіртке отты жаққа ауады. Ауғанда көз тұтарлық болып көп ауады. Бұл күнде шегірткені Аеропланға мініп жүріп қыратүн болды.

Сұраулар: Жерлеріңде егіннің қандай жауы бар? Оны мен ел қалай күреседі? Қалай күресіу керек?

Тырактұр.

Тырактұрдың түрі көп. Тырактұрдың бұу мен жүретүн ескі түрі – от арбаның қара айғыры сыйақты парабоз. Жұмсақ жерде жүріу үшін парабоздың тегермештерінің табаны жалпақ істелген. Бұл күнде ғаз бен жүретүн аптамабіл – тырактұр ұсталады. Бұл тырактұр аптамабіл сыйақты мұнай мен иә бензін мен иә жер май мен жүреді. Мұның сырты аптамабілге ұқсамағанмен тегі бір. Тырактұрдың бір неше түрлері мен танысалық.

Бұумен жүретүн «паулер» деген тырактұр түрі бар. Мұны мен жерді бұлай жыртады. Жердің екі шетінде екі кішкене парабоз тұрады. Бұлардың арасында тартулы арқан болады. Арқанға сабан байланған. Әуелі

сабан бір тырактұрдың қасына қойлады. Екінші парабоз бұудың күші мен арқанды тартып орай бастайды, арқан мен бірге байлаулы сабанда сүйретіледі. Сабанда әлденеше түрен болады. Сабан қозғалғанда түрендер жерге кіріп жырта бастайды. Сабан екінші парабозға жеткен соң екі парабоз да жыртылған жерден өтуге ілгері қозғалып қойады. Мұнан соң сабан кейін бұрылады. Енді алдыңғы тырактұр арқанды тарта бастайды. Сүйтіп, екі тырактұр сабанды кезектесіп сүйрей береді. Құрт тырактұр деген тырактұрдың түрі бар. Бұл ана жылғы соғыста ұсталған «танкі» деген бәлеге ұқсайды. Мұның тегермеші жоқ. Тегермеш орнына ұзыннан ұзақ басқұр сыйақты темір айылы болады. Айылдың сыртында темір қабығы, бұдырмағы болады. Бұдырмағын жерге қадап, шөп басында жазғы тұры жүретүн түкті ала қоңыз сыйақтанып, тырактұр жөрмелеп отырады. Артынан сабан сүйретіле береді. Айылының арқасында бұл тырактұр жүрмелеп тауға шығады. Орданда, апаннан да өтеді.

Тырактұрдың үшінші түрі аптамабил тырактұр деген. Бұл «божака» сыйақты. Артында жабыстырылған табалдырығы бар. Табалдырық көтеріугеде түсіругеде, келеді. табалдырық төмен түсірілсе тырактұр жүре алмайды. Тырактұрге артынан мықты арқан тағылған. Арқанға сабан байланған. Мұны мен жерді бұлай айдайды: сабанды кіргізіп қойады; арқан ұзындығы жететүн жерге шейін тырактұр жүргізіп кетеді. Арқан созылғанда тырактұр арқанды жыйнай бастайды. арқанға сүйретіліп сабан жерді жыртып жүре береді. Сабан қасына жеткенде тырактұр тағы ілгері арқан созылғанша жүгіріп кетедіде, тағы арқанды жыйнай бастайды. Сүйтіп жерді жырта береді.

Соңғы кезде 13, 37 түренді сабан тартатүн тырактұр шықты. Бұлар күніне 30 десетіне шығарады. Бұл тырактұр үлкен сабан сүйретіп келе жатқан аптамабил сыйақты. Бір адам аптамабилді басқарып отырады. Екінші адам жер дұрыс жыртылуын қарап тұрады.

Тырактұр көліксіз жүреді; жерді тез жыртады. Өгіз басын жетектейтүн бала іздеп әуре болмайсын бір. Сабан көтін ұстап шаршамайсың екі. Жерің жақсы жыртылады үш. Көлігіңді артпайсың, иә көліктің майын жалдап жүрмейсің төрт. Көтіне сепкіш бен тырма байлайсың, тырактұрдың өзі жыртып, өзі сеуіп, өзі тырмалап отырады бес.

Тырактұрдың мұнан басқада қасиеті көп. Тырактұрдың артына арба тіркеп қойсаң жүгіңді артып көшіуге болады. Астыңғыңды тасыуға болады. Ат орнына тырактұр мен шығыр айналдыруға, дйірмен айналдыруға, пішен шабууға, егін орыуға келеді. Пайдалана білсе тырактұрге жазы қысы жұмыс қылдыруға болады.

Бұл күнде елге тырактұрды жер-сұу кемесеріеті таратады. Тырактұрдың кішкенесі – 10 аттың күшіндей күші бары 2 ½ мың сомдай тұрады. Мұны елге жер-сұу кемесеріеті иә жер-сұу бөлімдері бөліп-бөліп бір неше жылда төлеп бітетүн қылып береді. Аламын деген адам епті жігітін жіберсе, жер-сұу кемесеріеті тырактұр жайын әбдан үйретіп жібереді. Қалай майлап, қалай жүргізіп, қалай оңдайтұнын, қалай қай жерін алып салатұнын түсіндіреді. Сонан соң тырактұрды қазақтың өзінде жүргізеді. Тырактұрды бұл күнде, әрийне, алыуға бір үйдің шамасы келмейді. Сондықтан серіктесіп алған жөнді. Алғысы келген адамға Қазағыстан жер-сұу кемесеріеті тырактұр береді.

Егін құралдары.

Жерді жыртып дұрыстау үшін керек құралдар: сабан, тырма, таптауыш (каток), ұсатқыш. Соқа мен сабан жер жыртып аударыуға керек. Тырма жұмсауыға керек. Ұсатқыш кесекті ұнтауға керек. Таптауыш жерді тегістеп басыуға керек.

Жерді жақсы айдау үшін жақсы құрал керек. Соқа, ағаш, тісті тырма мен жерді дұрыс өңдеуге болмайды. Бұлар мен сазды жерді өңдеу тіпті қыйын.

Бұл күнде темір сабан, темір тырма ұстайтұндар көбейіп келеді.

Қандай сабандар болады.

Сабан түрі көп. Тайз алатұн, иә терең алатұн сабандар бар. Сазды жерге болмаса құмақ жерге арналған сабандар болады. Сабанның ең керекті жері – түрені мен қылышы. Бұлар әр түрлі болады.

Әр кім жеріне қарай сабан алыу керек. Бір жерге жарамды сабан екінші жерге жарамайды.

Бір аттық, екі аттық сабан бар. Үш пар, төрт пар өгізбен жүретүн сабандарда бар. Өзі жүретүн көп түренді сабанда болады. Мұндай сабанды «тырактұр» дейді. 10 түренмен жүретүн тырактұр бар. Тырактұр тырмалауғада, егін орыуғада, пішен шабыуғада, егін басыуғада келеді. Шамалы тырактұр 2 мың сом шамасы тұрады. Елге наркомзем қарызға таратады.

Ауыл шарыуашылығының құралдары.

Жер жыртатұн мәшійнелерден басқа мәшійнелер де көп: тұқым шашатұн, егін ұратұн, астық басатұн, тұқым тазартатұн мәшійнелер бар. Бұл мәшійнелердің бәріде адамның ауыр еңбегін жеңілдітеді, жұмысын беретті, өнімді қылады, ісін жақсыландырады.

1924 жылы тұқым себетұн мәшійне 200-240 тұратұн еді. Күніне бұл 5-8 десетійне сеуіп шығады. Бұған бір ат, бір адам керек. Пішен шабатұн мәшійне 135 сом тұратұн еді. Күніне бұл мәшійне 4 десетійне шабады. Басына бір адам, 2 ат керек. Өзі орып, өзі баулайтұн мәшійне 355 сом тұратұн еді. Бұл күніне 4-5 десетійне орады. Басына 3-4 ат, бір адам керек. Астық басатұн екі аттық мәшійне 80 сом тұратұн еді. Басына 4 ат, 12 адам керек. Бұл күніне 120 пұт астық басады. 4 аттығы 240 сом тұрады. Басына 8 ат, 24 адам керек. Күніне 250 пұт астық басады. Бұумен жүріп астық басатұн мәшійне 3500 сом тұрады. Күніне 500 пұт басады; басына 8 ат, 24 адам керек. Астық сұуаратұн үлкен мәшійне 20 сом, күніне 500 пұт астық сұуарады. Басына 3 адам керек. Кішкенесі 10 сом. Күніне 25 пұт сұуарады; басына 2 адам керек. Егін оратұн мәшійне 200 сом. Күніне 4 десетійне орады. Басына 2 ат, бір адам керек.

Бұлардың бәрінде Қазағыстан жер-сұу кемесеріетінен иә жер-сұу бөлімдерінен алыуға болады.

Жер еңбекші қалыққа берілсін.

1917 жылғы төңкеріске шейін.

Еуропалық Ресейдегі 395 мүлйен десетійне жерден қара шекпеннің сыбаға жері – 35% = 139 мүлйен десетійнедей.


Қазынанікі 35% = 138 --

Алпауыттардікі 26% = 102 --

Басқа меншікшілдердікі,

Шеркеудікі, қаланікі, манастірдікі, патша тұқымынікі 4% = 16 --

Барлығы 100% = 395 мүлйен десетійне.



Кімде қанша жер бар?

Төңкерістен соң 1919 жылғы есеп бойынша жер бұлай бөлінген:

Қара шекпендікі – Ресейде, Ұқырнада

97% 96%

Кеңес шарыуашылығы, бірлестік шарыуашылық сықылдылардікі

3% 4%

Барлығы 100% 100%

Р.С.Ф.С.Р. негізгі заңынан.

1) Жерді дара меншіктеу жойылады. Барлық жер бүтін қалықтың мүлкі деп жарыяланады. Еңбекшілерге тегін беріледі.



Қара шекпен жері.

2) Бүгін мемлекеттік маңызы бар барлық ормандар, кендер, сұулар, құралдар, көліктер, үлгілі ауыл шаруашылық кесіп дүкендері мемлекет мүлкі деп жарыяланады.

Басыбайлы мен бай ійті.

– Қош, ал енді Ійлиеб зауыты түбіндегі Панкыратұб деген байды естігенің бар ма? – деді теріс қарап тұрып жәмшік. Бұл Лене(қыздың аты)нің білетүн аты болып шықты...

– Малды жанындай жақсы көретүн еді, – деп жәмшікке Лене жауап берді.

– Е, е, таң-тамаша қаламын. Қайуан тұқымын жанындай жақсы көрседе, адам баласына тым қатал еді.

– Оған адамның қылған жамандығы көп болды, – деді жобаусырап Лене.

– Адам дейсің бе? Жоқ. Адамның оған қылған түк нәрсесі жоқ. Қатыны қашқаны ырас. Қара шаруаның қызын алды. Ол әйелі әпесер мен қашып кетті. Сонан соң қатаң тартты. «Мен оны нәжістен сүйреп алып шықтым... Ол үйтіп кетсе, мен барлық тұқымыңның әкесін танытармын, енді маған мұжық ійт терісіненде сүйкімсіз» деді бай.

Мұжықты ійттен жаман қылғаныда ырас. Алтын сарай сықылданып ійтке үй салғызды. Жақсы көрген қаншығы он күшік тапса, басыбайлы қара шаруаның қатындарына таратып береді. Жас баласы, емшекте сүті бар қатынға байдың ійт сейістері күшік алып келеді. Емізіп асырауға алып келді-ау!...

– Қойшы! – деді бүйі шаққандай ыршып түсіп Лене.

– Өтірік айтсам, Құдай тапсын, – деп жәмшік бой күйез жауап бердіде, әңгімесін әрі соза берді: – Мынаны қара, сол адам жауыздығынан Құдай барлық орыс қалқына бостандық жіберген...

«Сол байдың Алексей деген басыбайлы адамы болған. Алексей байға аброк төлеп тұратүн (басыбайлылар байларына екі түрлі міндет атқарған: 1) «барышышыйна» – бұл жұмасына пәлен күн босқа байдың жұмысын қылыу; 2) аброк – өз бетінше кесіп қылып байға жылына тійсті салық төлеп тұрыу). Алексейдей әрі ақылды әрі сұлыу, әрі жолды мұжық көрмедім. Бай қол астында онан артық жігіт болған жоқ. Алексейдің ұылжыған жаб-жас қатыны болды. Байы әдемі, сұлыу; қатыны онанда артық. Ондай екі адам ерлі зайыпты болып қосылмас. Ауқаттарыда жаман емес еді: екеуіде ауқатты жақсы үйдің балалары еді. Сол Алексейдің сәл кісі қорлығына шыдай алмайтүн тек бір мінезі бар еді. Келіншегі босанайын деп тұрғанда, Алексейге кіреге шығыуға тұура келмесін. Шараң болса қылшы. Енді Алексей кіреме кете берсін. Кіре түнгі салқын мен соғып келеді. Арба сықырлап бақырып келеді. Кірешінің әр жерден құралатұнын білесін. Арба жанында келе жатып жоқ сөзді әңгіме қылысады. Осы біз сықылды, оларда әңгімелеседі. Қай жерде қандай қалық тұрады. Қай жерде не бар, – мұндай нәрселердің басын шатып сөз бен ұйқы ашар қылысады.

Алексей, түнерген бұлттай қабағын жабадыда, үндемейді. Басқалары: «Жолдас болып келе жатырсың. Жолдас бен неге сөйлеспейсің. Әлде бізді менсінбейсің бе?» деп Алексейден жолдастары сұрасады.

– «Жоқ, қосағасылар, мен сендерді менсінбегенім емес, басқа бір жайым бар. Келіншегім екі қабат қалып еді. Байымыз қатаң адам еді. Адамдарын ұрып соғып, бұйдай шағыушы еді. Бұл да еш нәрсе емес. Тағы бір жаман мінез тауып алды – күшікті әйелге теліп асырайтұн шықты». Жолашушылар далада келе жатқанда еркін болатұнын білесің. Кез келген нәрсені тексеріп келе жатады. Үйінде басыбайлы болып жүрген адамда далаға шыққанда қазақ сықылды еркін келетүні белгілі. Жолда бұларға қызметтен қайтқан салдаттарда ұшырайды. Солар Алексейге айтады: «Сенің ауылындағылар кіл ақылсыздар шығар. Өмірде қайуан баласын адамға телісін деген заң болмаған. Мұны Құдайда қоспайды. Бай заңы Құдай заңынан күшті болып-па?» деп.

Бұл сөздер Алексейдің көкейіне қонады. Ондай заң жоқ деген ой Алексей жатса түсінен, тұрса есінен кетпейді. Бір күні түнде Алексей үйіне қайтады. Қарсы шыққан қатыны жоқ. Жанған от жоқ. Үй іші көзге түртсе көргісіз қараңғы көр сықылды. Үйге кірсе, баласы бесікте жылап жатыр. Бұрышта күшіктер арсылдап жүр. Бұл не?» деп Алексей сұрайды. «Бұл Құдай берген ұлы» – дейді қатыны. – «Мынау бұрыштағы не?» – деп Алексей сұрайды. «Бұрыштағы күшіктер, өзінде түсінесің ғой». – «Сен өзің түсінесің бе? Мен мұны жақтырмайтынымды білесің бе! Күшіктерді мұнда әкел», – дейді кейіп Алексей. Екі күшікті екі қолы мен ұстап алып, езіп-езіп қайтадан орнына қоядыда, «Ал, енді Құдайға сыйынып, балаңды шешіп ал. Балаң жылап жатқанын көрмейсіңбе?» – дейді қатынына Алексей.

«Ертеңіне байдың ійт сейістері келіп: «Анна, күшіктер аман ба? Көрсет бері», – дейді. «Неден екенін білмеймін, күшіктер өліп қалды», – дейді Анна. – «Екеуі де ме?». «Екеуі де өлген». – «Иапырмай! Құрсын біздің жұмысымыз емес, байға айтармыз». Дейді ійтшілер. Сол кезде Алексей келіп қалыпты. «Сендерге не керек? Неге келдіңдер? Заң қайда? Бала бесікте жылап жатсын, күшік әйелдің емшегін еміп жатсын деген заңды қайдан таптыңдар? Шығыңдар үйімен!» деп Алексей ійтшілерге ақырды. «Алексей сен көп айқайлама! Біз өзіміз келгеніміз жоқ. Біздің жұмысымыз тек байға айтыу» – дейді ійтшілер. Ійтшілер байға барып айтқан. Әріне, өз жандарынан қосыпда айтқаны болар. Сонан соң не болды деп сұра. Бай күшіктерді үлкен адам сықылдандырып ақ кебінге оратқан. Көтеріп алып келген соң бай күшіктерді сыйпап қарап: «Жауыз нәресте шырақтарымды қолдан өлтірген екен» деп бай өкіріп жылайды. Мауқын басып болып, бай ійтке ас дайарлайтұн адамдарын шақырып аладыда ійтке қойыу ботқа жасаңдар деп бұйырады. Қырық шелектен асыу тамақ сыйатұн тай қазанға барлық ійтке ботқаны бірден жасататұн. Ійтке тамақ салып жатқанда, бай орындыққа отырып алып, жаныуарларына рақаттанып қарап отырып, өз қолы мен тамақ беретұн. Бұл жолы қазан жанына отырып бай кебінге ораулы күшіктерді қасына қойғызыпты. «Алексейді шақырыңдар!» дейді бай. Алексей келген. Бай тұрып Алексейге: «Жазықсыз өлтірілген нәрестелерді көресіңбе?» дейді. – Көремін, қайуан түгіл, адамда өледі, бай-еке, кайтерсің, – дейді Алексей. «Бұлардың түбіне жеткен жауыз сен бе?» – деп бай ақырды. – Мен олардың түбіне жетпедім, бірақ сіз айау дегенді білмейсіз. Бала – мұжық баласы болсада, Құдай адам қылып жаратқан. Баланы бесікте шырқыратып, шешесінің емшегіне ійт тұмсығын тійгізіп ыластай-

сың. Ійтіннің бәрі қырылсын. Барлық ійтінді қырмай отырған ел ақылсыз», – дейді байға Алексей. Сөзді естіген соң, қарағым Лене-ау, Панкратұб бай орындықтан ұшып түрегеледіде...». Жәмшік бұрыла беріп, шошыған қыздың көзіне үніле бастады. Қыз бір бәле төнгенін сезді. Бірақ қорғаныуға әлі келмеді...

– Бай орындықтан ұшып түрегеледіде, Алексейді көкірекке осылай қойып жібереді... Алексей шаншыла жерге күріс ете түседі... Қарағым қарындасым, қанікей қалқам-ай, басы. Тіп-тіке... қазанға сүңгіп кетеді...

– Қойшы, – деп селк ете қалып Лене сұрады.

– Несін сұрайсың. Бақ-егіуге әлі келмеді. Ійтшілер тұра ұмтылып сұуырып алған. Ақ жем болып пісіп қалыпты... ійт қора азан-қазан шұу. Бай есігіндегі адамдар түйсінген... Бір ійтші Алексейдің інісі екен... Байдың үйіне ұмтылған; барып мылтыққа қол салған... Бай есіктегі малайлары арасына қарай қашқан. Өзің білесің-ғой. Есік алдындағы майлайларда байға тісін қайрап жүрген. Құлдар сонда түйсінген...

Кареленкенің «Бұлтты күн» деген әңгімесінен.

Сұрау: Осыған қарап бұрын байлар қара шарыуаны қалай ұстағанын сұуреттендер! Өздерің білетүң әңгімелерінді айтыңдар!

Кедейдің кейістігі.

Айт!... Боразна!... Бауыздалғыр көк шолақ!

Әй-й... Мырқымбай... жүгендей, нокталап...

Өк-к!... Арам қатқыр, көк сыйыр!

Неге еңтігед? Неге жіі тоқталад?

Әй-й, Құдай-ай, көрсеттің-ау көрімді,

Көрім қылмай, берсең еді өлімді!...

Бүгүн үйде жататұғын екенмін,

Мырқымбай мен жіберіп-ақ келінді.

Жатқан менен жаның тағы төзбейді:

Келін, бала күн өтерін сезбейді.

Жаңа келіп Самалықтың баласы:

Он бес жерден быйдай септік біз дейді.

Қайт дейді екен, мен себпейін дедім бе?

Үйренбеген екі сыйыр жегінге;

Өзі қотыр, өзі арық көк шолақ

Мезгілі мен жей алмайды жемін-де.

Қай бір тұқым... Үйдің саттым кйізің.

Көпсінгендей екі сыйыр мүйізің,

Әй-й ауылнай, қылдың ау сен байсың деп,

Нан табалмай жүрген мені бір үзім.

Жұттан қалған екі сыйыр, жалғыз ат,

Бұзау сойдым соғымыма жалғыз-ақ;

Маған дым жоқ... Тұқым алды кедей боп

Жиырма шақты қарасы бар Жанұзақ!

Әй-й, Құдай-ай, ауылнай-ай қорлады-ау!

Соған тыйу, соған жаза болмады-ау!

Әйт боразна!... Көкшолақ ійт тартбауын
 Бәрекелде-ай! Сауын сыйыр сорлады-ау...
 Желдің тынып, күннің дағы шыжыуын,
 Әттегене-ай, өзді көк ійт шұжығын!
 Әй, Мырқымбай, жатыр ма екен байланып,
 Бір келіннің көріп болмай қызығын.
 Әукім... Әукім... аузы неге көпірді?!
 Қап-қара тер, сұға түскен секілді...
 Шыжық болып күйіу мен-ақ өлем-ау,
 Бір үй толған бағамын деп жетімді.
 Әукім... Әукім... Шанышқақба, немене?
 Көк ійт неге шегінеді, тебеме?
 Күн түс болды, жұрт соқасын тоғарды,
 Апырмай бұл, Мырқымбай, ійт келеме?
 Он пұт быйдай не бар жерге сіңгені,
 Шашылатұн тарының тұр бір жері.
 Қаламбайда он тайақ жер шаштырнақ,
 Ол сорлының жалғыз мен-ғой білгені...
 Ырысты-да жіберіпті баласын,
 Байғұс быйыл көрді-ме екен ағасын...
 Ауылнайы түйір дақыл берген жок
 Енді қалай оған тұқым табарсың!...
 Ырысбай жүр қайыр тілеп дорбамен,
 Кеше көріп сөйлесіп ем жолда мен,
 Тұқымды-да, малды-да өздері алды – дейді
 Бай болысы қосылып ап молдамен.
 Тенестіред дйтүн еді кедейді,
 Кедейді еш кім десууші еді жемейді,
 Жұуандардың азұу тісін сындырып
 Осалдарға неге осылсын демейді.
 Мынасы кім?... Мынау біздің қатын-ба?
 Тұуралайды, маған келе жатырма?
 Дәуде болса сүт кереккен шығар ғой
 Ыңжың болған жетімдерге, бақырға.
 Ашұулы-ғой, біздің қатын бүрер ақ,
 Айналатұн жер қалып ет бірер ақ,
 Көрмейсіңбе, сау шұжықты үзгенін,
 Бауыздалғыр, уақытында жүрер нақ...
 Әукім, Әукім... Шанышқақ-ба, немене?
 Көк ійті неге шегінеді, тебеме?
 Бір шақырым жерден ұрса келесің,
 Ойнақтап-ақ болдың, қатын, төбе ме!...
 Әйт!... Боразна!... Бауыздалғыр көк шолақ!
 Кібіртіңдеп шегінүүін... тоқтамақ
 Өкі-кі өкі-кі! Арамқатқыр, көк сыйыр!
 Неге еңтігед? Енді неге тоқталад?!

Шаңқаң

Ескінің мұрасы.

Ауыл шаруасының артта қалғандығына түрлі себептер бар. Ол себептерді шығарған мемлекеттің ескі тұрмысы. Бұрын патсадағы күшті көршілерден қорғаныу үшін көп әскер ұстау керек еді. Көп төрелерді асырау керек еді. Құлдың бәрін қара шаруадан алытұн еді. Салық төлеу үшін қара шаруа жұмысты көп қылып, аш жүріп, жалғыз сыйырында сағатұн еді.

1861 жылы қара шаруаға сыбаға жер берілетұн болды. Бірақ оны қара шаруа сатып алатұн болды. Қара шаруаның салығы арытты. Қара шаруа жүдеді, бай жарлының арасы көбірек ашылды.

Басыбайлы қара шаруаның: 726,900 тіпті жерсіз қалды. 640000 заңда көрсетілген сыбағаның $\frac{1}{4}$ алып шықты.

2,125,681 жан басына 2 десетігнедей алып шықты.

8,230,010-«-4-«-

10,058,601-«-4 йа онан артығырақ алып шықты.

Сүйтіп он мүліеннен асыу ғана қара шаруа жан басына 4 десетігне, йа онан артығырақ алып шыққан жерліректері осылар. Қалғандары жері аздығынан басқа кесіп іздеді, алпауыт жерін жалдап ала бастады. Байға құл болды. Қуулақтың ұуысына түсті.

Қара шаруа қолындағы жер алпауыттікінен әрі аз, әрі жаман болды. Сондада сыбаға жерін сатып алыуға қара шаруалар 1861 жыл мен 1905 жыл арасында өсімі мен қосқанда 1,574,000,000 сом төледі. 1861 жылғы юл жердің базардағы нарқы 897 мүліон сом еді. Сүйтіп қара шаруа жерге екі еседей артық төлеген болады.

Бері келе қара шаруаның сыбаға жері (қара шаруаның сыбаға жері деп 1861 жылғы заң бойынша құлдықтан құтыларда қара шекпенге бөлшектеп ақша төлеп сатып алыуға берілген жерді айтады. Бұл заңнан қара шекпеннің өз бетінше сатып алған жері йа майын жалдап алған жері, Ыстолыпын заңы бойынша қоғамнан ойдырып кестіріп алған жері сыбаға аталмайды Т.Ш.) мұнанда азайды. Еділ бойында жанға:

1860 жылы 4,3 десетігне келді.

1880 – «- 3,1 –«-

1900 – «- 2,4 –«- келді.

Орташа алғанда бүтін Ресейде қара шекпеннің жан басына 2,6 десетігне келетін еді. Қара шекпен жері сондай тарылып тұрғанда алпауыттар жері өте көп болатұн: Мәселен ғырап Шереметіпте 29,901 десетігне, Галиційнде 1,067,358 десетігне жер болды. Басқа алпауыттарда бұлардан қалыспайды. 1917 жылғы төңкеріс жер меншіктеуді құртты. Жері аз қара шаруаларға жерді көбейтіп берді. Ол төңкеріс болмаса қара шаруа тіпті азайып ірі алпауыттарға шын құл қылар еді.

Азамат соғысы салдарынан қара шекпен жері көбейуінен шаруа бірден түзеле алмады. Аштық басталды. Аштыққа орын әзірлеген 1861 жылғы заң болатұн.

Стрұук

Қазағыстанда кімде қанша жәна қандай жер бар.

Бұрынғы Қазағыстанның Ақмола, Семей, Қостанай, Орал, Орынбор, Бөкей гүбірнелері мен адай үйезінде 202,962, 345 десетігне жер бар. Ол

жер десетіне есебімен мыналардың қолында: Переселен Қақолға алынған жер 20,136,630 орман ағашы түрлі керектерге де алынған жер 6,814,174

Қазақ орыстар қолында 9,392,061

Қазақ қолында қалғаны 161,787,205.

Бірақ жерден шаруаға қолайлы қолайсыз жағынан мынаны көреміз: қара шекпен мен атты-қазаққа тійген 32,473,912 десетіне жердің орта есеппен 25,979,129 десетіненісі қолайлыға есептеледі. Екінші түрлі айтқанда бұлар жерінің әр жүз десетіненісінің 80 (80%) десетіненісі қолайлы. Қазаққа қалдырылған 161,787,205 десетіне жердің орта есеппен қолайлысы тек 16,178,720 десетіне ғана. Екінші түрлі айтқанда, қазаққа қалған жердің әр жүз десетіненен он десетіне ғана (10%) қолайлы.

«Қызыл Қазағыстан» журналының 1925 жылғы 1-11-12 нөмірлерінен

Жаман ойлы.

Тергеушінің алдында ійнеліктей қатқан шүйкедей кішкене мұжық тұр. Үстінде кенеп көйлек, бұтта кір дамбал. Түк басқан бетін кез келген жерден шешек ойып кеткен. Қалың қастың арасынан түксіген көзі жылтырайды. Басындағы таралмаған шашы ұйысып жабағы бөрк болып қалған. Бастағы жабағы мұжықты бүйі сықылды айбатты көрсетеді. Ай-ақта дым жоқ.

Денес Жагорбаласы дейді тергеуші; берірек кел, менің сұрауыма жауап бер, үстіміздегі үйелдің сегізі күні темір жол күзетшісі Ыйбан акын баласы, ертеңгісін жол қарап келе жатып, 141-інші шақырым бойында сенің үстіңнен шығыпты. Сен темір жолдың тақтайына табан темірін ұстататұн тоғаны бұрап алып жатыр екенсің. Сол тоға мынау!... Осы тоғамен күзетші сені ұстап алған. Осы рас па?

– Әу-ма?

– Осы рас па? Акын баласының айтыуы дұрысқа келе ме?

– Әрйіне, дұрыс.

– Жақсы; ал, сен неге тоғаны сұуырып жатыр едің?

– Әу-ма?

– Сен «әу-ма»нды бұлай қой. Сөзге жауап бер. Тоғаны неге сұуырып жатыр едің?

– Керек болмаса сұуырмас едім ғой. – деп қырылдап Денес көзін алартып үй төбесіне қарайды.

– Саған бұл тоға неге керек еді?

– Тоға ма? Тоғаны ауға аурытбақ қыламыз...

– Біздің кім?

– Бізіміз – қалық... Кілім қаласының мұжықтары дегенім-ғой.

– Бері қара, жарқын. Сен өтірік аңқаусыма, жөн жауап бер. Аурытбақ деген өтірігіңді былай қой!

– Тұуғалы өтірік айтып көрмедім. Бұл жерде өтірік айтам ба... – деп Денес мыңқылдап көзін жыпылықтатады. – Тақсыр, өзің айтшы, аурытбақсыз ау сұуға бата ма? Аурытбақ байламай қармаққа шегіртке, шайан отырғызшы, сұуға батқанын көрейін. Мен өтірік айтыппын... – деп Денес жымыйды. – Сұу бетінде жүріп астына батпаса, шегіртке бокқа тұра ма? Алабұға, шортан тереңде жүреді. Сұу бетіндегі нәрсені шабақ қабар еді;

шабақ да көп қаба бермейді... Біздің өзенде шабақ жоқ... Шабақ кеніске кетеді.

– Маған шабақ жайын несіне айтасың?

– Әу-ма? Сіз өзіңіз сұрап отырсыз ғой! Біздің жерде мырзалар да балықты мен айтқандай аулайды. Мұрнынан боғы аққан жаман бала да аурытбақсыз балық ауламайды. Түсінген адам аурытбақсыз да балық аулайтұны рас. Бірақ ақмақта ес бар ма, нені тыңдасын...

– Сонымен сен тоғаны аурытбақ қылуға сұуырдым дейсің бе?

– Әйтпесе не қылайын? Онымен асық атам ба?

– Аурытбаққа сен қорғасын, оқ, шеге алыуға болатұн еді-ғой...

– Жолдан қорғасын тауып алалмассын. Сатып аларсын. Шеге аурытбаққа жарамайды. Аурытбаққа тоғадан артығы жоқ. Әрі ауыр әрі тесік.

– Ақмақси қалыуын кара! Йа кеше тұуған бала, йа аспаннан сый-актанұуын. Бұл сұуыруудың түбі неге соғатұнын түсінбейсің бе, қауашақ-бас? Күзетші көріп қалмаса от арба жолдан тайар еді. Жүргінші қырылар еді! Сен жұртты қырар едің!

– Құдай сақтасын, тақсыр! Неге қырамын? Бізді кәпір дейсіз бе, йа қарақшы дейсіз бе? Тақсыр, талай жасқа келдік, кісі өлтірмек түгіл, өлтірем деп, Құдайға шүкір, өмірде ойлап та көргенім жоқ... Құдайкем сақтай гөр... Тақсыр, сізге не болған?

– Ал, айтшы, от арба неліктен жолдан тайады? Екі-үш тоғасын ағытып ала-ғой, әне отарба жолдан тайады да қйрайды.

Денес мыйғынан күліп сенбеген көзбен тексеріушіге қарайды.

– Байағыдан бері аулымыз бен жабылып от арба жолының тоғасын ағытып алып келеміз. Құдай сақтасын. Бұл жерде тұрып жолдан тайады. Адамды қырасын... мен табан темірін алып кетем, айталық, йа ол жолға көлденең бөрене қойсам, бөлкем от арба жолдан тайса тайар еді... Тоға... дегенің қолынан не келетұн еді... Құрып қалсын...

– Тоға мен табақ темірді кесе жатқан ағашқа шегелейтұнүн білмейсің-бе?

– Оны біз білеміз... біз тоғаның бәрін ағытып алмаймыз... кейбіреулерін қалдырамыз... Біз де ақылға салып істейміз... Түсінеміз...

Денес есінеп ауызын сыйпайды.

– Былтыр осы жерде от арба жолдан тайып құлады, – дейді тексеріуші. Неден тайғанын енді білдім.

– Әу-ма? Не дейсіз?

– Былтыр от арбаның неге құлағанын түсіндім деймін.

– Түсінбесеңіз оқыған адам боласыз ба, тақсыр, түсінгеніңіз жақсы... Құдай біреуді түсінгіш қылып жаратады. Міне сіз не екенін, қалай болғанын түсініп отырсыз. Ал күзетші де мен сықылды бір мұжық: түсінбестен келіп жағаласады, сүйреп алып келеді. Мұжық болған соң мұжық болады, ақылы да мұжық болады... Ол екі ірет менің аузыма қойып қалды, көкірегіме түйіп жіберді. Тақсыр осыны да жазып қойыңызшы.

– Сенің үйінді тініткенде мұнан басқа тағы бір тоға тауыпты... Оны қашан, қай жерден ағытып алдың?

– Сіз қай тоғаны айтасыз? Қызыл сандық астында жататұн тоғаны айтасыз ба?

– Тоға сенің қай жерінде жатқанын білмеймін, тек сенің үйіңнен тауып алғанын білемін. Сол тоғаны қашан ағытып алып едің?

– Мен оны ағытып алғаным жоқ. Оны маған қылыш Семеннің баласы Йігінашке берген. Берді дегенім әлгі сандық астында жатқан тоға. Қорадағы шана ішінде жататын бір тоға болатұн. Оны Метірей екеуіміз ағытып алғанбыз.

– Қай Метірей?

– Петірдің Метірейі... Йапырмау Метірей дегенді естіген жоқсыз ба? Бізде әлгі ау тоқып мырзаларға сататұн Метірейші. Сол Метірейше доға көп керек болады. Әр ауына қарап тұрсаң он шақты доға...

– Бері қара... Жаза заңының 1081 ыстатыйасы бұлай дейді: келе жатқан от арбаға зыйан келтіретілік қылып, біле тұра жолды бұзған адам... Түсінесің бе? Білдің ғой! Тоға ағытқаннан не боларын сен білесің. Адам қаторгіге айдалады.

– Әрйіне мененде сіз жақсы білесіз. Біз надан соқыр адамбыз. Біз түсінеді дейсіз бе?

– Сенің білмейтінің жердің астында. Сен өтірік айтасың, жорта білмегенсіп тұрсың!

– Өтірік айтып неме керек? Нанбасаңыз ауылымнан сұраңыз... Аурытбақсыз тек шабақты ғана аулайды. Жаман ақ балық та аурытбақсыз қаппайды.

– Сен шабағыңды тағы қозға! Деп тексеріуші жымыйады.

– Бізде шабақ жоқ... Көбелек байлап аурытбақсыз қармақ салсақ, әй сірә балық келе қоймады-ау.

– Қой енді үніңді өшір...

– Сөз қойылды. Денес бір айағынан соң бір айағына салмағын салады; көк шұғамен жабылған үстөлге қарайды; алдында қара шұға емес күн тұрғандай көзін қатты-қатты жыпылықтата береді. Тексеріуші шапшаңдатып жаза бастайды.

– Мен жүре берейін бе? – деп бір аздан соң Денес сұрайды.

– Жоқ, мен сені ұстап абақтыға жіберемін.

Денес енді көзін жыпылықтатыуын тоқтатып, таңырқап төреге қарай бақшыйады.

– Түсіндіріңізші, тақсыр, абақтыға қалай жібересіз? Менің абақтыға баруға қолым тіймейді. Мен жәрменкеге баруым керек; Жагордан майым үшін үш сом алыуым керек.

– Үніңді өшір, жолдан қалдырма.

– Абақтыға... Жазығым болса барар едім, бас жоқ, көз жоқ... Мә-саған... не үшін? Ұрлық қылғаным жоқ. Төбелескенімде жоқ сыйақты. Болмаса, тақсыр, салық төлемеді деп күдіктенетұн шығарсыз, онда ауылнайға нана көрмеңіз... Сіз крестіянскі нашалніктен сұраңыз... Ауылнайда ыйман түйір жоқ...

– Үніңді өшір!

– Онсыз да мен үнімді өшіріп тұрмын... – деп Денес міңгірлейді. Есеп алғанда ауылнай былшылдаған болса ант берейін... Біз ағайынды үшеуміз: Көзме Жагорбаласы, ол менің ағам болады, Жагор Жагор баласы, мен Денес Жагорбаласы боламын...

– Сен мені жолымнан қалдырасың... Әй, Семен! – деп тексеріуші айғалайды. – Мынаны алып кет.

Екі мықты салдат ұстап кеңседен шығарып бара жатқанда: – Біз үш ағайындымыз: – деп Денес мыңқылдайды. Бір тұуғанмен әркім өз жазасын өзі тартады. Көзме салық төлемесе, Денес сен жазықты. Әй тақдыр! Марқұм Жанаралбай өліп кетті. Болмаса сендей сұдиалардың әкесін танытар еді. Біліп тексеріу керек, босқа емес... Өлтірсең де, жазығына қарай ұят бен өлтір...

Шекүп.

От.

Өткен ескі күн елестеп есіме түседі. Күзгі ымырт кезі. Түнерген қараңғылық. Сібірдің бір түксійген өзені мен жүзіп келемін.

Өзен жалтарып бұрылып кеткен жерінде. Ілгергі жақтан сұуға төнген қара жардың алдында кенеттен шырақтай болып жылтылдайды. От жарқылдап жылтылдайды. Жап-жақын... Мен құуанып кетіп: – Құдайға шүкір, ауылға жеттік қонатын жақын, – деппін.

Күрек есіп келе жатқан сібірлік азамат бұрыла беріп отқа қарады да, асықпай күректі сабалап есе берді.

– Алыс жатыр! – деді күрекші. Мен күрекшіге нанбадым: қалай найын, от жапжақын көрінеді. Қараңғыны жарып жарқылдап тұр. Бірақ күрекші сөзі дұрысқа шықты. Шынында от алыс екен. түнгі оттың сыры қараңғыны қақ жарып жапжақын келеді, жарқылдайды, мен жақын деп шалқып қол бұлғалап шақырады, тайандың деп дәмелендіреді. Күректі енді екі-үш есіп жіберсең жеткендей көресің. Шынында алыс...

Сыйа сыйақты қапқара түксійген сұуық өзен мен жүзіп келеміз. От жеткізбей келеді.

Жыра мен жартастар қарсы соғады, үстімізге төнгендей болып жылжыйды. Ысырылып тағы кейін шегініп кетеді, көзден жойылып тым алыста қалады. От әлі жарқылдап дәмелендіріп шалқып тұр.

Алыстығы да, жақындығы да байағыдай.

Тас көкіректі таулар арасында күнгірт тартқан өзен, жылтылдаған от есіме әлі түсе береді. Менен басқаларды да талай оттар мен жақын деп шақырған. Бірақ, түксійген салқын арнасы мен тұрмыс ағып барады. Оттар әлі алыста. Күректі әлі қаттырақ есіу керек... бірақ қалайда от алда.

Кареленко

Мақта егіу.

Астық арасында тамаққа бйдайдың қандай керектігі болса, мата тоқууға мақтанында сондай керектігі бар. Жер үстінде тоқылатұн матаның 7/8-інен асыуы мақтадан жасалады.

Мақта деген не? – Мақта деген мақта өсімдігінің дәнін қоршап тұратұн нәп-нәзік жіңішке мамық. Кей мақта шөп сықылды, кей мақта бұта сықылды болып өседі. Мақта ыссы ылғалды жерге егіледі. Мақта тыйланған құмақ йа құм мен сазы аралас жерге жақсы шығады. Саздың өзіне мақта шықпайды. Топырақ ылғалды тегіс өткізетін болсын. Сұу ййрілетұн жерге

де мақта шіріп кетеді. Сондықтан мақтаны Өмерійкенің оң түстігінде, Мысырда, Үндістанда егеді. Бұлардың ауасы ыссы, жана теңіз жақындығынан ылғалды болады. Ресейде мақтаға қолайлы жер Түркістен, Түркбенстен, Қапқаздың оң түстігі. Бұларда ылғал аз. Сондықтан мақтаны қол мен суару керек.

Күн бұрын мақта егетін жерді терең алып айдап қояды; көң төгеді. Көнді топыраққа араластырып күз күні тағы айдайды. Жазғытұры ертерек тырмалап мақтаның тұқымын себеді. Тұқым желі тартқандай қатар себіледі. Бір тұқым мен бір тұқым арасы да қатарларының арасы да қадам жарынан болады. Бір десетійнеге екі пұт тұқым кетеді. Жаз бойы мақтаның түбі көміліп тұрады. Жер жұмсатылып тұрады. Сүйтіп ылғалды ауаға шығаратұн жер жарығын құртып тұрады. Тамырға ауа баратұн қылып тұрады.

Мақта піскенде тұқымының қабығы жарылады. Қабық ішінен жұп-жұмсақ нәп-нәзік домаланған мамық шығады. Мақта тұқымын қолмен йа мәшінемен орып, қапқа толтырып мақта тазартатұн зауыттарға жөнелтеді. Зауытта мамығын айырып жіп ййретұн пәбрікке жібереді де тұқымынан май сығып алады. Май тамақ болады. Бір пұт тұқымнан он қадақ май шығады. Сыққаннан қалған шыжық бен мал асырайды. Бір десетійнеден 15-30 пұт тұқым түседі. Ең жақсы мақта талының ұзындығы 2½ біршүк, орташа мақта талының ұзындығы 1 біршүк, жаман мақта талының ұзындығы ½ біршүк болады. Талы ұзын жіңішке болған сайын мақта жақсы болады. Матаның түріне қарай әр түрлі мақта ұсталады.

Мақтаны жұрт көптен егіп келеді. Көп еге бастағаны жіп ййретұн мәшіне шыққан соң 150 жылдан бері қарай. Мұнан он жылдай бұрын тұқымын далаға тастап жүрген жана да тұқымнан май сығып алатұн болды. Сүйтіп білім арқасында адам бұрын іске асырылмаған нәрсесін іске асырып келеді. Біліу үшін оқыу керек.

Б.Бартеңіп.

III. Кәперәтсiе.

Кәперәтсiе.

Кәперәтсiенiң негiзi не? – Кәперәтсiенiң негiзi – еңбекшiлердiң шаруасын оналтыу.

Кәперәтсiеге жұмысшылар, қара шаруалар, шеберлер кiредi. Кәперәтсiенiң әлде-неше түрлерi бар. Бiр түрi түсiнiс кәперәтсiесi делiнедi. Түсiнiс кәперәтсiесiнiң алды мен көздейтiн мақсаты – еңбекшiлерге жақсы нәрсенi арзанға сатыу. Өндiрiс кәперәтсiесi деген де болады. Оның алды мен көздейтүнi – нәрсе жасап шығаратұн уақ шаруаларды дұрысырақ ұйымдастырып, өндiрген нәрселерiн тiйiмдiрек сатқызыу. Бұл жағынан қарағанда, кәперәтсiе жай саудагерлер мен тартысады.

Еңбекшiлер көп кiрiп кәперәтсiе ұлғайып өскен сайын, кәперәтсiенiң мағазиндары көбейедi. Кесiп дүкендерi молайады. Сол кезде кәперәтсiе қапыйталшыл мемлекеттiң құрыған кедiргiсiне ұшырайды. Кәперәтсiе келiп байлар үшiн шыққан заңға келiгедi. Ол заңдар кәперәтсiеге жағымсыз болады. Ақырында еңбекшiлер ұйымы – ортақшылдар партыйасының жетегi мен кәперәтсiе қапыйталға қарсы төңкерiске қосылады.

Бiрақ бұл күнде кәперәтсiе әлi шамалы мақсаттан әрi аттай алған жоқ. Ол шамалы мақсат дегенiмiз – мүшелерiнiң тең шаруасын оналтыу. Бұл жағынан да кәперәтсiенiң қызметi зор. Үйткенi, бұрын тек қара жұмыс бен күнi кешкен қалың еңбекшiлдер мен жұмысшыларды кәперәтсiе саудаға, өндiрiске үйретедi. Сүйтiп кәперәтсiе қапыйталшылдардың iстей бiлетұн жұмысын еңбекшiлерге үйретедi.

«Жасасын еңбек»

Тұтыныс кәперәтсiесi.

Тұтыныс кәперәтсiесi – еңбекшiлердiң ұйымы. Кiрген мүшелер кәперәтсiеге жарна салады. Еңбекшiлдердiң кәперәтсiеге кiруге әлi келiу үшiн жәна көп ақша салған байлар кәперәтсiеге қожа болып кетпес үшiн жарна мөлшерi кiшкене болады. Жарнадан түскен ақшаға тауар, тамақ сатып алынады. Кәперәтсiе тауарды, тамақты шыққан жерiнен сатып алыуға тырысады; жай саудагерден гөрi тауарын арзанырақ сатыуға ұмтылады.

Қалалы жердегi жалшылар мен кеңселердегi уақ қызметкерлердiң тек жал ақыдан басқа табысы жоқ. Бұларға тұтыныс кәперәтсiесiнiң пайдасы өте-мөте зор. Сондықтан күн батыс еуропада кәперәтсiе мүшелерiнiң 75-90% жалшылар мен уақ қызметкерлер болады.

Италiе, Болғарыйа, Уенгерийе, Ресей, Қазақыстан сыйақты жерлерде қара шаруа көп. Бұл мемлекеттерде тұтыныс кәперәтсiеге уақ жер иелерi де кiредi. Жарлы жана орташа қара шаруаларға да тұтыныс кәперәтсiесi пайдалы.

Бұрынғы замандарда әр шаруа өз кезегiн өзi жасаған; басқадан сатып алмаған. Шаруа малының етiн жеп, жүнiн, терiсiн кийiм-құрал қылған. Мұндай шаруаны өзiндiк шаруашылық дейдi. Берi келе өзiндiк шаруашылық жойылған. Қара шаруалар қалада iстелетұн нәрсенi сатып

алатұн болған. Ол нәрселерді қайдан сатып алады? – Ауылдағы саудагерлерден, базардан, жақын қалалардан сатып алады. Мұндай сатып алған тауарына қара шарыуа қымбатырақ төлейді. Ауылдағы қара шарыуалар бірігіп тұтыныс кәперетібін ашса, үйездегі, гүбірнедегі кәперетіптер мен қатынасып алыс-беріс жасаса, қара шарыуалар да, жұмысшылар сыйақты, тауарды арзанырақ алалады.

Бірақ ескеретұн нәрсе мынау. Ауылдағылардың азды-көпті жері, малы, нәрсе жасайтын құралдары болады. Ең керек нәрсе – тамақ. Тамақ ауылдағылардың өз шарыуасынан шығады. Сондықтан қара шарыуаға қала тауарын арзанырақ алыу тіймді болса, өзі сататұн ауыл шарыуасынан түсетін нәрселердің қымбатырақ сатылуы тіймдірек болады.

Уақ шеберлер мен ұсталардың үйлері де осы сықлды. Нәрселерді тіймдірек сатып алыу үшін, уақ шеберлер тұтыныс кәперәтсійесін көтермелеуге ұмтылады. Бірақ, олар әсіресе ілтійпат салатұн нәрсесі – өз ара одақ йа артел болып бірігіп, нәрсені көбірек жасау, жасаған нәрселерін қымбатырақ сатыу.

Капыйталшыл тұрмыс кезінде жәна осы күнгі капыйталдан сатсыйалдыққа көшіп келе жатқан кезде, шарыуаның бір жұмысына пұл керек болып қалады. Ол пұлды несіе алыу керек. Сондықтан несіе таратыушы кәперәтсійе ашыу керек болады. Сүйтіп, шарыуа түзеліуі үшін тұтыныс кәперәтсійесі мен қатар несіе кәперәтсійесі, шеберлер кесібінің кәперәтсійесі, ауыл шарыуасының кәперәтсійесі ашылуы керек.

Несіе кәперәтсійесі, өндіріс кәперәтсійесі өте-мөте ауылдағыларға пайдалы.

«Жасасын еңбек»

Ауыл шарыуашылық кәперәтсійесі.

Ауыл шарыуаларының қолында егетұн егісі, шабатұн шабыны, бағатұн малы болады. Ауыл шарыуалары бақша да салады, балық та аулайды, сүттен май да алады, май шайқаушылар, бақшашылар, мал бағыушылар, егіншілер, балықшылар сықылдылар өз ара бірігіп ауыл шарыуашылығы кәперәтсійесін ашады. Сүйтіп ауыл шарыуашылығы кәперәтсійесіне ауыл шарыуалары кіреді.

Ауыл шарыуашылығы кәперәтсійесінің алдыңғы мақсаты – ауыл шарыуаларының жасаған нәрселерін бет-бетіне саттырмай біріктіріп, бір жерден сатқызыу. Мәселен, мүшелерінің шарыуасынан түсетұн тері-терсек, жүн-жұрқа, ауысқан астығын кәперәтсійенің өзі жыйнайды. Мүшелері бет-бетіне көрінген бақалшыға нәрселерін сатпайды. Ол жыйнаған нәрселерін кәперәтсійе саудагерге сатпай, көп қылып йа ірі сауда орындарына, йа пәбрік зауытқа тіке өзі сатады. Уақ саудагерге сатқаннан көптеп ірі орынға сатқан нәрсенің бәсі көтеріңкі болады. Уақ саудагер қолына жұғып қалатұн пайда кәперәтсійенің жанына қалады. Кәперәтсійе ауыл шарыуаларының өз ұйымы болған соң, ол пайда ақырында мүшелерін табады. Сүйтіп кәперәтсійе уақ, орташа саудагерлер мен тартысады.

Ауыл шарыуашылығы кәперәтсійенің мұнан соңғы ісі – мүшелерінің шарыуашылығы дұрыс жүріуі кәперәтсійеге тіймді болады. Бірігіп жер жыртыуға, шөп шабыуға, бөгет салыуға, арық қазып жер сыуарыуға бо-

лады. Ауыл шаруасын көтеріуге істелетін жұмыстың көбін кәперәтсіей істеуге болады. Кәперәтсіейнің қолынан май шайкайтұн, байпақ басатұн, бұлғары йлейтұн, кийіз басатұн, өрмек тоқыйтын, мақта тазартып түтетұн тағы түрлі зауыттар ашыу келеді. Кәперәтсіейлер құрал-сайман өндейтұн дүкендер ашады. Елге тұқымдық тарататұн жақсы малдар ұстайды. Әрийне мұның бәрін жергілікті шаруаға қарай істейді.

Мұнан ауыл шаруашылығы кәперәтсіейсі екі қойанды бірдей соғатұны көрінеді. Әуелі мемлекет шаруасы дамуға мықты жәрдем тийгізеді. Екінші бытыранды шаруаның басын қосып, бірігіп жұмыс қылуға дағдыландырады. Сүйтіп, өндірісті ортақтасып жасауға үгітті болады.

«Жасасын еңбек».

Кәперәтсіейнің ашыу жайы.

Осы күні гүбірнелік йа үйездік қалалардың бәрінде де кәперәтіптің кіндік ұйымдары бар. Ел ішінде кәперәтіп ашарда сол ұйымдар мен қатынасу керек.

Ең әуелі ауылдың кісілері жыйналады. Жыйылысында қаулы жасайды. Қаулының мысалы мынадай деуге болады: – Біз пәлен болыстың, пәлен ауылдың азаматтары пәлен үй йіесі бірігіп, кәперәтіп ұйымын ашпақшы болдық. Ұйымға кіретұн адамдар мыналар: (кіремін дегендердің аты мен әкесінің аты жазылады).

Кәперәтіпке кіретұн адамдар ақша төлейді. Бұл ақшаны мүшелік жарна дейді. Мүшелік жарнаның мөлшерін ең алғашқы жыйылысында көптің өзі белгілейді. Үй басы бір теңгеден салыуға да, бас теңгеден салыуға да, он теңгеден салыуға да болады. Мүшелік жарнадан ұйымның түпкі қаражаты құралады. Мәселен ұйымға жүз үй жазылса, үй басы бес теңгеден салса, бес жүз сом қажат болады. Осы 500 сом мен ұйым жұмысын бастайды. Тілеген адамдар ұйым ашылған соң артынан жазылуға да болады.

Көрсетілген тәртіп пен қаулы жасалып, жарна ақша жыйналған соң, ел ортасынан бір адамды сайлап қаладағы кіндік ұйымға жібереді. Ол адам кіндік ұйыммен сөйлесіп, сол ұйымның жәрдемі мен елде жасалған қаулыны бекітіреді. Қаулыдан басқа ұйымның ұстаған жолын жазған жоба болады. Ашылған ұйымның не істейтүні, қайда тұратыны, қалайша сауда-саттық жүргізетүндігі, қалай өмір сүретүндігі жазылады. Бұл қағазға елден сайланған адамдар қол қойып бір данасын кіндік ұйымда қалдырады да, екінші данасын елдегі ұйымда сақтайды. Ондай жобалардың үлгісі бұл күнде қазақша да, орысша да, тасқа басылып шыққан; керегінде қаладағы ұйымнан алыуға болады. Ұйымға мүше болып жазылған адамдардың бәрі бұл жобамен танысу керек. Ұйымның ісін жүргізетұн басқарма сайланады. Басқармаға үш-бестен артық кісі сайлаудың керегі жоқ. Басқарма жыл-ма-жыл мүшелердің жалпы жыйылысына есеп беріп тұрады. Жақпаған адамды басқармадан шығарып, орнына басқа адамды сайлау мүшелердің еркінде. Басқарманың ісін зерттеп қарап тұрыуға тексеріуші кемесіе сайланады. Басқарманың ұнамсыз істері, кемшілігі тыуралы тексеріуші кемесіе ұйым мүшелеріне байандап тұрады. Тексеріу кемесіейнің өзі қыйсық жұмыс қылса, онда оның өзін түсіріп тастау, йа соғқа тартыу мәселесі мүшелердің жалпы жыйылысының ортасына түседі. Ауылдағы ұйым мен

қаладағы ұйым ылғый қатынасып тұрыу керек. Іс білетүн, жөн көрсете алатүн жігіттер қаладан ауылға келіп нұсқау беріп тұрыу керек. Мұнда қатынас әсіресе алғашқы кезде өте-мөте керек.

Садыуақасұлы С.

Қазағыстанда тұтыныс кәперәтсійесі.

Қазағыстан түкпір-түкпіріне кәперәтсійе әлі жайылып болған жоқ. Қалық кәперәтсійеге бірте-бірте ынтасын салып келеді. Кәперәтсійе маңызы артып келеді. 1924 жылдың өктебірінін біріне қарсы Қазағыстанда 583 кәперәтіп болған. Мұның 14 – жұмысшылардікі, 12- қаланікі, 557 – ауылдікі. Ауылдағы 557 кәперәтіптің 116 қазактікі; 97 кәперәтіпті қазағы-орысы бар аралас ашқан. Барлық Қазағыстанда әлгі уақытқа қарсы кәперәтіп мүшелері – 126921 кісі. 1924 жылы кәперәтіп мүшесі айына 10% өсіп отырған. Бүгін Қазағыстанда қала қалқының 8,5%, ауыл қалқының 2,9%, көшпелілердің 1,12% кәперәтсійеге кірген. Ауыл мен қала қалқын жамыратса, бүтін Қазағыстан қалқының 3,2% кәперәтсійеге кірген болады.

Бұлардың қорытынды балансына қарағанда қаражатының күйі мынадай:

1) Қара шарыуа – жұмысшылар кіндік кәперәтсійесі мен қала кәперәтіптерінікі 2,827015 сом – 17%

2) Ауыл кәперәтіптерінікі 4,734998 –«- 28%

3) Кәперетіп одағынікі 8,809643 –«- 52%

4) Қазағыстан аймақтық одағынікі

(Кіркірайсійез) – 597,118 –«- 3%

Қорытынды балансы 16,984,774 –«- 100%

1924 жылдың бірінші ғыныуарынан бірінші өктебіріне шейін тоғыз ай ішіндегі тұтыныс кәперәтіптерінің алып-сатқан саудасы 15,302,302 сом болған.

«Қазақстан өкіметінің 5 кеңес тобына берген есебінен».

IV. Сайасы сауат.

Кенес республикасының бйлеу жнн.

Ресейлік кндк атқару кэмйтет.

Ресейлік кндк атқару кэмйтеттн орысша бас әрптерн-ғана алсақ У.С.И.К. кндк кэмийтет бтн Ресейде мықты заңдарды шығаратн, істі тәртіпке салып тұратн, қарап бақылап тұратн жоғарғы орын.

Кндк кэмйтет жұмысшы қара шаруалар үкіметінн жана барлық кеңес мекемелерінн жұмысына жалпы бағыт беріп отырады. Заң шығаратн ел бйлейтн жұмысты дұрыстап біріктіріп, ұластырып отырады; кеңестн негізгі заңынн кеңестер сйезі қаулысынн кеңес үкіметі кндк мекемелері қаулыларынын іске асуын қарап отырады.

Кемесерлер кеңесі, йа бір кемесеріет жасап алып келген декреттерінн жобаларын йа басқа ұсыныстарын қарап бекітетн кндк кэмйтет болады. Кндк кэмйтетөз бетнен де декрет йа бұйрық дазып таратуға еркі бар.

Кндк кэмйтет жалпы ресейлік кеңестер сйезін шақырады. Ол сйезге есеп береді, жалпы сайасаты тыуралы байандама жасайды. Басқа мәселелер жайында да байандама қылуға болады.

Бтн Ресейді бйлеу үшн кндк кэмйтет кемесерлер кесн жасайды, әр істі басқаруға әр түрлі кемесеріеттерді жасайды.

Кндк кэмйтет мүшелері кемесеріеттерде жұмыс істейді, йа кндк кэмйтеттн арнап тапсырған жұмысын орындайды.

Кемесерлер кеңесі.

Бтн ресейді бйлейтн кемесерлер кеңесі. Ісін орындау үшн кемесерлер кеңесі декрет, бұйрық, нұсқаулар шығарады. Қысқаша мемлекет жұмысы дұрыс тез жүріуіне кам қылады. Барлық қаулыларын кемесерлер кеңесі кешікпей кндк кэмйтетке білгізіп тұрады.

Кемесерлер кеңесінн қаулысын, қарарын тоқтатып тастауға кндк кэмйтетінн еркі бар. Кемесерлер кеңесінн жалпы сайасатқа қатысы бар ірі мәселелері кндк кэмйтеттн қарап бекітуіне тапсырылады.

Әр істі басқаруға әр түрлі кемесеріеттер болады.

Кемесерлер кеңесі бтн ресейлік кеңестер сйезінн алдында істеген ісіне жауапты болады.

Қалық кемесерлері, кемесеріеттн алқалары кемесерлер кеңесі алдында, кндк кэмйтет алдында жауапты.

Қалық кемесері деген атақ бтн республикәнн жалпы ісін басқаратын тек кемесерлер кеңесінн мүшелеріне ғана беріледі. Кндк те болсын, орындар да болсын бұлардан басқа кеңес үкіметінн қандай өкілі болса да қалық кемесері деген атақбен пайдалана алмайды.

«Р.С.П.С.Р. негізгі заңынан»

Кеңестер одағы (СССР).

Кеңестер одағын жасауға ұмтылыу РСФСРде басталған жоқ, уақ кеңесшіл республикелерде басталды. РСФСРдың ХХ кеңес сійезі бұл іс басталған кезде шақырылды. ХХ сійезге көрші республикеміздегі қыймыл мен санаспақа әрйіне болмады.

Мұның соңынан бүтін одақтың сійезі ашылды. Бұл сійез өзінің кіндік атқаруы кәмйітетін сайлады. Сүйтіп республикелер арасында шарт жасалып қол қойылды. Шарт ХХ сійез ұйғарып кеткен жолымен жасалды. Бұл шартқа Ұқрайна, Оң түстік Қапқаз, Белоросейе өз сійездерінде шығарған қаулылары кіргізілді.

Шарттың негізі не? Бұрынғыдан айырмашығы не? Кеңес республикелерінің арасына жаңа шарт үлкен өзгеріс кіргізген жоқ. Тек бұрынғы араларын анықтады, кейде түзеді. Шарт бойынша барлық республикелерде қызыл әскерді басқарып бійлеп тұратын орын біреу-ақ болады. Темір жол, сұу жолы, пошта, телграм, сыртқы сайасат, сыртқы сауда бір жерден басқарылады республикелердегі кемесеріеттер ақша, азық-түлік, шаруашылық сайасаты, жұмысшы қара шаруа бақылау, еңбек жағынан одақтың кіндік кемесеріеттеріне бағынады. Басқа жағынан одаққа кірген республикелердің өз бійлігі өзінде

Одақ бір біреуге сеніштікке, толық бостандыққа сүйеніп жасалған. Бұлай екені әр республике одаққа кіруге де, одақтан шығыуға да ерікті екендігінен көрінеді.

Одақтың маңызы зор. Ресейде республикелердің ұлттардың ішінен жақындасып, одақтасыуы патса үкіметіне қарсы тартысып жүрген кезде шыққан. Жалшылар республикелерінің одағын орнатып бітіу – бүтін дүніеде кеңестер одағын орнатыудың басы, бүтін дүніе жалшылар төңкерісінің негізі.

Ынғұлып.

Еңбекшілер сайлау ұқыуы.

Кеңеске өзі сайланыуға, йа біреуді сайлауға кеңестер одағының жасы 18ге толған азаматтары жарай береді. Сайлауда дініне, ұлтына, қайда тұрғандығына, еркек әйеліне қарап айырмашық болмайды. Сайлауға кіре алатұн мынадай адамдан:

1) Бір нәрсе өндіріп йа қоғамға пайдалы жұмыс пен күн бұрын тамақ асырап тұрғандар. Нәрсе жасауға пайдасы бар үй жұмысында қызмет ететіндер, бұлар жұмысшлар, түрлі қызметтегілер, пабрік зауытта сауда орындарында ауыл шаруашылығында жұмыс қылыушылар, қара шаруа-лар, егінші атты-қазақтар. Бұлар пайда табыу үшін біреуді жалдамаулары шарт;

2) Кемеле, әскерде қызмет қылатұн кеңес әскерлерінің салдаттары.

Кеңес республикесінде сайлауға қатыса алмайтындар.

Жоғарғы адамдар қатарына кірсе де, өзі сайланыуға йа біреуді сайлауға жарамайтын адамдар мыналар:

- 1) Пайда табыу үшін біреуді жалдайтында;
- 2) Еңбексіз пайда табатындар, мәселен капыйталының өсімі мен, кесіп орынының түсімі мен мүлкінен түскен нәрсемен тұратұн сықылды адамдар.
- 3) Өз бетінше сауда қылатындар, сауда-саттық ісінде ділдал болып жүретінлер;
- 4) Сопылар, мешіт бағып отырған молдалар, дін жолында қызмет етіушілер;
- 5) Бұрынғы палытсыйада, жандарымда, акраный атделенійеде қызмет еткендер; Ресейде патшалық қылған тұқым адамы.
- 6) Ақылынан жазғандығы тййісті іретбен анықтаған адамдар; өз бетімен тұралмайтұн болған соң, үстінен біреу қамқор болып тұрған адамдар;
- 7) Жаман қылмсы үшін сырокбен заң бойынша сот үкімі бойынша жазаға бұйырылған адамдар.

«РСФСРдің негізгі заңдарынан»

Біздің сайасытымыз.

Қалық шарыуасының қай тарауы болса да, өсіп дұрысталып келеді. біз өсіп келеміз. Бірақ төрт айағымызды тең басып өсіп келе жатқанымыз жоқ. Өсіп келе жатып дағдарыстан құтылалмай келеміз. Бұл дағдарыстан бір тек біз қорытыу шығарамыз: қара шарыуа мен жұмысшылар арасын жақындастыруу жұмысын он ірет күшейтіу керек; ол жұмысымыз көзге түсерлік іс болып шығыуына лайықтап барлық кеңес мекемелерін қолдан келгенше дұрыстау керек. Бұл жақындық төңкеріс бен ауыз көпіртіп сөйлеген былшыл сөз бен орынға келмейді. Бұл жақындық шығтты арзандатыу мен кәперетсйедегі қызметкерлердің істі жүргізгіштігі мен жермайды арзандатыу мен, жермайды ауылға алып барып бере біліуіміз бен орынға келеді. Дұрыс жақындық осы. Бұл шешілерлік жұмбақ. Барлық күшімізді жұмсасақ бұл жұмбақты шешеміз. Бұл жерде Ленійн өсіетіне қарсы кетерміз деп қорқпандр. Біздің үкіметіміздің сайасаты Ленійн сайасатының жалғасы.

Л. Каменіп. (С.С.С.Р кеңестерінің II сійезіне жасаған байандамасынан)

Партьйа деген не?

Партьйа деген не нәрсе? – Партьйа деген бір таптың бөлігі. Таптың бұл бөлімі тапты ұйымдастырады. Тап тартысын басқарады. Сайасат күшін табы жаулап алып, қолында ұстап тұрыуна тырысады. Партьйа деген таптың ең қырағы, ең саналы, ең іскер бөлімі. Әр таптың өз партьйасы бар.

Бірақ партьйа бір күнде тұмайды. Партьйа неше жылдар бойы құралып түзеледі, өзгереді.

Кейде кейбір адамдар йа топтар әлдеқалай бір партьйаға кіріп кетеді. Сонан соң ол партьйадан бұлар шығып, орнына басқалар кіреді. Тек тартыс кезінде ғана партьйа өз табына сәйкес шығады деуге болады.

«Жойылсын сауатсыздық» журналы. № 36.

Ресей ортақшыл партиясы.

Ресей ортақшыл партиясының орысша бас әріптерін ғана тізгенде БКП болып шығады. БКП жұмысшылар табының партиясы, жұмысшылар табының бөлімі, жұмысшылар табының басы. Онда мұнан да басқа жұмысшылар партиясы болғаны қалай? Онда меншіктер партиясы өзін жұмысшылар партиясымыз деуі қалай? Есерлер партиясының да жұмысшылар табының қамын соғамыз деуі қалай? Жұмысшылар табы да, басқа партиялар да, жұмысшылар партиясы да кенеттен тұмайды, айағы салбырап аспаннан түспейді. Жұмысшылар партиясы неше жылдар құралып жасалған. Кейбіреулер, мәселен 1905 жылғы төңкеріс кезінде, меншебектер өздерін жұмысшылардың қорғаны деп есептеген. Тек мықты мәселелер майданға қойылғанда бірте-бірте анықталып жұмысшылар табының партиясы шыққан. Ол мықты мәселелер – соғыс мәселесі, құралданып көтеріліс жасау мәселесі сыйақтылар. Мұндай мәселелер тап жігін айырады. Азамат соғысын шығарады. Сондықтан бір неше жыл бәлшебектер меншебектер мен, есерлер мен тартысып келген. Сондықтан 1917 жылы өктәбір айында тар жол тайғақ кешуі кезінде меншебектер есерлер бұуыржуаға қосылып, жұмысшылар табына қарсы шыққан.

«Жойылсын сауатсыз» журналы. № 36

Б.К.П. не үшін тартысады.

Б.К.П.ге кіретүн кім? Жұмысшылар, жана ортақшыл партия ғана езілгендерді, еңбекшілдерді қорғайды деп түсінген жарлы қара шарыуалар.

Ортақшыл партия – еңбек партиясы. Ортақшыл партия жер үстінде бұуржуа қожалығын жойуға ұмтылады; бұуржуа қолынан барлық пәбірікті, зауытты, жерді тартып алып барлық еңбекшілдер бйілігіне беріуге тырысады; адамды адам қанауын, адамды адам езіуін құртыуға күш салады.

Бұл күнде әр елдің ортақшыл партиясы бар. Ортақшыл партия ғана еңбекшілдерге азамттық алып беріу үшін айанбай соғысатұнұн әр жердегі еңбекшілдер де түсінген. Сондықтан бұлар ортақшыл партия тобының астына жыйналып жатыр.

«Жойылсын сауатсыздық» журналының № 36.

Ауыл мен қаланың жақындығы.

Жолдастар, іс пен сыйпыр бізге өте маңызды. Олар не дейді? Олар бүй дейді: Мемлекетті өлтірмеймін деген мақсатына жаңа үнем сайасаты жетіп келе жатыр дейді. Ілгері басқанымызда дау жоқ. Қала мен ауыл арасының айырбасы күшейді. Бірақ бұл айырбас өткен жыл көбінесе тұтыныуға ғана керек нәрселер мен болды. Қала ауылдан тамақ алды. Қаладан қара шарыуа қара басына йа үй шарыуасына керек нәрсесін алды. Мұның мәнісі

мынау: жақындық, қала мен ауылдың шаруашылық жағынан айырбасы бірінші басқыштан аттап өтіп келеді. Тұтынысқа керек нәрсені айырбастасып келеді.

Қала мен ауыл тұтынысқа емес өндіріске керек нәрселермен айырбастаса бастағанда екінші басқышшыға мінеміз. Өндіріске керек нәрсе дегеніміз – қалаға ауыл жүн-жабағы, тері терсек, мақта кендір сықылды өнделетүн шійкі затын беріуі болады; ауылға қаланың егін, пішен құралдары сықылдары нәрселерін беріуі болады.

Тротскійдің Р.К.П. XII сійезіндегі сөзінен.

Ұлттар бостандығы.

Падша кезінде Ресейде жүз қаралы түрлі ұлт бар еді. Бұларды падша үкүметі езгілеп келіп еді. Кеңес үкүметі ондай езіушілікті жойды. 1918 жылы Кеңестер сійезінің III тобында әр қалыққа өз бетінше тұрамын десе де, жалпы Ресейдің басқармасында боламын десе де ұлықсат беріліп қаулы шығарылды.

Сол берілген ерк арқасында Ұукрайна, Геруузіе, Әрменіе, Әзірбайжан, Белеросіе сықылды елдер өз алдына кеңесшіл республіке болып бөлініп шықты. Олардың өз алдына кіндік атқаруы кәміттеттері мен кемесерлер кеңесі бар.

Ресей кеңес республікесі мен олар шарт жасайды. Ол шарт бойынша темір жол, сұу жолы, соғыс сықылды кемесеріеттері Ресей кеңес республікесі мен бір болады.

Кей бір ұлттар аптаномыйалы кеңес республікелерін жасап алды. Бұлардың да кіндік атқаруы кәміттеттері мен кемесерлер кеңестері бар. Бірақ бұлардың айырмашығы сол – жалпыресейлік кіндік атқаруы кәміттеттің қаулыларын бұлар орындау керек. Кей бір ұлттар аптаномыйалы обылыс жасап алды. Бұлар обылыстық кеңес сійезін шақырып, обылыстық атқаруы кәміттетін сайлайды. Аптаномыйалы облыстардың үстінен Ресейдің кіндік кәміттеті қарап тұрса да, олар ұлтының жайына қарай түрлі іс қылуға, өз тілін жүргізуге еркті. Падша заманында бір ұлт өз тілінде балаларын оқыта алмайтүн еді. Ана тілінде мектеп салыуға ұлықсат берілмейтін еді.

Коміиттерін жылына шығаратүн кітабынан. 296 бет.

Қара шекпен мен жұмысшылар төңкерстері.

Осы күні жер жүзі тегіс төңкеріс қазанының ішінде тұр: жұмысшылар бұуржуазиені құлатып тастауға ұмтылады. Ол бұуржуазие дегеніміз кім? Бұуржуазие дегеніміз – жұмысшыларды қанаушылар, жұмысшыларға неғұрлым ақыны аз төлеп жұмысты артық істетіп, басқаның сыбағасын өзі ійемденіушілер; нәрсенің нарқы мен жұмысшы ақысының арасындағы айырмашықты қалтасына салып байушылар. Біреуді біреу қанау жаңа шықты-ма? Байлар, тектілер бұрын қара қалықты қанамады-ма? деп сұрау тыады. Қанау әр қашанда болған. Осы күнгі пәбрік-зауытты, танкілі, темір

жолды бұржуазие қоғамы шықпастан бұрын, бектер дәуірі, басыбайлы тұрмыс дегендер болған. Бірақ ол замандарда жұмысшыларды жүндеуші, табысын тартып алып ақы сымақ төлеуші пәбрік ийелері емес еді; қара шекпен еңбегінің жемісін тегін әеуші алпауыттар еді. Ол кезде қалғандар қанаушыларға қарсы көтерілетүн-бе еді? Ол кезде де осы күнгідей төңкерістер болды-ма? Йа, ол кезде де болған; бірақ, тілекке жете алмаған. Неге? Неге десеніз, қара шекпендер өз ара ымыраласалмаған, ұйымдасып бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығаралмаған. Не үшін олай болған? Оның себебі мынау: қара шекпендертозғындап жерлерін жыртады; біріне бірі көмекті сйірек көрсетеді; жерден өнген нәрселерін, астықтарын сатқанда бір бірімен бәсекеге кіріседі. Базарда пішен астық, картоп сықылды нәрселер неғұрлым аз болса мұжыққа со ғұрлым тийімді; үйткені әлгіндей нәрселерін қара шекпен қымбатырақ сатады. Бұл нәрселер базарда неғұрлым тиймсзрек. Үйткені қара шекпен нәрселерін амалсыз арзан сатады. Міне, сондықтан қара шекпендердің бірігіуі қыйын. Барлық адам баласы бірігіуі тийіс деген ойға келіуі қыйын.

Жұмысшылар йін тіресін, қол ұстасып бір пәбрікте жұмыс қылады. Удай бір біріне жәрдем беріп тұрады. Басқарыссыз бір жұмысшы түк те істей алмайды. Соның үшін басқалары бұған көмек береді. Сондықтан жұмысшылар табы арасында бірігіу тез жүзеге шығады; сондықтан қара шекпеннен-гөрі жұмысшылар үйірсек, біріккіш, ұйымшыл келеді. Сондықтан қара шекпен мен жұмысшылар тезірек, мықтырақ ұйымдасады. Сондықтан бұрынғы қара шекпендердің көтерілістерінен жұмысшылардың төңкерісі әрі күштірек, әрі жұмылырақ болады. Қанаушыларының көзін жойуға қара шекпендердің әлі келмеген. Қашан да қара шекпендердің көтерілістерінен өнбеген. Қара шекпендер өмірінде үкүметті қолына алып көрген емес. Жұмысшылар Ресей сықылды, үлкен бір мемлекетте үкүметті қолына алып отыр. Йауропаның көп жерлерінде жұмысшылар үкүметті қолға алатұн жолға түсті.

Сүйтіп, біз осы күнгі мен өткен мезгілді қарасақ, өзгерістің дағдысы заңы барлығын байқаймыз. Ол заңды дегеніміз мынау: тарықты ілгелетіуші барлық адам баласы емес, арнаулы кесіп ауданында жұмыс қылатын кісілер; қай тап қоғам тұрмысын өзгертсе, тарық-да соған қарай өзгереді. Бұрын қалықтың қоры қара шекпен еді. Бұл күнде қозғалыс алдын бастауыш жұмысшылар, сондықтан бұл күнгіден тарықтың өзгерісі бұрын басқаша болған.

Н.М.Бокырауыскій.

Кіропоткйіннің қашыуы¹.

Петропабыл қамалынан (Ленйінградта саясат тұтқындарын қамайтұн зор абақты) қалай қашқанын Петір Алексейш Кіропоткйін өзі былай дейді:

¹ Петір Алексейш Кіропоткйін орыстың ұлы төңкерісшлдерінің бірі. Асқан ғылым йіесі адам. 1842 жылы тұуып 1921 жылы 79жасында өлген. 41 жыл шет мемлекетте қашып жүрген. 3 жыл Петропабыл қамалында отырып қашқан.

«Абақтыға түскен күннен бастап-ақ қалай да қашып шықсам деген ойдан құтыл алмадым. Түрлі жоба жасап, ойымды он саққа жүгірттім. Ақырында қашуға ең жоба ұсындым. Бұл жобаны жолдастарым мақұлдады. Мен қашар да жолдастарымнан ешкім қораға кірмейді. Бұрышқа шейін қашып жетіуге әлім келмейтүн болған соң көлік дәл қақпаның аузында күтіп тұрмақ. Менің жақын достарымның бірі – марқұм Өресіт Беймар – арбада бай болып отырмақшы болды. Оның керегі мені тез қағып арбаға салып алмақ; бәріне керегі сол арбаға ілінісімен маған кийім кійгізбек. Ұйткені мен тек көйлек-дамбалмен ғана қашбақпын.

Тұтқындар жағатүн аурыу қанадан бізге ұзын шапанынан басқа кийім бермейтүн. Шапан ұзын, кең болатүн, оратылып жүргізбейтүн. Жүргенде мен етегін қолыма көтеріп жүретүнмін. Ондай кийім мен қашуға әріне келмейді. Қақпаға ұмтылмастан бұрын шапанды шешіп тастау керек болды. Бірақ, көзді ашып жұмғанша ыйқтан сыпырып тастау керек. Әйтпесе бір секүнт кешікті дегенше істің құрғаны. Бөлмеде жалғыз отырып бірнеше күн шапанды шапшаң сыпырып тастауға жаттықтым. Шапшаң шешіу үшін қолымды үш сермеп қана шешіу керек екен деп түсіндім. Бір екі үш деген сөз ауыздан шығып болғанша шапанды сыпырып тастайтүн болдым.

Ендігі ең қыйын жұмыс – қашуға уақыт белгілеу болды. Уақытты әріне мен қашатүн көшелердің жайына қарай белгілеу керек. Көшеде қай уақытта адам аз жүретүнін, сапырылыс болып жол тоқтау қылмайтүнін біліу керек. Мен қашатүн көшелер әрі тар әрі қыйстық. Сондықтан отын тасып келе жатқан жалғыз арба да, бәлсеніскілердің көше аралап келе жатқан кезбелері де, сыбай атты қазақ-орыс та іске кесел болмақ. Сондықтан көшелердің бәріне де сақ болып қарап тұрғу керек. Жолда кедергі боларлық еш нәрсе болмағанда ғана маған белгі берілмек төрт жерде төрт қарауыл тұрмақшы. Бесінші қарауыл алдыңғы төртеуінің белгісін көріп болып ал, қаш, деген белгі бермекші.

Соңғы белгіні беріу үшін, бір жолдасым абақтының аурыуқанасына қарсы үшінші жоғарғы қабаттан бір бөлме пәтер алды. Ол бөлменің терезесінен әлгі төрт қарауыл түгіл, мен қыдыратүн қораның іші де көрінеді. Белгі іскіріпке басқа төрт қарауыл жолда бөгет жоқ деп белгі бергенде әлгі бөлмеде жолдасым іскіріпке тартпақ. Төрт белгінің біреуі жамандықты көрсетсе де іскіріпке тартылуы тоқталмақ. Мұның қолайлылығы сол – жолдың амандығын біліп тұрып, қашан қашу менің еркімде болмақ.

Бәрі әзір болған соң, әуелгі күні мен өзім қашпай жолдастарымның мазасын кетіріп сарғайттым. Ұйткені ауырыуым қатайып жүгіріуге әлім келмейтүн болды. Сондықтан мен далаға тіпті шықпадым. Жолдастарым Балсенскійлер бірнәрсені сезіп, мені тысқа шығармаған екен деп ойлапты. Екі күннен соң оңалайын дедім. Енді қашуға бел байладым.

Керек нәрсемді әзірлеп болдым: кебісімді аяғымға мықтап байлап алдым, шешіу оңай болсын деп шапанымның ол жер-бұл жерін кескен болдым. Мені қораға алып шықты. Мен қораға шығысымен іскіріпке ойнала бастады. Мүзікке бес мійнеттей ойналды. Алдыңғы қарқында қашқым келмеді, ұйткені қарауыл салдат алдыңғы кезде сағырақ болады. Іскіріпке

қойа қойды: екі мінеттен соң қораға отын тасығандар кірді. Іскрйпке тағы ойнай бастады.

Енді қашыуға айналдым. Қарауыл салдатқа қарадым. Қарауыл мені қақпаның арасында кезіп жүретүн. Арамыз бес қадамдай болатүн. Мылтығына көз салдым. Мылтығы оқтаулы. Оны да білетүнмін. Атар ма, атпас па? Атпас. Үйткені атыуға арамыз тым жақын. Атқанша мені ұстап алыуға тырысар. Зыта жөнелгенде ұзап кетіуге әлім келмесе кәйтер? Онда мылтық ұшындағы сүңгі мен түйіреп тастауға кәдік деп ойладым. Бұған да пылан құрдым. Абақтыда қалсам өліуім анық. Яа қазыр қашыу яа өліу екеуінің бірі деп ойладым. Шапанға қол салып: бір!... дедім.

Сол кезде мүзікке кенет тоқтай қалды. Қолымды тартып алдым. Ауыр жүк көтергендей, әлім құри қалды.

Көшенің бірінде кезген Бәленскійлер өтіп бара жатыр екен. Бір мінеттен соң тағы мүзікке ойнай бастады.

Ал енді мезгіл тайанды! Қарауыл салдат кезіп жететүн жеріне тайанды. Шапанға қол салдым. Бір, екі, үш. Шапан ұшып кетті, қақпаға қарай атылдым. Артымда қарауылшының айқайы шығады. Мен ойлағандай болып шықты. Қарауылшы бірден қақпаға ұмтылып маған жол байлаудың орнына ізімді қиуды. Сүйтіп мен екі қадамдай ілгері отырдым. Менде бірақ әл жоқ. Жоғарыда тұрып біздің ала топалаң жүгірісімізге қараған жолдастарым соңынан айтысты – қарауылшы саған үш қадамдай отырды. Ұмтылған сүңгі сені жалап отырды деп. Мен оны көре алмадым. Мен тек қарауылшы мен қораның төріне отын түсіріп жатқандардың айқайын естідім.

Қақпаға келе беріп, кішкене арба көрдім. Алғашқы кезде біздің арба деп сене алмадым, үйткені арбада отырған әпесер өз досым екен деп ойладым. Өзіме қарай бұрылтыу үшін алақанымды шар еткіздім. Жоғарыдан қарап тұрған жолдастарым қол шапалақтағанымды қиуанғаным деп түсініпті. Әпесер жалт қарады, досымды таний кеттім. Бір секүнтте арбаға ырғып міндім. Артынан қара жетпеген, алдынан қара кетпеген атакты тұлпар жұлдыздай ағып жөнелді. Бйығында әпесер кйімі ілініп қалған, басыма әпесер бөркі кйіліп қалғанын бірақ сездім. Жолдасым әзірлеп отыр екен. Ауыздық пен қарысып арғымақ желдей есіп келеді.

Соңынан білдім ауырыу қана мен кеткен соң алай түлей болған. Қарауыл бастығы әпесер барлық салдаты мен айқайға жүгіре шыққан. Менің қашқанымды біліп, есінен айырылып, төбе шашын жұлып:

Құрыдым, құрыдым! Қиуыңдар, ұстандар ойбай, ұстандар! – деп айқайлай берген.

Бұйрық беріуге шамасы келмеген. Іскрйпке ойнаған жолдасым жүгіріп төмен түскен. Әпесерге келіп, айаған кісі болып: Не болды? Кім қашты? Қалай қашты? Қайда кетті? деп алдарқатып сұрай берген. Есінен айрылған әпесер жолдасыма шағып жауап бере берген. Сүйтіп ұуақытын босқа өткізген.

Бір кемпір қорқынышты ақыл бере жаздаған.

Қорықпа айналдырып, айналдырып Небіскійге (Ленінградтағы ең үлкен көше) алып шығар. Бұл анық. Анау тұрған аттарды тоғарып, Небіске орамға тұура шауып жол кесіндер. Мұнан онай жоқ, - деген.

Біз дәл кемпір айтқанша қашып кетіп бара жатыр едік. Бірақ тапқыр мыстанның тілін біздің ырысымыз жеңіп еш кім ала қоймаған.

С.М.Степнак-Крайшіінкйі.

Еңбекшілер ұраны.

(Йнтернатсыйанал – Аймауытұлы Ж. аударғаны)

Ойан, қарғыс таңба басылған.
Жаланап, ашқұл, қайрат қыл!
Қайнап бастан ақыл ашынған,
Майданға қанда айдап тұр.
Қыйратамыз ескі заманды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз.
Жарылқаймыз жарлы қалғанды
Дәулеттен сонда татамыз.

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті, зор майдан
Дүние еңбекшілерімен
Табылар бар пайдан.
Бостандық бізге ешкім бермес
Патса да, хан да, батыр да;
Бостандық бізге көктен келмес,
Аламыз күшпен ақыр да!

Ал, егер жойам десең құлдықты,
Тамағым болсын десең тоқ,
Қорғанба, күшілдет көрікті,
Темірді қызған кезде соқ.
Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті, зор майдан
Дүние еңбекшілерімен
Табылар бар пайдан.

Біздер бүкіл дүние жалшысы,
Біз еңбекшілдер топтары, -
Жерге кожа болыу еркіміз,
Арам тамаққа жоқ бәрі.
Ал, егер найзағай шартылдап
Қаптаса жауыз дүнийесін,
Бізге жарық күн жарқылдап
Түсірер түрлі сәулесін.

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті, зор майдан
Дүние еңбекшілерімен
Табылар бар пайдан.

У. Ленін өмірі мен ісі:

Ленін өмірі мен жұмысы.

Быладімір Іліяұлы, Еділ бойындағы Сімбаір қаласында 1870 жылы ескіше апрелдің онында тыуған. Үй іші бай болмаған. Әкесі Сімбаір гүбір-несінде ішкөлдер үстінен қарайтұн кісі болған.

Өсеңкіреген соң Быладімір Іліяұлын Сімбаір қаласындағы гемнезійеге оқыуға берген. Іліяұлы әрі ықыласты әрі жақсы оқыған.

Ағасының өліюі.

1887 жылы Быладімі Іліяұлы гемнезійені бітіруге айналып жүреді. Сол жылы үй ішіне қайғы түсті: III-Александр патшаны өлтіргісі келгендігі үшін Іліштің Александр деген өлтірілген. Ағасының өлімі Ілішке мықты дақ түсірген. Қамыттан құтқарып, елге бостандық алып бергісі келгендерді патша аймайтұндығын көрген. Мұнан Іліш қорықпаған. Төңкерісшілдерге қалай дұрыс жәрдем беріуге болады деп ойланған. Быладімір Іліш Маркіс жолымен танысқан соң қалыққа бостандық алып беріуге болатұнын түсінген. Ленін жолдастың төңкерсшіл жұмысы 1893 жылдан басталады. Сол кезде Ресей жұмысшыларының төңкеріс қозғалысы жаңа басталған еді.

Төңкеріске еңбек сініре бастауы.

Ленін жолдас Петірағыратқа барып тұрған. Жұмысшылар арасында айанбай жұмыс қыла бастаған. Жұмысшыларды ұйымдастырып біріктіріп, Маркіс жолын түсіндірген. Ленін жұмысшыларды тек өзі үйретпеген; жұмысшылардан өзі де үйренген: олардың тұрмысы мен, пәбрік зауыты мен танысқан. Сол күндерде Ленін мен бірге екі төңкерісшіл жұмысшылар да қызмет еткен. Бұл екеуі Бабұшкійн, Шелгүуноб деген кісілер. Бабұшкійнді патша үкүметі Сібирде атып өлтірген. Шелгүуноб әлі тірі.

1894 жылы Быладімір Іліш «Қалық досы кім?» деген бірінші кітабын жазып шығады. Сол кездегі төңкерісшіл кітаптардың айағын құшып бұл кітап та жасырын шықты. Ресейде ортақшылық төңкеріс болады деп алғаш айтқан сол кітабында Ленін еді.

Басқа төңкерісшілдермен қосылып Ленін Петрағыратта «Жұмысшылар табына бостандық алып беріуге тартысағұн одақ» деген ұйым ашты. Сол одақ тағы басқа ұйымдар орыстың сатсыйал – демокірат партыйасының атасы.

Леніннің абақтыға жабылып, Сібир айдалыуы.

Жұмысты ылғый жасырын істемесе болмады. Патша тыңшылары төңкерісшілдерді андыумен болды. Ленін жолдастары мен ұсталып, абақ-

тыға салынды. Бірақ, абақтыда отырғанда Ленін төңкеріс жолында жұмыс қылыуын қоймады. Сыртқа үгіт таратып, кітап жазыумен болды.

Ленін абақтыда жылдан асыу отырды. Сонан соң Енесей өзені бойындағы Шуусеніскі деген ауылға жер аударылып Сібір жіберілді. Сібірде де Ленін төңкеріс жұмысынан қол жазбады. Мақалаларын да, кітаптарын да, жалшыларын да бостандықтың тұра жолынан теріске бұрғысы келгендермен тартысып болды.

Жұмысшылар гәзетін шығарыу.

Жер аударылуы біткен соң, 1900 жылы Быладімір Ілійш шет елге кетеді. Сол жақта сатсыйалшыл гәзет шығарыуға бел байлайды. Басқан қадамының бәрі андыулы тұрғанда, Ресейде ондай гәзет шығарыуға ірет келмеді. Пілекәнұп тағы басқа жолдастарымен Ленін Ійскра (үшқын) атты жұмысшылар гәзетін шығара бастайды.

Ленін – бәлшебек партыйасының көсемі.

1903 жылы барлық орыстың сатсыйал демокырат ұйымдарының II сійезі жыйналды. Сол сійезде шаққа жыйнаған Ленін Кірұупскій жана олардың жолдастары еді. Ондай сійезді Ресейде шақыруға болмаған соң, шет мемлекетте жыйналды. Сійезде сатсыйал демократ партыйасының ұстаған жолы қырылғанда талас шықты. Сійез екі жарылды көпшілік, азшылық екі жақ болды. Азшылық жағы бұуржуамен бірігіп жұмыс қылу жұмысшыға тійімді деді. Партыйаға тійттей пайдасы тійген адам да мүше болып кіре алады деді. Көпшілік жақта Ленін болды. Бұлар: жұмысшылар әбден жеңіп қожалықты қолына алғанша бұуржуамен айанбай алысыу керек, деді. Қара шарыуа мен жұмысшылар партыйасы – бұлардың алдыңғы әскері; сондықтан тек бар күшін аймамай жұмсаған адам ғана партыйаға кіре алсын, деді. Сол Ленін бастаған көпшілік сонан бері бәлшебек атанды. Үйткені «болше» деген көбірек деген сөз. Бұлар жағы сійезде көбірек болды. Бұларға қарсы жақ меншебек атанды.

1905 жылдың төңкерісі.

1904 жылы, Жапан соғысы бастала, Ресейде төңкеріліс қозғалысы үдей берді. Мемлекетте забастопкі бола бастады. 1905 жылы ғыныуардың тоғызында Петірағырат жұмысшылары, Гапон деген молданың соңына еріп, тұрмысымызды жақсарт деп патшаға жөнелді. Патша жұмысшыларды атқызып, қырғызды. Сонан соң патшадан қайыр жоқтығын жұмысшылар түсінді. Патшамен алысыу керектігін аңғарды. Ленін ол кезде шет мемлекетте болса да, Ресейдегі төңкерістің тамырын ұстап отырды. Төңкеріске бағыт беріп көшбасшы болып отырды.

Төңкеріс қызған кезде Ленін жолдас Ресейге (Петірағыратқа) келеді. 1905 жылы декабір ішінде Мәскеуде көтеріліс бұрық етеді. Ленін жолдас сол көтеріліске жәрдем беріу керек деп үгіт таратады. Қара шарыуа мен

жұмысшылар құралдансын деп үгіттейді. Бірақ қара шарыуа жұмысшыны қолдамаған. Жұмысшылар арасында да дұрыс бірлік болмаған. Төңкерісті патша үкіметі басып тастаған. Жұмысшылар мен партиясының басына қыйын күндер тыуады.

Бірақ Ленін жолдас майыспай берік жалшылар партиясына басшы болып жүре береді. Партия сақталып бекиюіне күресе береді. Партияны қайта соғысқа әзірлей береді. Жалшылар төңкерісі күшейіп келе жатқанын сезеді.

1908 жылы Ленін амалсыз тағы шет мемлекетке шығып кетеді.

Жыйангерлік соғысы.

1914 жылы ағустың төртінде соғыс жарыйаланған хабары дүңк ете түсті. Ленін Абстрийеде абақтыда жатыр. Сонда жатып, дүние жүзінің сатсыйалшылары жұмысшылардан бет аударды деген хабар алған. Сатсыйалшылар жұмысшыларды соғысқа қарсы көтеріудің орнына соғысқа шақырған. Әуелі Ленін бұған нана қоймаған. Бұл дүние жүзі байларының алдауыш өсегі деп ойлаған.

Абстрие абақтысынан шығып Шібейтсеріе еліне жеткен. Келіп алып соғысқа қарсы тартысқан. Жер жүзі кэнперенсийелерінде жолыққан жолдасқа Ленін: «Капыйтал талампаздығы үшін жұмысшылар мен қара шарыуаның қаны төгіліудің керегі жоқ. Бұл талау үшін болып жатқан соғыс. Бұл соғысты жасаған пайдасы арттырыу нийеті мен дүние байлары» – дей берген.

Соғыстан капыйталшылар қандай пайда көрген?

1913 жылы Әмерекенің қоспалы ыштатына 133,077,318 сом сырттан алтын кіргізілген.

1914 жылы... 343,137,510 сом.

1915 600,000,000 —«—

Соғыстың шығыны: өлген жараланған: 26,000,000 адам.

Іске жарамайқалған: 6,000,000 —«—

Тыуыс кемігендігінен шығын..... 10,500,000 адам.

Ленін: «Бұл соғыс еңбекші қалыққа өлім, қырғын, бөлініуден басқа еш нәрсе бермейді, беріуі мүмкін емес те» – деген.

Жалшылар мен қара шарыуа үкіметі жэна бітім.

Жыйангерлік соғысты тоқтатыу үшін капыйталшылар мен алпауыттар қожалығын құртыу керектігін Ленін білген. Быладімір Іліш сенімді жолдастармен соғысқа қарсы болады. Бұлар айтқан: «Жыйангерлік соғысты азамат соғысына айналдырыу керек. Біздің партиямыз – саналы жалшылар мен жарлы қара шарыуа партиясы. Біздің партиямыз соғысқа мықты қарсы; бір жердің капыйталшыларын мақтап екінші жердің капыйталшыларын боқтамайды. Дүние жүзінде жалшылар төңкерісін жасап,

дүние жүзінің капытталшыларын құртып, соғыс бітіруге тырысады» - деп. Жыйангерлік соғысқа қарсы тартысып жүріп Ленин қалың еңбекшілер пайдасы үшін алысқан.

Ленин – кеңес мемлекетін жасаушы, басқарушы. 1917 жылы Лениннің Ресейге келіуі.

Жыйангерлік соғысының айағы келіп Ресейде патшаны құртты. Ол кезде Ленин Шібетсерийеде еді. Енді қайтыуға болды. 1917 жылы апрел айында Ленин Петірағыратқа келді. Шет мемлекеттерде он жылдай жүрді. Келіу бойына Ленин жалшыларды үкіметті қолға алыуға әзірлейді. Сондай қыйын жұмыс жеті ай созылды.

Кеңес үкіметінің құрылыуы.

1917 жылы өктембір 25-інде ескіше орыс жұмысшылар мен қара шарыуасы үкіметті қолға алды. Жұмысшылар-қара шарыуалар үкіметі құрылып қалық кемесерлерінің кеңесі деп аталады. Бұған Ленин бастық болып сайланады.

Кеңес үкіметі құрылысына орыс және шет мемлекеттер капытталшылары мен соғыс басталады. Соғыс кезінде талай ірет іс қарап болған көрінеді. Ортақшыл партияға іске татырлық күшін майданға айдап салды.

Ленин дүние жалшыларының көсемі.

Ленин тек орыс төңкерісін басқарып қойған жоқ. Ол дүние жалшыларын ұйымдастыруға кіріседі. Жұмысшыларды сатып кеткен ІІ интернатсыйанал орнына Ленин жаңадан ІІІ ортақшыл интернатсыйанал жасайды. 1919 жылы март айында бұл интернатсыйаналдың І тобы шақырылады. Ленин бұл сійезге бастық болады.

Ленин кеңес шарыуашылығын түзетіуші.

Азамат соғысы бітеді. Кеңесті Ресей шарыуасын түзіуге кіріседі. Әсіресе қара шарыаның шарыуасы күйзеліп қалған екен.

Ленин жолдас қара шарыуаның наразылығын көреді. Олардың ырқына жүріп, күйін жеңілдетеді. Алды мен қара шарыуа мен жалшылар бірлігі керек дейді жолдас Ленин. Мемлекет шарыуасын түзіу оңай болмады. Қаражат жоқ. Айнала толған жау. Бас салыуы оңай. Ленин бастаған партияға мен үкімет қайыспай тартысады. Аз-аздап іс түзеле бастайды. Кеңесті Ресейдің күйі жақсара береді.

Лениннің аурыуы мен өліуі.

Өмір бойы істеген қыйын жұмыс Ленин саулығына әсер берген. 1922 жылы Ленин ауырды. Жайлап ауырын жеңіп, 1922 жыл айағында тағы жұмысқа кірісті.

Бірақ күш кетіп қалған екен. Тағы қайта жығылды, ауруы бұрынғыдан күшті болды. Ауруы жеңді. 1924 жылы ғынауардың 21 күні түс ауа алты сағат еліу мүйнетте Ленин дүниеден қайтты. Артына өзі бастап жасаған кеңестер республикасын қалдырып кетті. Ол республике бұл күнде бұрынғыдан да бетер нықты.

«Далой неграмотност» журналынан.

Ресей ортақшыл партиясының жалпыресейлік X сійезінде Ленин жолдастың толтырған анкетесі (сұрау қағаз).

Қай жылы түүдың? – **1870-жылы.**

Ден саулығың қандай? – **Денім сау.**

Қай тілдерді білесің? – **Ангылышын мен неміс тілін; Пырансүзша жаман білемін; Италийанша өте жаман білемін.**

Ресейдің қай жерін жақсы білесің? Онда қанша жыл тұрдың? – **Еділ бойын білемін, сонда түүдым. 17 жасыма шейін сонда өстім.**

Бүтін ресейлік сійездің қайсысында болдың? – **1917 жыл үйел мен ағұс айларынан басқа сійездің бәрінде де болдым.**

Әскерлік жұмысын білесің бе? – **Түк білмеймін.**

Қанша оқыдың? – **1891-жылы Петірағырат үніберісетегінің заң бөлімін бітірдім (өз бетімнен сынға түсіп бітіргендік қағаз алдым).**

1916-жылға шейінгі ең мықты кәсібіңіз не? – **Жазыушылық.**

Қандай іске мамансың? – **Түкке де маман емеспін.**

Партия, кесіпшілер, кеңес жұмыстарынан басқа 1917 жылдан бері не жұмыс қылдың? – **Жоғарғы айтқандарымнан басқа тек жазыушылық қылдым.**

Осы күні қандай кесіпшілер одағындасың? – **Жорналшылар одағындамын.**

1917-жылдан бергі жұмысың не? – **Қалық кемесерлер кеңесі мен еңбек-қорғау кеңесінің бастығымын.**

Ресей ортақшыл партиясында қашаннан бері мүше едің? – **1894-жылдан бері.**

Басқа партияға мүше болып көрдің бе, көрсен қандай партияда болдың? – **Жоқ.**

Төнкеріс қозғалысына не еңбек сіңірдің? –

Қашан:	Қайда:	Қандай ұйымда:
1892-1893	Самар	Сатсыйал демокырат
1894-1895	Петірбор	Партиясының жұмысының жасырын ұйымдарында. Ресейлік.
1896-1897	Абақты	
1898-1900	Енесей губірнесі	Сатсыйал демокырат жұмысшы партия
1900-1905	Шет мемлекеттерде	жасағынан бері соның мүшесімін.
1905-1907	Петірбор	
1908-1917	Шет мемлекетте	

Төнкерісшілдігің үшін қуғын сүргінге, жазаға ұшырадың ба? – **1897 жылы абақты, 1895-1897 жылдары абақты, 1898-1900 жылы Сібір, 1900 жылы абақты.**

Қанша ыуақыт абақтыда отырдың? - 14 ай және бір неше күн.

Айдауда йа катргіде қанша болдың? – 3 жыл.

Шет мемлекеттерде қанша мезгіл қашып жүрдің? – 9-10 жыл.

Мәскеу, март 1921 жыл.

В. Ұлыянұп. (Ленін)

Ленін мен қара шарыуа.

Кеңесшіл Ресейде әлде неше мүлйөн еңбекші қара шарыуа бар. 130 мүлйөндөй Ресей қалқының 100 мүлйөннен асыуы ауылда тұрады.

Неше жүз жылдан бері қара шарыуа езіліп келеді. Алпауыттар қожалығы қара шарыуа үстінде дәурен сүрді. Қара шарыуа алпауыттар қамытын жойыуға талай ұмтылған.

1917 жылы май айында, қара шарыуалар өкілдерінің бүкіл ресейлік сійезінде Ленін жер тыуралы ойын айтқан. Сондағы сөзі: «Біз (ортақшыл партыйа) айтамыз – жергілікті қара шарыуалар кәмітетінің қаулысы мен барлық жер тегіс қара шарыуаларға берілісін деп...»

«Алпауыттар жерді өз қолында ұстап, жерге ақы алыуы зорлық. Ал енді қара шарыуалар тұрып айтса – жер алпауыттар қолында тұрмасын, неше жүз жылдардан бері алпауыттан тепкіден басқа нәрсе көргеніміз жоқ десе, - бұл зорлық емес; бұл өз құқын қорғау, тірілтіу болады. жойылған құқын қайтарып алыуға сабырлық қылыудың керегі жоқ.»

Сол сійезде Ленін 1905 жылғы санаққа сүйеніп кімнің қолында қанша жер барлығын көрсетті.

Адамға қанша жер десетііне келеді.	Олардың жері неше десетііне	Жерді кім ұстап отыр.
2,000	70,000,000	Ірі алпауыттарда Ірі алпауыттарда 30,000
Үйге 7 десетііне		Үй қара шарыуа 10,000,000
Адамға 2 десетііне	70,000,000	

Қара шарыуа мен жұмысшылар арасын жақындастырыу жайында Ленін өсіеті.

Ортақшыл партыйасының XI сійезінде қара шарыуа мен жұмысшылар арасын жақындастырыу тыуралы Ленін жолдас былай деген:

«Қара шарыуа мен жұмысшылар арасын жақындастырыу деген былай болсын: қалың қара шарыуаның тұрмысы адам айтқысыз күзеліуі мен жүдеуі, қысаңшылыққа ұшырауы мен қыу кедейлік пен осы күні болашақ ійдейе үшін істеліп отырған жұмыс арасында байлау барлығын бәріміз де көрелік, барлық ел де көрсін, барлық қалың қара шарыуа да көрсін. Жай еңбекші аз да болса жақсылық көргенін анық түсінсін, жана ол жақсылықтың бұрынғы алатұн жақсылығынан айырмашығы барлығын түсінсін. Алпауыттар, бұуржуалар кезінде қара шарыуаға жақсылық қылғанда бәріне емес, аз-ғанасына ғана жақсылық қылыушы еді; ол жақсылықты кекетіп, келемештеп, қара шарыуаны мазақтап, қалың елді қысып отырып қылыушы еді. Оны еш қара шарыуа ұмытқан жоқ. Ресей ішінде ол әлі біраз жыл

ұмытылмас. Біздің мақсатымыз қара шарыуа мен жұмысшылар арасының жақындығын күшейтіу; кедей қара шарыуаға бүгін таныс бүгін түсінікті, бүгін қолына түсерлік іс қылып жатқанымызды көзге көрсетіу; қара шарыуа түсініуінше алыстағы бір сағымды қыуып азаптанып жатқан болып көрінбелік; қара шарыуа жәрдем беретімізді, қолдайтынымызды көрсін. Ұуақ қара шарыуа күйзелген, кедейленген, ашыққан кезде ортақшылдар шапшаң жәрдем беретүнін ел көрсін. Біз осыны істерміз. Мұны істемесек қара шарыуа біздің күл талқанымызды шығарар.

Азық түлік салығы.

1920-1921 жылы Ресейдің өз ішіндегі азамат соғысы бітті. Жоқшылық мұқтаждық деген аса күшті болды. Қара шарыуаның шарыуашылығының күйзеліуі адам айтқысыз болды. Қара шарыуада зәре қалмады, састы, толкый бастады. Ыразберіскеге ырза болмады. Ленін ат басын бұрыуға атой салды...

Жазғаны мынау: «Соғыс ортақшылдығы күйзеліу мен соғыстан шықты. Жаршылар сайасатының шарыуашылық мақсатына ол ортақшылдық сәйкес келе алмады, келіуге де болмайды. Ол ұуақытша шара еді. Ұуақ бұржыуалы (қара шарыуасы көп т.ш.) жерде қожалығын жүргізіп отырған жалшылар дұрыс сайасаты – астықты қара шарыуаға керек өнерлі кесіптен өнген затқа айырбас қылыу» деп.

«Азық түлік салығы сол дұрыс сайасатқа қарай асатын бел. Біз әлі жүдейміз. Кеше болған, капыйталшылар ашыуы мен ертең боларлық соғыс салдарынан езілдік. Сондықтан бізге керек барлық астық үшін қара шарыуаға өнерлі кесіптен түскенін беріуге шамамыз келмейді».

VI. Төнкеріс мйрамдары.

9-ыншы ғыныуар тарыйқы.

Потыйлұп зауытында (Ленінгіраттағы зор зауыт) әлде неше жұмысшылар шығарылған. Соның себебін 1905 жылы ғыныуар 3-інде зауыттағы жұмысшылар іс істеуді тоқтатқан (забастөпкі қылған). Потыйлұп зауытындағы забастөпкіге ертеңіне басқа жұмысшыларда қосылған. Ғыныуар 6-сы күні көп пәбірік-зауыттарда забастөпкі көтерілді; забастөпкі жасаушылар саны 200 мыңға жетті

Жұмысшылар шарыуашылығы тілектен басқа, саясат тілектерінде көрсетті, құрылтай шақыруы керек, күніне тек 8 сағат қыламыз, жыйылысқа, ұйымдасыуға, сөйлеуге, жазыуға ерік берілсін, қалыққа есеп беріп тұратұн үкімет тұрғызамыз десті.

Жұмысшылар «Гапон» деген молданың азғырыуы мен патшаға арыз жазып, қолымен тапсырыуға ұйғарған. «Жұмысшылар» ақ патшаға сеніп жәрдемін күткен.

Ғыныуар 8-інде жұмысшыларды патшаның алдына жібермей, қан төгіс болатыны белгілі болды.

Сатсыйалшылдар жұмысшыларды патшаға бармасқа үгіттеді. Бірақ жұмысшылардың патшаға сенімі күшті болды. Қарыусыз құр қол жұмысшылар қатын баласымен қала шетімен патша сарайына қарай жүрді. Арызына әлде неше мың адам қол қойған. 200 мың адам тып-тыныш қолдарына дін жалауын, Құдай мен патша сүгіретін ұстап келе жатты. Бірақ палітсейскі көпір деген жерде бұларға салдаттар мен атты-қазақтар кездесіп, жол байлап, мылтық атқан. Көшедегі қар қан мен қызарған.

Көбісі сарай алдындағы алаңға өтіп шыққан. Бұларда атысқа ұшыраған, 1216 адам өліп, 5 мың адам жараланған.

Жұмысшылардың бас йігіштігіне, жызастығына, сенгіштігіне патша солай жауап берген.

Жұмысшылар бұл ұуақыйғаның мазмұнына түсінген. Бүтін Ресейде бұған наразылық, қыр көрсетілген, забастөпкі басталған. 9-ыншы ғыныуардың сабағын жұмысшылар ұмытпаған.

Ғыныуар 9-ындағы қанды жексенбі күні жұмысшылар табының патшаға наныуы бітті, жұмысшылар мүддәсі тыныш күбірмен шемілмейтүндігіне көзі жетті.

«Жасасын еңбек» кітабынан.

Паріж коммунесінің күні.

Прансіе байтақты Паріж қаласында 1871 жылы марттың 18-інде еңбекшілер бұржыуыа қожалығын құртты. Еңбекшілердің коммунесін жазады. Бұл жұмысшылардың дүнійеде 1-інші үкіметі еді.

Коммуне жалшылар қожалығының алғашқы тәжірйбесі еді. Паріж коммунесі 2 ай өмір сүрді. 2 ай ішінде жалшылар таңырқарлық ерлік, іскерлік көрсетті. Әйтседе үкіметті қолына ұстап тұра алмады. Ұстап тұралмаған себептері мыналар болды:

1) Соғыс жағынан берік ұйымы болмады, жұмысшылар арасында

Париж шеберлерімен, мемлекеттегі қара шаруалармен қатынасы болмады. Коммунне тірексіз болды.

2) Сайасат жағынанда, шаруашылық бен соғыс жағынанда бір жерден басқару болмады.

3) Коммуннені ұнтап жіберерлік Париж түбінде Гермен әскері тұрды.

Майдың 28-інде коммунне құлады. Бұржыуыазыйа масайрап, той тойлады. 25 мың жұмысшалар жұмыста қырылды, атылды, азат берілді. Бұлар ішінде қатын балада болды. 15 мың адам айдауға азапқа келсеске жіберілді.

Коммунне бізге сабақ. Коммунне жалшылар қожалығы керектігін көрсетті. Ресейде кеңес үкіметі 46 жылдан соң тұуды. Кеңес үкіметі Париж жұмысшылары бастаған істі әрі созып барады.

«Коммуннисті календерінен».

Лене оқыйғасы.

Сібірдің «Тайға» деген қалың орманы арасында Ленеалтын ауданы жатыр. Бұл аудан Ленінгіраттан 7 мың шақырым. Лене өзені бетіндегі жолдан 500 шақырым. Бұл жер капыйтал қожалығына қақы жоқ болған. Палыйт-сійеде, сотта, әскерде, мектепте – қысқасы барлық сайасат қожалық лене серіктігіндегі алтыншы байлар қолында болған. Мұндағы алтыншылар қандығы жалғыз Петіргірад қандығы түгіл, шет мемлекеттер жыйангерлігі мен тұтасып жатқан. Бұл жерде басы байлы тұрмыс күштілігі қалмаған. Үлкен түрлері жұмысшылардың қатын-қыздарын қалай болса солай бійлеп жүрген. Забастөпкі алдында лене серіктігі жұмысшылардың көбін ауырлата берген; ақысын кеміткен, айып салууды күшейткен, тамақты қымбаттатқан, жұмысшылардың пәтер жағын қыйындатқан. Тағы сондай таршылықтар істеген.

Жұмысшылар шыдай алмаған. 1912 жылы пыйбырал жыйынмасында жұмысшылар мынадай тілек көрсеткен: 1) он сағат орнына күніне сегіз сағат жұмыс болсын, 2) ақы артылсын, 3) жұмысшылар тек жұмысшылар кемесіесі ырзалығымен жұмыстан шығарылсын, 4) айып салуу қойылсын, 5) зауыт жамандығынан ауырып, жарақаттанса, жұмысқылмаған күніне де жұмысшылар ақша алсын, 6) үйлі баранды жұмысшылар пәтері бойдақтарінікінен бөлек болсын тағысын, тағылар.

Алтын ауданында әскер аз еді. Жұмысшылардың өкілдері сылтаусыз абақтыға жабылған. Апірел төртінде жұмысшылар бұл тұралы сөйлесіу үшін надежде алтын ошағындағы пырақуурорге барған.

Жол тар. Айнала қар, орман. Жұмысшыларға қарсы інженер мен стыражінек шыққан. әңгімелесіп тұрған кезде кенеттен бұлар үстіне мылтық атыла бастаған. Аттырған Тірешико деген екен. Жұмысшылар жерге жата қалған. Салдаттар ата берген.

Алғашқы хабарға қарағанда 150 адам өліп, 250 адам жараланған. Дұрысында құрбан мыңнан артық екен. Жаралыларға жәрдем берілмей, тоқтанып қырыла берген. Ертеңіне жұмысшылар қатын балаларымен үйілген өлікті аралап тұуған-тұуысқандарын іздей бастаған.

Жаралыларға жәрдем беріу орнына, отынша шанаға тійеп 23 шақырым жердегі ауруу қаналарға тасығанда жұмысшылар долданып терісіне сый-

маған. Ауруы қанада бұларды ійденге қалай болса солай тастап, бірнеше күнге шейін жаралыларды қараған адам болмаған. Өлгендерді палытсией көмген. Жұмысшыларды өлікті қойысуға жыуытпаған.

Байлар пайдасы үшін Ресейде бұрында жұмысшылар атылатұн. Әңгіме мында емес, әңгіме бұл қырғын жұмысшыларға қандай әсер беріуінде. Жұмысшылар бұл қырғынды естігенде ызаланып қатты наразылық көрсетті. Түрлі пәбірлік жұмысшылары наразылық қаулылар шығарды. Петірбордағы Осипоб зауытының жұмысшылары мынадай қаулы шығарды: «Көз-жасы да, наразылық та бізге жәрдем бермейді. Бізге тек ұйымдасқан ұлы тартыс жәрдем береді», – деп.

Бұлардың айтқаны дұрыс екендігін 1917 жылдың төңкерісі көрсетті.

М.Олмійнскій.

1-май.

Пырансией мемлекетінде Паріж қаласында 1889 жылы жер жүзіндегі сатсыйалшылдардың сиейі болды. Сол сиейезде майдың бірін бүтін жер жүзіндегі жұмысшылар ереуіл жасап шығып қапыйталшыл үкіметтерге маған мынаны бер деп айтатұн күні болады жарыйалады.

Жалшылар күшейіуі бірінші майдың маңызын арттыратұнын көрсетті.

Ресейде 1-май алғаш бастап 1891 жылы мйрам қылынды. Ол кезде жұмысшылар табы әлсіз еді. Сондықтан бұл май тек ірі қалаларда мйрамдалды. Тек 1906 жылдан бері бүтін Ресейде жұмысшылар 1-майды мйрам қылатұн болды. Мйрам түрі тұптанып көшеге шығыу, сөз сөйлеу, жыйылыс қылыу, жұмысы тоқтатыу түрінде болды.

1-майдың мықты ұраны – күніне сегіз сағат жұмыс, соғысқа пұл жұмсауды құртыу, сатсыйалдық үшін тартыс болды.

1-май жұмысшылардың бұржұуамен тартысатұн күні, қапыйталшыл отаны мен күресетұн күні. 1918 жылы үкіметті жұмысшылар қолына алған соң, бірінші май қапыйтал мен тартысыу мйрамына, дүнийеде ең бірінші ірет құрылған кеңес мемлекетін орнықтырыу мйрамына айналды.

«Коммуунійсіт кәлендері».

1917 жылғы пыйбырал төңкерісі.

Пійнлендіе темір жолының пойызы Сыймапұрға жолдың өтіуге болар болмасын көрсететұн құрал. Келді де кілт тоқтай қалды. Жүргіншілер үрейленіп есікке, сыртқа жүгіре-жүгіре шықты. Не болып қалыпты? Қарасақ, орасан әсер берерлік нәрсе болған екен.

Пойызға қарсы бентөпкелі 6 салдат, 2 жұмысшылар келе жатыр. Мылтық істігінде қызыл жалау желкілдейді. Салдаттардың көзі бұрынғыдан өзгерген, аңдап қарағанда қыуанышты. Сөздері де жаңаша.

Азаматтар, пойыз ілгері жүрмейді. Салдаттар бір жанарал екі парұутшік апесер отырған бірінші клыастың бәгөніне кірді. Жанаралдың ақ қырау басқан қасы жыйырылып кетті.

– Е-е-е. Төменгі шенділерге тыйыу... сөзін аяқтаған жоқ. Қызыл таспа мен жалауға көзі түсті.

– Не нәрсе?

– Жанарал мырза, қарыуыңызды беріңіз, – деді салдат.

Жанаралдың сол қасы жыбырлай бастады: сұп-сұр болып кетті. Сонан соң екі бйығын бүркілдетіп ұшып түре келді. Біреу матастырып қойғандай әпесерлер де қарғып түре келісті.

Салдаттар жолға мылтық тосты.

– Тоқта. Қарыу.

– Не? Тырыс етпендер. Антың қайда? Оңбаған, антың қайда? Қызыл жалау, а? Оңба...

Жанарал қылығына бастады.

– Көнбейсіз бе? Сіз тұтқынға алындыңыз, – деді саспай салдат.

Жанарал аппақ аққудай бетін сыйпады.

– Кім бұйырды.

Салдат көкірегіндегі таспасын сыйпады да күлді: – Қалық.

– А-а, қалық, – деді жанарал аузын қыйсайтып күліп, сонан соң әпесерлерге қарап: мырзалар естійсіндер ме. Қа-лы-ық. Кілт шегініп, қолын қайда тығуға біле алмай, қалтасынан қара алты-ауызын сыуырып, салдатқа қарай созып: – Мә, деді.

Бір кезде не нәрсе бір жақтан күй дауысы келеді. Күй? Йә, Йә. Әскер күй. Кеше салдатты бізге қарсы шығарған.

Күй жақындай берді. Таныс, қыуанышты, жақындаған соғыс күйі құлағымызға тійеді, Мәрселіезінің күйі.

Тұр, көтеріл, жұмысшы қалық. Нанғың келмейді, құлақ алдап тұрған бұлар жұмысшы жұмған қолын жазып, ұшып түре келіп, бұрышқа атылып барып:

– Тыуғандар, салдаттар, тыуғандар, – деп айқайлайды. Дауысы қарлыққан.

– Тыуғандар, – деп қарлыққан дауыстар айқайласады.

– Бір-екі, бір-екі, – деп салдаттар сартылдатып басып келеді.

Бұрыштан тізілген әскер көрінеді. Алдында топырлаған қалық, қызыл жалау.

Йапырмай, түсім емес пе, есім ауған жоқ па. Жоқ, түс емес, бұл өң. Өз көзіме өзім сене алмаймын.

Бір салдатқа ұмтылып барып құшақтап үрпейген жағын, ернін, бетін сүйемін, бетіме жылы нәрсе аққанын сеземін – тыуған, тыуған...

Салдат мені йітеріп күледі.

– Сен қызық кісі екенсің! Не керек? Жұмысшылар деп сұрайды. Ырас қызық кісі.

Қайтадан маңызданып қабағын түйіп, Мәрселіез күйіне үйлестіріп көшемен: бір-екі, бір-екі деп аяндай береді.

Алуынып.

Өктебірдің ұлы төңкерісі.

(1917 жылы жаңаша нөйебір жетісінде ескіше 25 өктебірде).

Патша тақтан құлаған соң да дүние соғысы созыла берді, мемлекетті күйзелте берді. Үкімет басында тұрған бұржұуаның күйзелген шарыуа-

ны жөндеуге әлі келмеді. Кесіп дүкендері жабыла бастады. Үйел айында 47000 жұмысшысы бар 206 кесіп дүкені жабылды. 1916 жылы егіс ауданы 10 миллион десетінен асыу кеміді. 1917 жылы мұнан да сорақы кеміді. Жер байағыша алпауыттар қолында қала берді.

Еңбекшілер күйі нашарлай берді. Жұмыссыз сандалған адам көбейе берді, қымбатшылық үдей берді.

Бұржуу арқылы мемлекет шаруашылығын түзей алмай тұнына жұмысшылар мен қара шаруалардың көзі жетті. Бәлшебектердің үкімет еңбекшілер қолына берілсін деген ұранын қалың қалық қолдай бастады. 3-5 үйелде Петірағырат жұмысшылары мен салдаттары – үкімет кеңеске берілсін деп көтерілді. Бұл көтеріліс басылды, бірақ жақсы сабақ болды. Өктембірге жыуық Ресейдегі бүтін еңбекшілер бәлшебек жағына ауды. Ленін жолдас мұны байқап, «Көтеріліссіз үкіметті қолға алмай тұн болсақ, көтеріліс жасау керек» деп жазды. Нөйебір жетісінде сол көтеріліс Петірағыратта бұрық ете қалды. Бұған бүтін Ресей еңбекшілері мен әскердің көбі қосылды. Жауын жеңді. Бұл төңкерісті ұуластырған бәлшебек партиясы нөйебір жетісінде ұуақытша үкімет құлады. Соғыс-төңкеріс кәмітеті құрылды. Бұл кәмітет мынадай жар таратты: «Қалық тартысқан ісі мынау: тез бұқарашыл бітім ұсыныу, жұмысты жұмысшылар өкілі бақылап тұрыу, кеңес үкіметін жасау, бұл іс орындалыуы анық. Жасасын салдаттың, жұмысшылардың, қара шаруалардың төңкерісі» деп.

Нөйебір жетісі күні кеңестердің II сійезі мынадай қаулы шығарды: «Жер-жерде барлық үкімет салдаттардың, жұмысшылардың, қара шаруалардың кеңесіне беріледі. Бұл кеңес нағыз төңкеріс тәртібін сақтап орнатады» деп.

«Коммұунійсіт кәлендері».

Қазағыстан Респұблійкесінің жарыйаланған күні.

(1920 жылы өктембірдің 4-күні)

Өктембір төңкерісі Ресейде тұрған түрлі ұлттар өз тізгінін өзі алыуға жол ашты. Ресейдегі түрлі ұлттар өктембірден соң өз алдына респұблійке бола бастады. 1919 жыл айағына таман Қазағыстанда кеңес үкіметі тегіс орнап болды. Ұуақытша басқарыуға Қазағыстанда соғыс-төңкеріс кәмітеті жасалды. 1920 жылы өктембір төртінде Орынбор қаласында жалпы Қазағыстан кеңестер сійезі шақырылып, респұблійке жарыйланды.

Қазағыстан респұблійкесінің өз алдына кіндік үкіметі бар. Үкіметті еңбекшілердің жіберген өкілдері жылма-жыл жаңғыртып сайлап отырады. Қазағыстанда барлық үкімет кеңестер сійезінің қолында. Сійез арасында үкімет басында Қазағыстан кіндік кемітеті қалық кемесерлер кеңесі тұрады.

Қазағыстан респұблійкесінің кіндік комітеті мен қалық кемесерлер кеңесі жылма-жыл кеңестер сійезіне еңбекшілер жіберген өкілдері алдында жыл бойы не істегені, келер жылы не істеуі тыуралы есеп беріп тұрады.

Өктембір төрті бүтін Қазағыстанда респұблійке мійрамы.

Әйелдер күні.

Қазақ қызы малға сатылып
«Ақ мылтық алты қарыс аттың, әке,
Он малға мені қыйып саттың, әке,
Тор көзді тоқсан басты сенің үйің
Торғайдай басым шыймай неттім, әке!»
Деп жылай-жылай кетеді.

Малы болса, кәрі тал шыбықтай бұралған жас қызды алады. «Қыздың байы шал емес, мал» дейді. Қыздың ырзалығын еш кім сұрамайды.

Еріккен байлар төсек жаңғырытқысы келсе «жас қызды» қатын үстіне ала салады. «Ат өлсе сауыр мұра, аға өлсе жеңге мұра» деп байы өлген қатын қайын аға, қайын інісінен кетіуге жоқ.

Әйелдің осы қорлығын, кемшілігін жойыу үшін Қазағыстан үкіметі заң шығарған. Ол заң бойынша, қалың мал құрайды. Көп қатын алыу жойылады. Әйелді зорлап күйеуге беріу бітеді. Бұл заң – қазақ әйелінің басына бостандық алып беретүн заң. Сол заң шыққан күнін Қазағыстан әйелі мйрам қылады. Сол мйрам күні – ғынуардың бір жаңасы.

VII. Есеп білдіргіш

(«Жасасын еңбек кітабынан»)

Метір өлшеуін Ресей неге алған.

Ресейде бұрынғы шақырым қадақ деп өлшейтін өлшеулердің кемістігі мол. Ол бұрыннан белгілі еді. Бұл өлшеулердің дұрыс негізі жоқ, байансыз еді, бұлар бұрын тұрмысқа әлде қалай кіріп кеткен қадақ, кездердің үлгісі Ленинградта «Палана» деген орында сақтаулы болады. Сол үлгілер жойыла қалса, қадақ кездерді қайтадан дұрыстап шығаруға тіпті келмес еді, онан соң бұл өлшеудің тағы бір кемшілігі – үлкен сан мен кіші санның арасы ылғый бірдей болып отырмайды. Мәселен, пұтта қырық қадақ бар, қадақта отыз екі лот бар, лотта үш мысқал бар. Бұларды санап-есептеу де қыйын. Жана өлшеулеріміз әр түрлі: қадақ, шелек, кез деген сыйақты. Бұлардың бір бірімен жақындығы жоқ. Қала берді қадақ, кез дегендерді жалғыз Ресейде ғана ұстайды. Басқа жерде жоқ. Басқа жерлер мен алыс-беріс болса біздің өлшеулерімізді басқаларға салыстырыу керек, бұған көп ұуақыт, күш босқа кетеді.

Сол кемшіліктер метір өлшеуінде жоқ. Метір өлшеуін шығарған өз заманындағы Пырансұз елінің ұлы есепшілері. Пырансұз үкіметі метір өлшеуін 1795 жылы қабыл еткен. Пырансійеден бүтін жер жүзіне тараған. Метір өлшеуінің артықшылы: 1) өлшеуші өзгермейді. Өлшеуішті ғылым табыйғаттан алған. Метір жердің екі төбесі арқылы айналдыра тартқан мірдіян деген сызықтың қырық міліон бөлімінің бірі; 2) өлшеуіш жалғыз ұуақ-ірілері басқа өлшеулері сол жалғыз өлшеуіштен шығады; 3) метір өлшеуінің үлкені кішісінен он, жүз, мың, – онан әрі де сондай үлкен болып отырады. Кішілері де үлкенінен он, жүз, мың – онан әрі де сондай кішірейіп отарады. Бұл санауға оңай.

Метірмен орыс өлшеулерін салыстыру.

Ұзындық өлшеулері		
Орыс өлшеулері	Метірге салғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Шақырым = 500 саржын	1067 метір	1,0668 кійлоиметір
Саржын = 3 кез = 7 пұт	2 метір жана 13 сантийметір	2,1336 метір
Кез = 16 бүршік = 28 дүйім	71 сантийметір	0,7112 метір
Пұт = 12 дүйім	30 сантийметір	0,3048 метір
Бүршік ...	4 ½ сантийметір	4,445 тсентиметір
Дүйім ...	2 ½ сантийметір	2,54 тсентиметір
Метір өлшеулері	Орысшаға салғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Кійлоиметір = 1000 метір	467 саржын	0,93383 шақырым
Метір = 100 сантийметір	22 бүршік	0,468 691 саржын
Сантийметір 10 міліметір	0,4 дүйім	1,40607 кез
Міліметір	Дүйімде 25 міліметір	3,8084 пұт
		0,224972 бүршік
		0,393701 дүйім
		0,039370 дүйім

Салмақ өлшеулері		
Орысша	Метірге салғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Пұут =40 қадақ ... Қадақ = 32 лот = 96 мысқал Лот =3 мысқал ... Мысқал ...	16 кійлоғырам 410 ғырам 13 ғырам 4 ғырам	16,380496 кійлоғырам 0,109512 кійлоғырам 12,797263 ғырам 4,265754 ғырам
Метір өлшеулері	Орысшаға аударғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Тонна = 1000 кійлоғырам Кійлоғырам = ғырам Ғырам	61 пұут 2 ½ қадақ 4 ғырам = 1 мысқал	61,048211 пұут 2,441928 қадақ 0,234425

Аудан өлшеулері		
Орысша	Метірге салғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Десетійне = 240 шаршы сажын Шаршы сажын = 9 шаршы Кез = 49 шаршы пұут Шаршы кез = 236 шаршы Бүршік =784 шаршы дүйім шаршы пұут = 144 шаршы дүйім	1 гектар 4,5 шаршы метір 0,5 шаршы метір 0,1 шаршы метір	1,09251 гектар 4,55225 шаршы метір 0,505805 шаршы метір 0,0929 шаршы метір
Метір өлшеулері	Орысша аударғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
1 гектар = 1000 шаршы метір 1 шаршы метір =1000 шаршы сантійметір	2200 шаршы сажын 1/5 шаршы сажын 2 шаршы кез 11 шаршы пұут	0,91593 десетійне 0,219672 шаршы сажын 1,97704 шаршы кез 10,7639 шаршы пұут
Көлем өлшеулері		
Орысша	Метірге салғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Тікшесаажын = 27 тікше кез = 343 тікше пұут ... Тікше кез = 4096 тікше бүршік =219 ½ тікше дүйім Тікше пұут = 1728 тікше дүйім Шетберіт = 8 шетберік Шетберік = 8 гарніс Гарніс = 200 тікше дүйім Шелек = 20 бөтелке = 750 Тікше дүйім ... Бөтелке ...	10 тікше метір 1/3 тікшеметір 36/1 тікшеметір 260 лійтір 26 лійтір 3 ¼ лійтір 12 ¼ лійтір 5 бөтелке = 3 лійтір	9,71268 тікше метір 0,35973 тікшеметір 0,02832 тікшеметір 20,0991 кектоліітір 26,236 лійтір 3,2798 лійтір 12,299 лійтір 0,61497 лійтір
Метір өлшеулері	Орысшаға аударғанда	
	Шамасы	Дәл салғанда
Гектоліітір = 100 лійтір Лійтір ... Тікшеметір = 100,000 Сантійметір ...	4 шетберік 1/12 шелек = 61 тікше дүйім 3 тікше кез	3,8112 шетберік 0,0813 шелек 2,7798 87 тікше кез

Қағаз өлшеулері

Ыстапа = 480 табақ = 20 десне.

Десне = 24 табақ.

Қағаздың жақсы-жаманын йа нөмірінен йа ыстапаның салмағынан біледі.

Мал тамағы.

Мал өсімдікті де жейді, сүт, айран, іркіт сыйақты жандықтан шыққан нәрселерді де жейді. Мал бізге тамақ әзірлейтүн мәшійне: біз жей алмайтүн шөпті мал жеп денесіне таратады. Малдың етін біз жейміз. Малдың өсімдік тамағы төрт түрлі:

1. Қомақты болмаса ірі тамақ. Мұнымыз шөп, пішен, салам, қойан сықылдылар.

2. Дәнді болмаса тығыз тамақ. Мұнымыз быйдай, сұлы, арпа сыйақтылар.

3. Түбір тамақ. Мұнымыз катор, кешір сыйақтылар.

4. Төгінді тамақ. Мұнымыз күнбағыс, кендір сыйақты нәрселерден май сығып шығарғанда қалған нәрселер. Ұн тартқанда шығатүн кебегі сықылдылар.

Мұнан соң малға ірбіз, поспұр қышқылы, тұз, сұу керек.

Мал тамағының ішінде бойға сіңетүн мына нәрселер болады: 1) Өзекті зат (ұуыз, май, қант сықылды заттар), 2) мыйнарал заты (күл), 3) сұу.

Тамақты жұғымды жұғымсызын, күшті күшсізін осы нәрселер йа аз йа көп болыуына қарай біледі. Тамақтың жақсы жаманын тамақ өлшеуішіне салыстырып біледі. Араластырған бір қадақ күшті тамақ өлшеуім болады.

Ол бір қадақ күшті тамаққа кіретүн $\frac{1}{2}$ қадақ бйдай тартқанда түсетүн кебек, $\frac{1}{3}$ қадақ күнбағыстан май сығып шығарғанда қалатүн нәрсе; $\frac{1}{5}$ қадақ ұн, міне осы үш нәрседен тең құралған бір қадақты тамақ өлшеуіші дейді. Төменде әр шөптің малға жұғымдылығын салыстырып көрсетеміз. Салыстырғанда тамақ өлшеуішін жүз қадақ аламыз. Жүз қадақ тамақ өлшеуішіне тары топаны – 32, бйдай топаны – 40 тамақ өлшеуіші деп көрсетілген. Ондай сандарды жоғарғы тамақ өлшеуішінің бір қадағына тұрмайды. Тек 0,32, 0,42 бөлімдеріне тұрады деп түсініу керек.

Мал тамағының аты	Тамақ өлшеуші	Мал тамағының аты	Тамақ өлшеуші
I Жасыл шөп күйінде тұрғанда		V түбірі	
Ең жақсы жайылым шөбі	21,7	Орташа картоп түбірі	31,5
Тәуір жайылым шөбі	18,4	Сұлы картоп	
Гүл шашар алдындағы орташа тоғай шөбі	21,5	Кепкен картоп	
Қолдан суарылатын тоғай шөбі	16,2	Кешір	
Гүл шашар алдындағы қызыл жоңышқа	15,9	VI дән күйінде	
